

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№2 (4000), 16 қаңтар, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

● ЖАҢА СӨЗ



«Күннен жаралған ел»

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының Төрағасы,
Ұлттық Құрылтай мүшесі

Әр халық тарихта өзін географиялық аумағымен немесе саяси атауымен ғана емес, дүниетанымын айқындайтын өркениеттік формуламен танытқан. Бұл – өзін өзгеден айрықшалап тұратын бейнелі атау, рухани код. Мәселен, Грекияны ежелден «Эллада», Канаданы «Үйеңкі жапырағының елі», Кореяны «Таң самалы елі», Қытайды «Аспан асты елі», Ұлыбританияны «Тұманды Альбион», Финляндияны «Суоми» деп атайды. Бұл мемлекеттер осылайша өздерін мифке, фольклорға, тарихи, рухани шежіреге негізделген бөлек мәдени әлем ретінде көрсетіп келеді.

Осы логикамен қарағанда, Қазақстанды дәл сондай, мағыналық тереңдігі бар «Күннен жаралған ел» («Күн елі») деп атауға әбден болады. Бұған тарихи да, географиялық та, рухани-мәдени де негіз жеткілікті.

Қазақ – ежелден еркіндікке, биікке, одан әрі Күнге қол созған халық. Басқасын айтпағанда, мемлекеттік рәміздеріміздің өзі де осы идеялық желіні жалғайды. Тудағы алтын Күн – өмір мен өсімнің, үміт пен болашақтың нышаны. Қыран – еркін рух, ал Күн сол еркіндіктің жарыққа, бейбіт өмірге бағытталғанын білдіреді.

Классик ақын Жүмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазылған Әнұран да осы дүниетанымды поэтикалық деңгейде бекітеді:

«Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы...»

Бұл – Күн мен Даланың, жарық пен еңбектің үйлесімінен туған ұлттық формула.

Күн бейнесі қазақ әдебиетінде ежелден бері тұрақты концепт ретінде қалыптасқан. Қа-

раңғылыққа қарсы күрес идеясында Сұлтанмахмұт Торайғыров:

«Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда, кім болам?»

– деді. Бұл, шын мәнінде, жеке ақынның емес, тұтас ұлттың ояну серті еді.

Ал Мағжан Жұмабаев поэзиясында Күн тұтас философиялық жүйеге айналды. Ақын өлеңдерінде Күн – ғаламның орталығы, рухани жылудың, оттың, қозғалыстың көзі. Ол өзін Күнге теңейді, кейде Күннен туған ұл ретінде ұлт атынан сөйлейді:

«Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам».

Ақын үшін Күн – тек аспан денесі емес, әрекет ететін, күресетін, халықты оятатын рух. Сондықтан ол: «Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар» деп, қоғамдағы қараңғылықпен күреске шақырады.

2-бет →



«КҮННЕН ЖАРАЛҒАН ЕЛ»

(Басы 1-бетте)

Байқасақ, Мағжан поэзиясында «Күн» сөзі ондаған өлеңде қайталанып, эпитет, метафора, символ деңгейінде қолданылған. Бұл — кездейсоқтық емес, тұтас дүниетаным. *Ерте күнде отты Күннен гун туған, Отты гуннен от боп ойнап мен туғам, Жүзінді де, қысық қара көзімді Туа сала жалынменен мен жуғам.*

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар, Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар, Мен келемін, мен келемін,

мен келем —

Күннен туған,

Гуннен туған пайғамбар...

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар, Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы.

Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің: «Күннің өзі ұясына

Қимай оны батады екен», — деп Атамекенді ұлықтауының өзі не тұрады?!

Менінше, Қазақстанды осынша мағыналық тереңдігі бар «Күннен жаралған ел» («Күн елі») деп атауға әбден болады.

Өйткені, ең алдымен, қазақтың дүниетанымында Күн — өмірдің, жылудың, жарықтың бастауы. «Күн көріс», «күндей жарқыра», «күнім менің» деген тіркестердің өзі халқымыздың Күнді тіршіліктің өзегі ретінде қабылдағанын көрсетеді. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабамыз табиғатпен етене өмір сүріп, Күннің қозғалысын уақыт өлшемі, бағыт-бағдар, тіршілік ырғағы ретінде таныды. Таңның атуы — жаңа үміттің, күннің батуы — сабыр мен тәубенің белгісі болды.

Екіншіден, Қазақстанның географиялық кеңістігі де бұл атауға толық үндес. Ұлан-ғайыр дала, шексіз көкжиек, жазиралы жазықтар — күн сәулесін бөгейтін ештеңе жоқ кеңістік. Қазақстан күн сәулесі мол түсетін аймақтардың қатарында. Күннің аптап ыстығы мен мейірімі қатар сезілетін бұл далада тіршілік те, мінез де ашық, кең, еркін қалыптасты. Қазақтың дарқандығы, кеңпейілділігі,

қонақжайлығы — осы күн нұрына шомылған кеңістіктің мінезі.

Үшіншіден, түркілік мифология мен көне дүниетанымда Күн айрықша мәнге ие. Ежелгі түркілер Күнді киелі күш деп танып, оны өмір сыйлаушы құдірет ретінде құрметтеген. Күн бейнесі көне таңбаларда, ою-өрнектерде, зергерлік бұйымдарда жиі кездеседі. Бүгінгі Қазақстанның Мемлекеттік Туындағы алтын Күн — жай ғана символ емес, елдің өмірге, жарыққа, болашаққа ұмтылған рухын білдіретін терең мағыналы белгі. Қыран құспен қатар бейнеленген Күн — еркіндік пен биіктіктің, нұр мен қуаттың көрінісі.

Төртіншіден, қазақ тарихындағы талай қиын кезеңдерден елді аман алып шыққан да «күннен жаралғандай» өміршең рух. Ашаршылық, зұлмат, соғыс, бодандық — осының бәрін бастан өткерсе де, халық еңсесін түсірмей, қайта жаңғыра білді. Бұл ішкі нұрдың, өшпейтін күн сәулесінің бар екенін дәлелдейді. Қазақ рухы қашан да қараңғылықтан жарыққа ұмтылды.

Сондықтан Қазақстанды «Күннен жаралған ел» («Күн елі») деп атау — әсірелеу емес, тарихи және рухани шындыққа негізделген тұжырым. Бұл атау халқымыздың табиғатпен үйлесімін, өмірге құштарлығын, болашаққа сенімін бейнелейді. Күн қалай әр таң сайын қайта шығып, жерді нұрға бөлесе, Қазақстан да әр кезеңде жанарып, жарқырап, өз жолын таба беретін ел.

«Күннен жаралған ел» («Күн елі») ұғымы: ешкімге қарсы емес; үстемдік пен империялық пиғылдан ада; бейбітшілікке, келісімге, гуманизмге негізделген.

Күнделікті сан құбылып, аумалы-төкпелі сипат ала бастаған ғаламдық геосаясат тұрғысынан да ядролық қарудан бас тартқан, өркениеттік диалогты тандаған Қазақстан үшін бұл — моральдық тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да үйлесімді бейне деп есептеймін.

Күн астында туған халық қараңғылықтан емес, жарықтан қуат алады және жарыққа қарай жол салады. Бұл — саналы тандау.

ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Кітапхананың салтанатты түрде ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Нүкенов, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы М.Құлкенов, ақын Ұ.Есдәулет, жазушы, публицист Б.Ғабдуллин және тағы басқа зиялы қауым өкілдері мен жас ақын-жазушылар, кітапханашылар мен қала тұрғындары қатысты.

Жаңа кітапхана заманауи талаптарға сай жабдықталып, компьютерлік залдар, тыныш оқу аймақтары, шығармашылық кездесулерге арналған кеңістіктер қарастырылған.

Сонымен қатар Брайль бағдарламалары мен дыбыстық интерфейстермен жабдықталған арнайы жұмыс орындары бар.



Қорында 20 мыңға дейін кітап жинақталған кітапхана қаланың мәдени инфрақұрылымын дамытудың маңызды нысанына айналмақ.

Кітапхана Құлболды көшесі, 1/2, 2-корпус мекенжайында орналасқан.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ



ҚР Ұлттық кітапханасында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы жанындағы Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесінің ұйымдастыруымен «Балалар әдебиеті: креативті индустрия, имидж, бренд» тақырыбында панельдік сессия өтті.

Алқалы жиынды Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Төрағасының орынбасары, жазушы Бейбіт Сарыбай ашып, балалар әдебиетінің бүгінгі даму үдерісіне тоқталды. Ол бұл жанрлық кеңестің Жазушылар одағы аясындағы ең белсенді құрылымдардың бірі екенін атап өтіп, кеңестің бұған дейін бастамасымен жүзеге асқан «Дарабоз» халықаралық байқауы қазақ балалар әдебиетіне тың серпін бергенін айтты. Аталған конкурс көптеген көлемді көркем шығармалардың жазылуына жол ашып, жас қаламгерлердің танылуына ықпал еткенін ерекше атап өтті.

Мазмұнды жиынға еліміздің түкпір-түкпірінен келген балалар және жасөспірімдер жазушылары, әдебиеттанушылар мен мәдениет өкілдері қатысты. Панельдік сессия барысында қазақ балалар әдебиетінің бүгінгі даму бағыттары, креативті индустриямен байланысы, кітаптың имиджі мен брендке айналу мәселелері кеңінен талқыланды.

Іс-шара аясында «Балалар әдебиетінің бағандары» сериясымен жарық көрген Өтепберген Ақыпбекұлы, Токаш Бердияров, Бейбіт Қойшыбаев, Серікбай Оспанұлы, Нұрдаулет Ақыш және Бейсебай Кірісбайұлына арналған портреттік-естелік еңбектер көпшілікке таныстырылды. Сонымен қатар, «Балалар кітапханасы» топтамасы аясында белгілі жазушылар Қуандық Түменбай мен Сәуле Досжанның жаңа кітаптарының тұсаукесері өтті.

Жиын барысында жанрлық кеңес төрағасы Елдос Токтарбай кейінгі бес айда атқарылған жұмыстар жөнінде есеп

беріп, балалар әдебиетін жүйелі түрде мониторингтеу, жас авторларды қолдау және көркемдік-сапалық деңгейін арттыруға бағытталған бастамалардың нәтижелері мен алдағы жоспарларымен бөлісті. Атап айтқанда, республиканың әр өңіріндегі балалар жазушыларының бірыңғай базасы жасақталып, шығармашылық портреттерін қалыптастыру мақсатында фотосессиялар ұйымдастырылғаны айтылды. Сондай-ақ, Елдос Токтарбай БАҚ беттерінде балалар әдебиетіне арналған мақалалар мен теле-радио сюжеттер тұрақты түрде жарияланып жатқанын тілге тиек етті.

Жиын барысында Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай балалар әдебиетіне ұзақ жылдар бойы сүбелі үлес қосып келе жатқан бірқатар қаламгерге және жас қаламгерлерге Қазақстан Жазушылар одағының мүшелік куәліктерін табыстады. Атап айтқанда, Дүйсенбек Мағлұмов, Бағдат Мәжитов, Бағдат Айтмұқаева, Адина Жүсіпова, Мира Сембайқызы, Ерженіс Тастыбай Әбді, сондай-ақ жас қаламгерлер Жақсылық Мұратбек пен Мұхаммед-Қанапия Шарханұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Сондай-ақ Бейбіт Сарыбай Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Әбдешұлының балалар әдебиеті бағытын жандандыру мақсатында жанрлық кеңес төрағалығы сенімін Елдос Токтарбайға тапсырғанын айтып, соңғы бес айда атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Панельдік сессия барысында осы кезеңде жүзеге асқан бастамалар қорытындыланып, алдағы жоспарлар ортаға салынды.

Панельдік сессия қазақ балалар және жасөспірімдер әдебиетінің рухани картасын жаңғыртып, дәстүр мен жанашылдықтың тоғысындағы өзекті идеяларды ортаға салған маңызды мәдени диалог алаңына айналды.

Қазақстан Жазушылар одағының Баспасөз қызметі

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ҮЗДІК ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ VI республикалық байқауы туралы ереже

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қостанай облысының әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облыстық филиалы бірлесе отырып, Ы.Алтынсарин атындағы республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізеді.

Байқауды өткізуге арналған шығындарды қаржыландыру Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы және кинобейнекор орталығы» КМҚК қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

1.2. Балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік әдеби шығарма байқауы туындылары қазіргі өмірдің өзекті шындығын және психологиялық, адамгершілік, әлеуметтік мәселелердің оң шешімін суреттейтін авторларды іздеу және таныстыру мақсатында өткізіледі.

Байқаудың міндеттері әлемді тануының өнімді тәсілі ретінде өскелең ұрпақтың оқуға деген қызығушылығын ояту; отбасылық оқуды қалыптастыруға кітап сатушы ұйымдардың, кітапхана жәрдемдесу; баспагерлердің, қызметкерлерінің, оқырмандардың, ата-аналардың назарын қазақстандық авторлардың шығармаларына аудару болып табылады.

1.3. Байқауға ел аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

1.4. Байқау жылына бір рет өткізіледі. Ақшалай сыйлық екі номинация «Қазақ тілінде балалар және жасөспірімдерге арналған үздік әдеби шығарма» және «Орыс тілінде балалар және жасөспірімдерге арналған үздік әдеби шығарма бойынша мектеп жасындағы балаларға арналған қазақстандық автордың үздік прозалары шығармасы үшін беріледі. Ақшалай сыйлықты табыстау Ыбырай Алтынсариннің туған күніне орайластырылады.

1.5. Байқауды қолдауға оның ережесінің негізгі тармақтарына сәйкес ұйымдар мен жеке тұлғалардың қатысуына рұқсат етіледі.

2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. Байқауды дайындауды ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі *Ұйымдастыру комитеті*) жүзеге асырады, оның құрамын Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы бекітеді. Байқау өткізуді Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» КММ жүзеге асырады.

2.2. Байқауға бұрын кітап басылымы түрінде жарияланбаған балалар мен жасөспірімдерге арналған көркем прозалық шығармалар қабылданады. Байқауға ұсынылған туындының жарияланғаны туралы жалған мәлімет анықталған жағдайда, ұйымдастыру

комитеті қазылар алқасының шешімін бұзуға және ақшалай сыйлықты қайтаруды талап етуге құқылы. БАҚ-та жарияланған (баспа немесе электрондық) туындыларға рұқсат етіледі.

Байқау жұмыстарының тілі қазақ, орыс. Жанрдың формалары роман, повесть, пьеса, әңгімелер, ертегілер кітабы (*әңгімелер немесе ертегілер жинағы біртуынды ретінде қарастырылады*).

2.3. Бір автордан бір ғана қолжазба (*авторлық әңгімелер немесе ертегілер жинағын қоса алғанда*) қабылданады. Өлең түріндегі пьесалар мен романдар қабылданбайды.

2.4. Байқауға ұсынылған туындыларды сарапшылар кеңесі мен қазылар алқасы қарайды. Сарапшылар кеңесі байқауға ұсынылған туындыларға алдын ала сараптама жүргізеді, шорт-парағын жасайды.

2.5. Ұйымдастыру комитеті шорт-парағына енген жұмыстарды бақылау үшін құрамына жазушылар, филологтар, баспагерлер, кітапханашылар, ұстаздар кіретін әділ қазылар алқасын құрады.

Байқау шеңберінде ұйымдастыру комитеті құратын мектеп жасындағы оқырмандар арасынан балалар қазылар алқасының жұмысы назарға алынады.

2.6. Байқауға қатысушылар мен олардың туыстары сарапшылар кеңесі мен қазылар алқасының мүшелері бола алмайды.

2.7. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы екі жеңімпазды анықтайды және қосымша номинациялар, арнайы сыйлықтар тағайындау құқығын өзіне қалдырады.

2.8. Балаларға қазылар алқасы жұмысының қорытындысы бойынша бір арнайы жүлде тағайындалады.

2.9. Байқау жеңімпазына және арнайы жүлде иегерлеріне диплом мен ақшалай сыйлық табыс етіледі. Сыйлық мөлшерін Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы анықтайды. Байқауда берілетін сыйлықтардың барлық сомалары ҚР қолданыстағы белгіленген салықтар мен алымдарды қамтиды. Сыйақы жеңімпаздарға марапаттау рәсімі өткізілгеннен кейін күнтізбелік бір ай ішінде заңнамасымен төленеді.

2.10. Егер жеңімпаз автор бірнешеу болса, сыйақы авторлардың арасында тең үлеспен бөлінеді.

2.11. Байқау қорытындысы бойынша байқаудың қысқа тізіміне енген шығармалар жинағы шығарылады.

3. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Жұмыстар байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі тиіс.

3.2. Зорлық-зомбылықты, нашакорлықты, криминалдық өмір

салтын, ұлтаралық араздықты, агрессиялық мінез-құлықты насихаттайтын жұмыстар байқауға қатысуға жіберілмейді.

3.3. Туындылардың көлемі 1 авторлық парақтан кем болмауы тиіс (*1 авторлық парақ бос орындары, тыныс белгілері, символдары бар 40 мың белгі, бұл шамамен А-4 форматындағы 22 бетті құрайды, кегль 14*). Суреттер құпталады, бірақ олар шығарманың талап етілетін көлеміне кірмейді.

3.4. Байқау талаптарына сай келмейтін жұмыстарды сарапшылар кеңесі қарамайды.

3.5. Авторларға рецензиялар мен пікірлер жіберілмейді.

3.6. Байқау жұмыстары қайта қайтарылмайды.

3.7. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушылардың авторлығын сақтай отырып, қаламақы төлемей, байқау қорытындысы бойынша байқауға ұсынылған жұмыстарды БАҚ-та, жинақтарда жариялау құқығын өзіне қалдырады.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

4.1. Байқау 2026 жылдың қаңтары мен қазан айлары аралығында өткізіледі.

4.2. Байқауға қатысу үшін қатысушылар өтінімді және жұмысты қағаз немесе электрондық форматта 2026 жылдың 16 наурызына дейін ұйымдастыру комитетіне жібереді. Өтінімге электрондық форматтағы байқау жұмысы қоса беріледі.

4.3. Өтінім және байқау жұмысы e-mail: info@allib.org электрондық пошта мекенжайына немесе 110000, Қостанай қаласы, Қасымқанов көшесі, 74, Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» КММ, тел: 8(7142) 54-27-44 мекенжайы бойынша жіберіледі.

4.4. Материалдардың толық пакеті болмаған жағдайда, сарапшылар кеңесі байқау жұмыстарын қарамауға құқылы.

4.5. Автор жұмыстарды қабылдауды аяқтау күнінен кешіктірмей, өзінің қолжазбасын байқауға қатысудан қайтарып ала алады.

4.6. Шорт-парақ 2026 жылдың 31 мамырынан кешіктірілмей жарияланады. Шорт-парақ кітапхана сайтында <https://allib.kz> жарияланады.

4.7. Байқау жеңімпаздары марапаттау рәсімінде жарияланады. Марапаттау рәсімін өткізу күні мен орны туралы ақпаратты ұйымдастыру комитеті қосымша хабарлайды. Байқау қорытындысы жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өткізілгеннен кейін <https://allib.kz> кітапхана сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.



Қазақстан Азия құрлығындағы ең ірі әдеби алаңдардың бірі саналатын National Book Fair Delhi 2026 халықаралық кітап көрмесіне қатысып, ұлттық әдебиетті әлемдік оқырманға кеңінен таныстыруда.

NATIONAL BOOK FAIR DELHI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Халықаралық кітап көрмесі аясында Қазақстанның ұлттық экспозициясы ұйымдастырылып, онда қазақ халқының бай әдеби мұрасы, классикалық және заманауи қазақстандық авторлардың шығармалары, сондай-ақ елдің тарихи-мәдени және рухани құндылықтарын таныстыратын кітаптар ұсынылды. Көрмеге келушілердің қарасы қалың. Қатысушылардың айтуынша, қазақ әдебиетіне, әсіресе жастар тарапынан қызығушылық жоғары.

Экспозиция аясында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Сайын Мұратбеков, Дулат Исабеков сынды қаламгерлердің шығармалары көпшілік назарына ұсынылған.

Көрме барысында қазақстандық әдебиеттің даму үдерістеріне арналған кәсіби кездесулер, тақырыптық пікір алмасулар, сұхбаттар мен әдеби таныстырылымдар өткізілуде. Мұндай басқосулар халықаралық әдеби байланыстарды нығайтып, көркем аударма мен баспа ісі саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге жол ашып отыр.

Іс-шара аясындағы маңызды мәдени оқиғалардың бірі – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» хинди тіліне аударылған басылымының таныстырылымы болды.

Осылайша, Қазақстанның National Book Fair Delhi 2026 халықаралық кітап көрмесіне қатысуы қазақ әдебиетін халықаралық мәдени кеңістікте ілгерілетуге, әдебиет арқылы халықтар арасындағы рухани байланысты күшейтуге және мәдени дипломатияны дамытуға маңызды үлес қосып отыр.

Аталмыш көрме 18 қаңтарға дейін жалғасады.

Қазақстан Жазушылар одағының Баспасөз қызметі

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Туғанына 90 жыл толған үлкен жазушы Медеу Сәрсекенің таңдамалы прозасының I томына енген «Жетінші толқын» және «Көрінбестің көлеңкесі» атты қос повесінде фантастикалық элементтер тәрізді деректердің өзегі ғылыммен бітеқайнасуымен тартымды. 1960 жылдары жазушының әдебиетті ғылыммен байланыстыруының бір қыры оның жоғары инженерлік білімінен бастау алады. Кейіпкерлер автор жүріп өткен жолдарды басып өтеді, сондықтан басы артық баяндау, сөз бұйдалау жоқ, көркем проза қиялмен қанаттаса қабысатын реализммен шебер қиюласқан.

«Жетінші толқын» атты повестің бас кейіпкері аса жұмбақ болуымен баурайды, оның кім екені қиялай шапқандай біртіндеп, сатылап ашылады. Оның әуелгі болмашы дерегін студент Қайсар Қайнаров дипломдық жұмысын қорғауға қажет зерттеу ескі баспасөз бетінен тауып алады. Арқада ісмерлік өнерімен танылған Шынтас деген жасөспірім туралы очерк жариялаған, мұны жазған адамның бүркеншік аты — Дәусабан. Ол мұны ерекше қабілетті жас Шынтастың ары қарай білім іздеп, үлкен жолға түсуі үшін жанашырлықпен жазған екен. Кездейсоқ ештеңе жоқ, Қайсар біртіндеп осы іске тартылды. Үздік студент ретінде оның Балқанға жолы түсті, тау үңгіріне саяхат хорват шалы Вацлав Мирзеге кезіктірген. Дәусабадан жылға тәрізді басталған тарих сыры Ұлы Отан соғысының беймәлім қаһарманы Чингисты ашты. Ол 1944 жылы қыста Балқанда қоршауда қалған партизан тобын ажалдан құтқарып, мүмкін еместі жасап, тас үңгірді түбінен тесіп шығады. Лазерлік қондырғымен ескі өркениет онтүстік-шығыс елдерде тас тілгеніне архитектурасы керемет храмдар айғақ. Тау үңгірін тесіп шығу фантастикалық элемент сияқты сезілгенімен жазушы мұны ширатып әкеп шындыққа балайды. «Әлдеқандай бір ғажайып жаракпен адам айтқысыз бүлдіру жасаған... Оны фашист әскері де біліп өкшелей қуған... Партизан атанған топтың ішінен соны ғана ұстауды қалапты? Не үшін? Әрине, құпия өнерін иемдену үшін...»

Энергия қуатын ешқандай өткізгішсіз алысқа жеткізе білген, өз ортасында Чингис атанған кейіпкер электропайызды минасыз, снаряд, бомба тастамай-ақ құлатқан. Кванттық физика қазір жұмбақ құбылыс емес, мамандардан бөлек, көпшілік қауым да бірдеңе біліп қалғандай. Күн культы, солярлық мифтер, Архимед жау кемесін күн сәулесін бір нүктеге шоғырландыру арқылы өртеді. Күн энергиясы, жылу

Алыпты алып қана арқалай алады. Абайдай данышпаңды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын Медеу Сәрсекке ұлықтады. Юнеско жариялаған дерекке қарағанда. Оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты. Бұл болса, заңғар ғалымның есімін туған жұртында айтқызбай жүрген кешегі кереғар заманда Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс. Сол тақырыпты отыз алты жыл бойы жалғыз арқалаған қайсар жазушы ұлы тұлғаның дүниежүзі тойлап отырған 100 жылдық мерейтойына «Қаныш елі», «Қазақтың Қанышы» атты жаңа туындыларымен келіп отыр. Ұлтымыздың ұлы перзенттерін ұлықтаудың үлгісі осындай-ақ болар...

Ә. Нұршайықов,

Қазақстанның халық жазушысы, 1980 жыл

қасиеті, Никола Тесла есімі повесте бар. Чингистің сенімді серігі поляк инженері Станислав Ерковский де — қаһарман, Отан үшін құрбан болған ер. Шынтас пен Станислав сұмдық қуатты жарылыстан контузияға ұшырайды, поляк есі ауысқандай жаны қиналса, Шынтас — өзінің кім екенін танымайтын, есімін білмейтін, жадын мүлде жоғалтқан мүгедек. Соғыс кескіні осындай.

Шынтастың уәделескен қалыңдығы Аккыз тағдыры арқылы аштық тақырыбы козғалады. Ғылыми трактат сияқты берілген текст тартымды, физика, химия, жаратылыстанудың қасиетін мейлінше уағыздайды. Шынтас ауылда өсіп, табиғи қабілеті арқасында ұсталық механизмді қисынын келтіріп жасайтыны әсірелеу емес, талай ауыл баласының кеудесінде бұлқынған

дарындылық феномені болатын.

Медеу Сәрсекке таудай тұлғасын жарты әлемге асырған Қаныш Сәтбаев Чингис-Шынтасқа прототип болған сияқтанды. Өркениеттен алшақ жатқан сауаты аз ескі қазақ ауылында өскен қазақ балаларының оқу-білімге құлшынысы, интеллектуалдық әлеуеті, күш-жігері, ғалымдық қуаты ұқсас. Әдегеннен шешуі күрделі көрінген жігіттің жұмбақ тағдыры қызықтырып, оқырман зейінін түгел билеп, ынтықтырып қояды. Ол туралы деректер шым-шымдап, жер астынан шығып жатқан тас бұлақтың суындай шымырлап шығып жатыр. Сонау Югосло-

ертен бұл өңірде өмір біржола тоқтайды...

— Өмір тоқтаған жердегі өсімдік атаулы қурап күлге айналады; жаңбыр тамшысы жерге түспей жоғарыда кеуіп, бу болып ұшады; бұлақтар, жайдақ сулар, көл біткен тегіс тартылады; жапырағы жайқалған ағаштар, желкілдеген шілік-талдар кутомар боп семеді; азықсыз қалған мал, малсыз қалған ел Кенбідей шұрайлы өлкені тастап қиянға көшеді; өсімдіктен жұтаған Кенбі баурайы бірте-бірте құмайт далаға, одан қу медіен шөлге айналады...»; «Ауаға тараған күкіртті газдың мөлшері көбейе түсті, — деп жариялады бір сәтте геолог»; «Газ.

«Ауаның қызуын дәл білмесе де геологтың кәнігі көзі күйікке айналған өсімдіктерді, ағаш, бұта қалдықтарына қараған сайын жаны түршігіп келеді. Иә, комбинеzonсыз жағдайы қиын болар еді». Повесть кейіпкері Тұрардың бұл жерді «Жанартау жайлаған сормандай аймақ» деп атауы да тегін емес. Негізгі кейіпкерлер — ғалымдар, ауа райын бақылаушы синоптик тобы.

Геолог образы қандай дәл: «Ернеуі мұжылған, қаттырақ басып еді шатынап кетті. «Жер бетінің тасы былай сынбайды. Тереннен келген қазына бұл... Қалдырып кетуге көзі кимай бір сынығын арқасындағы

Ғылыми-фантастика жанрын жандандырған жазушы



вия жерінде фашистерге қарсы әрекет еткен қазақ жауынгері туралы ақыры повесть жазып шыққан студент Қайнаров. Автопортрет. Медеу аға — Қайнар ауылының тумасы, таза бұлақ басында туған. Кейіпкер табиғатын ашу үшін жазушы эпистолярлық үлгіні шебер қолданған, хат, күнделік түріндегі жазбалар үзінді фрагмент, деталь атаулы кішкентай болса да қара нар сияқты ауыр жүк көтерерін танытатын даусыз.

«Көрінбестің көлеңкесі» атты повесінде жазушы ғылыми-фантастикалық сипатқа кіріктіріп мистика, аңыз қосады. Оның түбі реализм және табиғи құбылыспен астасқан ғылым болып шығады. Герберт Уэллс 1897 жылы жариялаған «Көрінбейтін адам» атты фантастикалық роман жадқа түседі. Екеуін ұқсас тәріздендірген атауы ғана.

«Көрінбестің көлеңкесі» — бұл енді оксюморон, кері мағыналы қос сөздің тіркесі халық санасында аңызға айналған ұғым.

...Медеу Сәрсекенің «Жарылыс» романы зауыт адамдарының өмірін көрсетуге арналған, тек ол жаңағы сипаттағы шығармалардан мүлде бөлек сарында жазылған. Өзі де инженер-металлург автор өндіріс құпиясына бойлай еніп, әріптестері бейнесін нанымды сомдайды. «Жарылыс» — күрделі қақтығысқа құрылған шығарма. Технологиялық процесті көрсетудің қиындығына, зауыт тынысын сипаттаудың күрделілігіне қарамастан, роман жеңіл оқылады. Бұл — да қаламгердің сөзсіз табысы.

Ғ. Мүсірепов, Социалистік Еңбек Ері, «Литературная газета», Мәскеу, 1982 жыл

Күкірттің мөлшері ерекше көбейді. Ауаның құрамы дем алуға жарамсыз...» деген жазу экранға түсті; «Сол сәтте қарсы алдынан төбесі жұлым-жұлым болып күлтелеген тау жотасы көрінген. Бергі бет — өрт орнындай қап-қара күйік, ал құзар үсті алабұртқан ақ тұманға оралған. Сәлден соң-ақ іштегілер оның тұман емес, лапылдаған от белдеуі екенін аңғарды. Бүкіл тау үсті жанып жатқандай. Әр тұста ойдым-ойдым емес, жолындағыны сыпыра жайпап келе жатқан өртке де ұқсамайды, сұмдығы — бір орында үздіксіз лапылдап, әлдеқайдан сарқылмас күш-қуат алып тұрған жойқын алау».

Подтекст айқын, мына суретте Дегелең тауы ғой расында! Мұның бәрі Семей топырағы, Абыралы, Абай елінің басынан кешкен азабы, 40 жыл ядролық жарылыстан көз ашпаған елдің қиянаты болатын. Сол кезде Абыралы ауданын таратып, Абай ауданына қосқанын автор тұспалдап отырғаны айдан анық. Полигон аймағында туып-өскен Медеу Сәрсекке үшін бұл — өте ауыр тақырып. «Енді жазу жазбаймын, осымен қойдым», — деп айтса да, жасы ұлғайған лапытта Медеу аға үш жылын сарп етіп, бүкіл деректерді қопарып, «Семей полигоны» атты деректі кітап жазып, үш тілде жарыққа шығарды. Бұл кітап — қазақ халқының басына ауау болып тиген, Арқа жерін ойрандаған полигон трагедиясы әрі энциклопедиясы. Вулкан, ол бірақ жазушы суреттеуінде полигонға ұқсайды. «Айдаһар тілі дегені әншейін екен, дамылсыз жалын құсып, от түкіріп жатқан ғаламат бір мақұлық демесе шара жоқ. Әлде қоқыс пен түтінді бумен араластыра дамылсыз атып тұрған жанартау ма, жоқ, қисапсыз от бұлағын төккен лава ма?! Айыру қиын, әйтеуір табан астыңды солқылдатып жер тітіреткен жойқын күш». Немесе термокомбинеzon киіп келе жатқан геолог Иван Трофимович көзімен көрген көрініс:

тудырғандай.

— Көрінбестің көлеңкесі! Әнеу күні де осылай көрінген. Дәл өзі! — деп даурыға айқайлады Рақыш, сірә, құбыжық көлеңкені қайта көру оған ерекше әсер еткен тәрізді. — Қазір ол зым-зия жоқ болады...».

Кенбі жақтан салан еткен қара жолақ, құпияның шешуі: «Түткіылдан тап болған ыстық себебі — жанартау; оның өтімді қызуын таратушы — жел; ал сол желді бір бағытқа тұрақты айдап тұрған — өзі қазір паналап отырған тастың астындағы тараң қуыс»; «— Кенбі жанартауы кей уақ от емес, қарақошқыл газ атады. Бір емес, бірнеше жүз метр биікке. Әмбе онда қозғалу, орын ауыстыру жоқ, тік шанышылады. Ал Күн мен Жер үнемі айналыста. Кешке таман күн көзі жанартаудың ту сыртына шығады».

Медеу Сәрсекке техника, ғылым-білімді уағыздайды. Оның уақытында ауыл балаларының дені мұғалім және дәрігер болуды мақсат ететін. Адамды жұратыны жеткізер шынайы қуат-күш арман-қиял екені ақиқат. Кемел сондай қияли бала, кітапты көп оқиды, Рақыш досы екеуі — болашақ ғалымдар.

Медеу Сәрсекке — «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен Мәскеуден үш роман шығарған ірі суреткер. Медеу ағаның «ЖЗЛ» арқылы төртінші кітап жазғысы келгенін көп жұрт біле бермеуі мүмкін, Мұхтар Әуезовті пір тұтып, ғұмырнамасын жазуға ниеті болған. «Жетінші толқын» повесінде Мұхтар Әуезов және оның «Абай жолы» романын журналист Қайсар Қайнаров бірнеше рет оқығанын келтірген. Медеу аға өмірлік принциптерден айнымайтын, жалтақтауды, жағынуды, құбылуы білмей өтті. Айзек Азимов ғылыми фантастика жанрын реалды өмір шындығынан басы ауып, қияли дүниеге қашу емес, керісінше, шындық өмірге келу деп түйіндеуде ғажап әрі шынайы идея жатыр.

Мен 80 жас мерейтойыма байланысты Қызылордаға барып қайттым. Абыр-дабыр, у-дуда көпшілікпен кездесіп, әңгімелесе жүріп өз ықыласыңмен іздейтін кісілерің де болады. Тіл-әдебиетінің маманы, бұрын Жаңақорған ауданында басшылық қызметтерде болған Зейнайдин Шермағанбетов деген ағамыз көрінбеген соң сұрастырғанымда, ол кісінің науқастанып жатқанын айтты. Ол белгілі ақын Әскербек Рахымбековтің курстасы болатын. Үшеуміз кездескенде әдебиет жайлы, өмір жайлы шүйіркелесетінбіз. Әскербек ақын дүниеден озғалы Зекеңді де кездестірген емеспін. Осы себептен болар Алматыға оралаған соң да Зейнайдин ағаны ойымнан шықпай, ол кісінің кіммен араластығы болуы мүмкін дегенде, есіме сатирик ақын Нұрмахан Елтай түсе кеткені. Нұрмаханның өзін де, шығармашылығын да жақсы білгендіктен және бұрын да хабарласып тұратын болғандықтан бірден телефон соқтым. Ол Зекеңнің денсаулығын хабардар етіп тұрып, «өзім де сізге телефон соғуды ойлап жүр едім» дегені. Айтар шаруасын сұрағанымда, ол Қызылордада тұратын Жолдасбек Ақсақалов деген журналист туралы айтты. «Некрасов деген жазушының романынан үзінді аударған екен, соны еш жерге жариялата алмапты. Жақында сіздің Қызылордада болғаныңызды біліп, «сол кісіге берсек бола ма, бәлкім, сол кісі түсінер еді. Өйткені Тынымбайдың осындағы ақын досы Әскербек Рахымбеков тірі кезінде осы үзіндіні оқып қолдаған еді», – депті. Біздің білетініміз бір-ақ Некрасов қой, заманында «Наш современник» атты әдеби журнал ашып, өмірінің соңына дейін өзі бас редакторы болған. XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің тарихында ол журналдың да, Некрасовтың да атқарған істері айрықша екені дү-

ниежүзі әдебиетшілеріне белгілі жайт. Сүйсініп айтар аңыз десе де болғандай. «Бірақ ол Некрасов ақын еді ғой. Бұл арадағы романы несі?» дегенді ойлап тұрсам да, Әскербек досымның аты аталған соң-ақ ойланбастан, «Онда маған жіберсін», – дедім. Аз күн өткенде материал қолыма тиді. Авторы мен білетін Некрасов болмай, өзге Виктор Некрасов деген жазушы болып шықты. Бірақ тақырып тартып тұр. «Некрасов пен Сталин» дейді. Ал кітап 1991 жылы «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрген. Не керек ойланбастан оқып шықтым. Ұнағанының әсері ғой, бірден балама телефон соғып, интернет арқылы «осындай жазушының осындай кітабын табуға бола ма?» деген өтініш айттым. Бірер сағаттан соң балам: «Таптым жаңа жылдың бас кезінде қолымызға тиеді», – деп маған белгісіз бір баспаның атын атады. Арада біраз уақыт өткенде Нұрмахан інім телефон соғып: «Қолжазбаны алғаныңызды айтып қуантып едім. Сол күннің ертеңіне Жолдасбектің өзі де қайтыс болды. Әрине өкінішті жай ғой, бірақ өзім марқұмның соңғы аманатын орындағанымға қуандым. Көптен ауырып жүрген мінезді жігіт еді. Оны мына материалға мән беріп, соны қалайда жариялатуға соншалық ден қойғанынан-ақ аңғарған боларсыз», – деді. Мен бұл кітап қолыма тигенше асығып отырмын. Әзірге осы үзіндіні газет оқушыларына ұсына тұрайық дедім. Біз марқұмды қуанттық па, әлде марқұм ақтық демі шығар алдында бізді, оқырмандарды қуантты ма, оны ойша бағамдай жатармыз.

Тынымбай НҰРМАҒАНБЕТОВ

НЕКРАСОВ және СТАЛИН

Тақырыпқа көз жүгірткен оқырмандарымыз тарапынан «Бұл қай Некрасов?» деген сауал туындауы мүмкін. Біздің айтпағымыз, XIX ғасырда өмір сүрген орыстың классик ақыны Николай Некрасов емес, кешегі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майдан даласындағы зұлматтың шынайы болмысының тірі куәгері ретінде бірнеше деректі әңгімелер жазған кеңес жазушысы Виктор Некрасов туралы болмақ. В.Некрасов «В окопах Сталинграда» атты деректі повесі үшін Сталин атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. Бұл сыйлықтың халықтар көсемінің тікелей ықпалымен берілетінін ескерсек, жазушының сол дәуірде шығармашылық өкілдері арасында кездейсоқ тұлға болмағанын айғақтаса керек.

Соғыс аяқталғаннан кейін, дәлірегі 1947 жылы Сталин Некрасовты Кунцеводағы саяжайында қабылдап, онымен үш күн бойы емен-жарқын әңгімелескен. Осы оқиға туралы Некрасов 70-жылдары шыққан кітабында ешқандай боямасыз шынайы баяндаған болатын. Қанша жыл өтсе де жазушының көсеммен болған әңгімесі зиялы қауым тарапынан қызығушылық туғызады. Себебі әлемдік деңгейдегі саяси тұлға мен қатардағы жазушы арасындағы әңгімеден Сталиннің шынайы болмысының бірқатар қырларын танып білуге болар еді. Сонымен сол әңгімеде не айтылды? Төменде әңгіменің қысқартылған нұсқасы Виктор Некрасовтың баяндауымен ұсынылып отыр.

...Үлкен жолдың жиегіне кара ЗИС зірк етіп тоқтай қалды. Қолын шекесіне апарып ізет көрсеткен полковник автомобильдің алдыңғы есігін ашып, «отырыңыз», – деді. «Ешқандай абыр-жымаңыз, барлығы дұрыс болады», – деп ескерту сынайында жылы сөз айтқан полковник машина жылдамдығын арттыра түсті.

Сталиннің бойшаң еместігінен, сондай-ақ жақсы асаба екенінен хабардар болатынымыз. Бірақ ол орындығынан тұрып, маған қарсы жүреді дегенді көз алдыма елестеткен жоқ едім.

– Кел, кел, қадірменді қонағым боласың, – дегенді акцентпен айтқан Сталин үстелінің жанындағы креслоға қолтықтай жөнелді.

Сталин тартпасынан әйгілі «Герцогвина Флора» темекісінің қорабын ашып, маған бір талын ұсынды да:



– Шек! – деді.

Папирос капелімде тұтана қоймады, толқыныстан саусақтарым икемге келмей дірілдеп кетті. Сталин бұл қолайсыздықты байқап қалса да, ләм-мим демеді.

Көсемнің жүзінде сәл-пәл күлкі нышаны сезілгендей болды.

– Неліктен «Герцогвина Флора» деп аталатынын білемісің? – деді бір сәтте маған барлай көз тастап. Іле-шала өз сауалына өзі жауап беріп:

– Білмейсің. Мұны ешкім де білмейді, – деді.

Темекісін тұтатқан Сталин креслосына шалқайып отырды. Менің шамалауымша сағат танертенгі он бір. Жақсы есімде қалыпты. Ол маған тағы да барлай көз жүгіртті. Сол уақытта мен қандай азапты сәттерді көз алдымнан өткіздім десеңізші! Алдымен, тұла-бойымды, санамды қорқыныш сезімі билеп ала жөнелді. Сенің алдында адамзат баласы бұрын-соңды естіп-білмеген қатыгез адам отыр. Ол қанша адамды өлтірді! Міне, сен онымен қаныраған кабинетте жалғыздан-жалғыз отырсың! Қандай қорқынышты!

Менің есіме кейін Черчилльдің естеліктерінде жазған оқиғалар түсті. Британ премьері Сталинмен алғашқы кездескенде оған бірінші болып қарсы кадам жасамауды іштей ұйғарғанымен, өзінің соңынан белгісіз бір тылсым күш итеріп жібергендей үлкен күту залының

ортасында тапжылмай тұрған кеңес көсеміне қалай жүргенін сезбей қалатынын үлкен тебіреніспен жазған еді.

Көзіміз түйісті. Біршама үнсіздіктен кейін Сталин:

– Мен сені көз алдыма кең жауырынды жігіт сияқты елестетіп едім, сен осындай екенсің ғой... Тіпті мұрт қойып алыпсың. Сені не үшін шақырғанымды білемісің? Білмейсің... Сталин сыйлығын алуыңмен құттықтағым келді, – деді қолын ұсынып.

Күткендегіден асығыс қимыл жасадым ба, әйтеуір қолымды жылдам ұсындым. Көмейіме келіп қалған «Кеңестер Одағына қызмет етемін» деген сөздерді әрен іркіп қалдым.

Сталин күлгендей болды. Тістері қарайып, көріксіздеу көрінді.

– Кітабыңның маған не үшін ұнағанын білесің бе! Әрине, оны да білмейсің... Сен бүгін кешке боссың ба, әлде қызбен жолығуға уәде беріп қойдың ба?

– Ешқандай да жолдас Сталин!

– Ендеше, сені қонаққа шақырамын. Сыйлықты жуамыз. Шарап ішеміз. Менде мемлекеттің өжірелерінде сақталған тәуір шараптар бар, – деген Сталин патша туралы әңгіме қозғап кетті.

Байқағаным, Николай патшаны мұқатып, келеке еткен жоқ, қайта көтермелеп «государь» деп атады. Бар болғаны: «Әлсіз, жігерсіз болды. Ресейге мұндай патшаның керегі жоқ еді ғой», – деді.

– «Массандров» (Грузияның атақты шарабы. -А.Ж.) шарабын көрсек қайтеді? Жақсы сақталған. Айтпақшы, сендер Сталинградта қандай ішімдік іштіңдер? Мүмкін ештеңе ішпеген шығарсыңдар, Сталиннің көрген басшылығымен тек қана соғысқан шығарсыңдар. Солай ма? – Сталин бір күліп алды.

Шай әкелінді. Есіктен имене кірген Поскребышевтің (Сталиннің көмекшісі. -Ж.А.) сұлбасы көрінді.

– Сіз, жолдас Сталин сағат 12-де неміс достарды қабылдауыңыз керек. Олар қабылдау бөлмесінде күтіп отыр, – деді.

– Дәлдік корольдердің ілтисатын білдіреді емес пе, келіп қалған екен, кірсін ендеше, – деді Сталин. – Эх, фрицтер, фрицтер...

Көсем кешке қайта жолығатынымызды айтты.

...Сталинде қанша уақыт болып, қанша арақ-шарап ішкенімді дәл айта алмаймын. Барлығы сол Кунцеводағы саяжайдың асханасында болды.

– Сенің әскердегі атағың қандай еді? – деп сұрады Сталин кешкілік кезекті рюмканы қағып тастаған соң.

– Капитан.

– Қандай өкінішті! Соншама соғысқанда ең болмаса майорға да жетпегенбісің? Сенің жасында марқұм Якир (репрессия кезінде Тухачевскиймен бірге атылған генералды айтып отыр. -Ж.А.) Украина әскери округінің қолбасшысы болды. Ал сен... Жарайды, ештеңе етпес...

Шарапты стакандарға құя бастады.

– Бізге жеңіс әкелгендер үшін алайық. Әлде сенің басқа пікірін бар ма? – деді Сталин. Мен тілім байланғандай «иә» немесе «жоқ» деп айтуға шамам келмей құптағандай мінгір ете қалдым. Ол әңгімесін жалғастырды:

– Иә, мен сол кезде қызбалыққа салындым. Буденный, Тимошенко, анау ызынбай Ворошилов, әлгі алғашқы қызыл офицер... Олар батальонды да басқара алмайды. Ал мен ақымақ оларға майдандарды басқарттым. ...Жуков ше? Бас штаб бастығы ретінде ол да кінәлі.

Көкейіме кептелген сауалдарымды қоя алмадым. Қорқынышты болғандықтан батылым жетпеді. Әңгіменің орта тұсына келгенде Сталин есікке қарап: «Әй, кім бар?» – деп айқайлап жіберді. Есік алдында жас полковник сымдай тартылып тұра қалды.

(Жалғасы 10-11-бетте)

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ**БАСТАУ**

Әр халықта да, айтуға оңай, арқалап әкетуге ауыр салмақты сөздер бар.

«Жігіт!», «Азамат!», «Қазақ, адам ғой!» деп те қайырады.

Аталы сөздер. Киелі ұғымдар.

Маған осы аталы сөздер, атактың нейрохирург, нағыз ғалым, нағыз қазақ, нағыз азамат Серік Ақшолоқовқа тиесілі айтылғандай көрінеді де тұрады.

Серік Ақшолоқовтың үйіндегі кең кітапханасында еркін отырмыз. Күн жексенбі болса да, кездесуді ертерек бастап кетуді жөн көргенбіз. Менің білгім келген, Серіктің айтқысы келген кездесулер, оқиғалар, ойлар тым көп болатын.

— Секе, әңгіменізді бастап кетіңіз, — дедім.

— Неден бастасам екен деп, ойланып отырмын.

— Шалқардан, Туған топырақтан бастаныз.

— Болсын!.. — деді Серік Қуандықұлы. — Бабалардан бастайын. Айту менен, жазу сізден...

Келістік.

Серік Қуандықұлы маған байыппен сынай қарады. Бұл көпті көрген адамның келіскен рәсімі болатын.

НАҒАШЫ АТАМ

— Кісі келе жатыр. Дастарқан дайын болсын, — деді. — Ал сен, Серік қарғам, кешегі Ер Төстік дастанын тоқтаған жеріңнен ары қарай оқи бер.

Қомақты «Батырлар жыры» дастаны кітабын құшақтап, аласа терезе қасына барып жайғасамын.

— Ата, ол кісі неге келе жатыр? — деп сұраймын. Бала шіркін бәрін білгісі келеді ғой.

— Жұмысы болғаны ғой, — сәл бөгеліп барып: — Қолын зақымдап алса керек. Сен оқы, оқи бер, — дейді нағашы атам.

Шалқардың көріпкелі де, емшісі де, сынықшысы да, ақылғөйі де, қолына Құран ұстағаны да осы нағашы атасы, Жалмұрат ақсақал болатын. Шалқарда жан баласы ол кісіге қарсы шыққан емес. Жұрт атасын құрметтейді. Атасы елін қадірлейді. «Ауыз бірліктеріңді күл құсатып шашып алып жүрмеңдер», — дейтін нағашы атасы. Нағашы атасының зерек, ойлы сөздері Шалқарда әлі де тірі. Сол есті ойлар, әр кезде, әр ортада естіліп қалып жатады.

О, Дешті-Қыпшақтың қайран есті ақсақалдары-ай! Сіздерді сағындық қой. Бұл сөздерді мен жиі қайталаймын. Жиі толғанамын. Сол сәттерде дүниенің бәрін талақ тастап, жалғыздық атты жалмауыздың құшағына қалай еніп кеткенімді өзім де байқамай қаламын.

Өйткені өткен күндерді қайтып қайыра алмайтыннан болар. Өйткені бүгін бар, ертең жоқ күндердің жеткізбейтінін білгеннен болар. Өйткені адам уақытқа емес, уақыт адамға билік жасайтыннан болар...

О, қайран Дешті-Қыпшақ!.. Ұлы Далада ұлып қалған Дешті-Қыпшақтың қасиетті ойшыл жырауларының жасындай жаркылдаған жыраулары-ай! Ұстатпай кетіп барасындар-ау!..

АРҚАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ИЗЕНІ

Басы күрдек, түбі арал,

Қыдырып шалар аруана.

Үлкені кімнің жоқ болса,

Жасы болар дуана.

Бір сынаған жаманды

Екіншілей сынама.

Тіріде сыйласпаған ағайын,

Құм құйылсын көзіңе,

Өлгенде бекер жылама!

Бұл Махамбет батырдың, Махамбет ақынның, жаны күйзелген, намысы қай-

наған отты жыры болатын.

Атам мені қасынан тастамай ертіп жүретін. Бірде ауыл шетіндегі құмға шыққанда атам тізерлеп отырып алып намаз оқыды. Намазын оқып болған соң, малдасын құрып жұмсақ көшпелі құмға жайланды.

— Мен осы құмды алқапта, небір тылсым күштердің күдіретін көремін. Бізбен бірге қосамжар (параллельный) әлем де өмір кешеді. Осы құмда, қосамжар әлемнің иелерін талай көрдім. Мектепте

Серік Ақшолоқовпен ӨТКІЗГЕН ОН

сендерге қосамжар әлем туралы айтпайды. Айту керек. Ана-Жерде болып жатқан небір тылсым қозғалыстарды адам білуі керек. Жасыруға болмайды. Ақиқатты қадірлемеген қоғамның өмірі ұзаққа бармайды. Қашан да ақиқатты айту керек. Бұл қоғамның адамдары Құран оқуы керек. Құранға жығылмай, пенде адам бола алмайды, — деді.

Содан соң нағашы атам құмдауыт алқапқа ойлана қараған қалпы ұзақ үнсіз қалды.

— Қосамжар әлем туралы біз әлі де түк білмейміз. Ғалым болдық, өстік, өркендедік, бірақ біз үшін қосамжар әлем жұмбақ, — деді Серік Қуандықұлы.

— Сен қоғам дегенді білемісің?.. — деп сұрады нағашы атам. Мен ойланып барып, бала түйсікке салып:

— Қоғам деген, сіз, әжем, әкем, анам, менің бауырларым...

— Бұлар — сенің отбасың. Ал қоғам деген бүкіл қазақ елі, оған қызылдардың мемлекеті түгел енеді. Ұғамысың?

— Енді ұқтым.

— Сен қазір қай класста оқисың?

— Үшінші класста...

Нағашы атам орнынан асықпай тұрып ауқымды құмды бетке алып жүріп кетті.

— Құмда серуен құрмағалы көп болды. Маған еремісің?

— Ермін. Қосамжар әлемнің адамдарын көрсетемісің?..

— Өне, олар анау құмдауыт төбеде кетіп барады.

— Кәне, кәне ата!.. — деп дауыстап жібергенім есімде.

— Сен оларды көре алмайсың. Олар жай пендеге көрінбейді. Қосамжар әлемді жақсы білген бір қазақ керекулік ақын, дана Мәшһүр-Жүсіп. Ол бергіндегі білгіш. Ертеде ондай адамдар көп болған. Бұл менің ұйғарымым. Бұның бәрін мемлекет зерттеуі керек. Білгірлерді табулары керек. Мен жаңа намаз оқып отырғанымда, екеуі қасымнан өтіп бара жатты. Анау төбеде кетіп бара жатқан солар, — деді нағашы атам. Көзі жасаурап солардың соңынан ұзақ қарап тұрып қалып еді.

— Ата... — деп шапанынан тарттым. — Ата...

— О, шіркіндер, төбе асып жоғалып тынды.

— Ата, сіз олардан қорықпайсыз ба?

— Қосамжар әлемнің тұрғындарынан қорықпаймын. Мына белсенді қызылдардан сескенем. Бұлар шаш ал десе, бас алатын хайуандар ғой. Әйтпесе, революция қайдан келсін?.. Қазақ даласына аштық қайдан келсін?.. Соғыс қайдан келсін?..

— Реке, менің нағашы атам, ақиқаттың шағын ғана ауылынан шыққан таза адам еді. Құранын оқыды. Емдерін жасады. Ақиқатты айтты. Осы үш тағанға сүйеніп өмір сүрді. Кейін Үкімет нағашы атама, ем жасауға, сынық салуға тыйым

сала бастады. Небір «тәртіп сақтаушылар» болды ғой. Сонда атамның айтқан бір ауыз сөзі бар еді: «Өлер бала молаға қарай жүгіреді» дейтұғын. Өле-өлгенінше ем жасауын тоқтатқан жоқ. «Құдайдың бойыма дарытқан қабілетін адамға қызмет жасауға жұмсауым керек» — деуші еді. Бұл өмірде айтқан сөзінен таймай өмір кешкен бір адамды білдім. Ол менің нағашы атам Жалмұрат болатын.

Серік қабырға толы кітаптарға қарап үнсіз қалды. Әудім уақыттан соң маған

Серік Ақшолоқовпен ӨТКІЗГЕН ОН

бұрыла қараған күйі:

— Мен сол жолы, сол құмды алқапта атам сияқты сынықшы боламын, — деп өз-өзіме серт берген болатынмын. Бірақ мен сынықшы болмадым, нейрохирург болдым.

— Жай нейрохирург емес, атактың нейрохирург болдыңыз.

— Бәрі де Алланың жазымында ғой. Мен қазір де, шығып кеткен, сынып қалған аяқ-қолды салып бере аламын. Бірақ менің қалауым нейрохирургияда. Бұл — өте күрделі мамандық. Күрделі ғылым саласы. Бүлкілдеген бастағы миға ота жасау оңай емес. Менің бұл таңдауға қалай келгенімді әңгіме үстінде айтармыз...

Ақшолоқ атам суырып салма ақындығы бар, ел ортасында сый-құрметке бөленген адам болған көрінеді. Атам жалғыз ұлын жанындай жақсы көріпті. Жалғыз ұлға ерекше сенім артыпты. Өкінішке қарай, 1943 жылы қайтыс болған көрінеді. Атам Сайрам соғысына қатысқан текті Тілеу руынан.

— Реке, әкем, атаңа топырақ сала алмадым. Атаңа дүниенің қызығын да көрсете алмадым, — деп күрсініп отырушы еді. Қайран аталар, қайран асылдар!..

ӘКЕМ ҚУАНДЫҚ

1941 жылы соғысқа аттанып кетеді. Батыста сұрапыл соғыс жүріп жатқан. Майданда қырғын шайқас, елде аш-жалаңаш кемпір-шалдар, буыны қатпаған бозбалалар, шиетті нәрестелер. Несін айтасыз, ол жылдары кеңес халқының тіршілігі атаусыз трагедия еді ғой. Құдай басқа салмасын...

Әйбибі әжемнің шағын баспанасына ауылдың келімді-кетімді кісілері анда-санда бас сұғып тұрған ғой. Олардың ішінде: «жалғыз ұлың майданнан аман-есен оралсын» деп ақ тілек айтатындары да бар. Әжем, әкемнің тілеуін тілегендерге дастарқанда бар талшық тамақты түгел жиып дорбаларына салып береді екен. Өзі аш қалса да, өзгенің көңілін қалдырмаған Шалқардың аяулы анасы болып бағыпты.

Әкем Қуандық соғыстан Кеңес армиясының капитаны, атактың ұшқыш дәрежесінде, аман-есен елге оралады. 1950 жылдар болса керек...

Әкемнің отызыншы жылдары, дәлірек айтсам 1933 жылы көзімен көрген бірер оқиғасын айтайын... Өз аузынан естігенмін...

...Ол кезде әкем он жас шамасында. Қолда мал жоқ. Ішерге тамақ та жоқ.

Қазақ даласын аштық жайлаған кезен. Әкем қара жұмысқа жарамайды. Ақындық өнерін жария ете алмайды. Жазғандарын жария етуге қорқады. Тажал заман. Үйде отырады. Ертемен тұрып үйінің қасына әзер жетіп, аштан өліп жатқан адамдарды, әлі келгенінше жер қазып, бетін жасырады. Өлгендер әкемді танымайды, әкем өлгендерді танымайды. Бірақ адамның Құдай алдындағы міндетін орындайды. Адамдық парызға кір келтірмейді.

Тағы бір айтқаны. «Туған апамды іздеп, Ақсу, Қуласу деген жерге аттандым.

Жүз шақырымдай жер екен. Апама жетсем тірі қалатынымды, жетпесем қу далада өлетінімді білдім. Жол алыс жеткізер емес. Күш те жоқ. Қарын аш. Далада найзағай ойнады. Қалың жауын жауды. Иесіз қораға жетіп, соның бір бұрышын паналадым. Әбден шаршап-шалдыққан баламын, сол жерде ұйықтап кетіппін. Оянсам, таң атыпты, күн жарқырап шығып тұр. Қайтадан сүрлеу соқпаққа түстім. Оң қапталдан үш-төрт кішкене күшіктерді көрдім. Соның бірін ұстап алайын деп ойладым. Қастарына жақындағанда өлген әйелдің денесінің пара-парасын шығарып жеп жатқан қасқырдың күшіктері екенін ұқтым. Ал өлген әйелдің басындағы ақ жаулығын жел желбіретіп тұр еді. Қорыққанымнан сүрлеу соқпаққа түсіп алып тұра қаштым... Тыянақ жоқ қу дала, аштық жайлаған ел, қасқырдың күшіктері паршалап тастаған өлі әйелдің денесі, зәресі ұшып қашып келе жатқан он жастағы бала... Бұндай жан түршігерлік сурет жаныңызды қоярға жер таптырмай қинайды-ау?!»

Ұлы Отан соғысында атактың ұшқыш болған әкем, елге оралған соң колхоз, ауданның дайындау кеңесінің бастығы жұмыстарын атқарды. Ел ағасы болды. Шалқардың есті азаматтары әкемізге арнайы келіп бата алатын. Шалқарда Үкіметтен «Волга» машинасын алғаш иеленген де әкем болатын.

«Ер жігіт ерте тұруы керек», — деп әкем бізді таң атқан кезде оятып тұрғызып жіберетін. Соғыстың қатал тәртібіне үйренген әкем, қатал адам болды. Екі айтпайтын. Біз оны қабағынан танып, айтқанын екі етпеуші едік. Ағам екеуміз тұра салысымен, үйдегі кішкентай ботаға ала бұта шөбін шауып үйге әкелетінбіз. Әкем аулада өсіп тұрған картопты қазып алып, дәмдеп қуырып, таңғы асты дайындап қоятын.

Ауладағы шарбаққа сүйеп қойып өсіретін жүзімі аса тәтті болушы еді-ау. Аулада қып-қызыл алма, неше түрлі гүл өсіп тұратын.

КИЕЛІ ШАЛҚАР

Ғажайып жер ғой, шіркін! Бір тұсы — қазақтың ұлы борсық құмы. Тоқтамай көшіп жататын құм. Бір тұсы — үстірт. Бір тұсы — Шалқар көлі. Тағы бір тұсы — Бершүгір тауының етегіне еңдей кіріп тамыл табады.

Табиғаты бөлек, киелі жер. Төрт-

түлік малдың ішінде түйе көп өседі. Ол да Шалқардың табиғатына келісімді. Шалқарлықтар, қазақ бөлестің руға көп көңіл бөлмейді. «Біз Шалқарданбыз, біз шалқарлықпыз» деп кесіп айтады. Бұл Шалқарелінің ерекше ауызбірлігін танытады. Бір шалқарлыққа тиіссен, бүкіл шалқарлықтар тік көтеріледі. Шалқар көлінің суы жұмсақ, жайлы келеді. Бала кезімізде Шалқар көлінің жұмсақ суына тоймай шомылушы едік. Сол көлге баратын жолда, көкке ытқып ағатын салқын минералды су бар еді, сол суды бала біткен тоймай ішуші еді. Шалқардың жазы ыстық, бірақ еш бала ыстық тиіп ауырмайтын. Бұл да, Шалқарға ғана тән табиғи мінез болса керек.

Менің түсіме туған үйім, биік шарбаққа сүйеніп өскен қалың жүзім, соңғы

дем салушы болуды армандадым дедім ғой. Ал Александр Николаевич мені нейрохирургия әлеміне жетектеп әкеліп бір-ақ тықты. Мен сол туралы айтайын. Олай болса, Ақтөбеге қайтып оралайын. Дұрысы, Қарабұтақ ауданына соққанымыз жөн болар.

Ол кезде, мен Ақтөбенің медициналық институтында жұмыс істейтінмін. 1977 жылы, ұмытпасам мамыр айында, біздің институтқа Мәскеудің Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтының директоры Александр Коновалов келіпті. Жұмыс жайын реттеген соң, ақтөбеліктерден «балық аулауға мүмкіндік бар ма?» — деп сұрайды. Институт басшылары жан-жаққа хабарласып, балық аулайтын өзендер мен көлдердің жайын сұрайды. Ешкім

жол жүру керек. Төлеу ағамыз Ырғызға бір водовозды жіберіп, соны үлкен сазандарға толтырып әкеп Қарабұтақтың іргесіндегі өзенге тастап жібереді. Танертең ол сазандар, өзенде шалажансар жүзіп жүр екен. Біз оларды қармақпен емес, қолмен аулап кеттік. Рахат болды. Балық аулаудың жөнін білетін Коновалов: «О, Құдай, мен бұндай керемет балық аулауды бұрын-соңды көрген емеспін» — деп мәз-мейрам. Дәу сазандар, жағалауда қозғалуға шамалары жетпей, жан тапсырып жатты. Мәскеуден арнайы келген үлкен қонақты күтісуге Төлеу ағамыз Қарабұтақ ауданының прокурорын қосқан болатын. Далада не көп, сарышұнақ көп. Сарышұнақ жарықтық інінен басын шығарып алып, адамның бетіне тура қарайды. Жылдам қозғалады. Коновалов: «Сарышұнақты кара, тура көзіне қарайды, тура көзіне...» — деп қуана дауыстап жатыр. Қушкеш аудан прокуроры: «Александр Николаевич, даланың еркін сарышұнағы үшін бір тартып жіберейік» — деп желпініп берді. Мәскеулік қонақ, прокурордың ұсынысын орынды санап, жарты стакан арақты тартып жіберді. Прокурор да қуанды. Коновалов одан бетер қуанды. Қарабұтақтың жазық даласында інінен басын шығарып алып, адамның көзіне тура қарайтын сарышұнақтарда сан жоқ екенін мәскеулік академик Коновалов қайдан білсін!..

Әңгімеге тағы да Баян Төлеуқызы араласты.

— Балық аулаудан соң, Коновалов әкейдің үйіне құрметті қонақ боп еркін енді. Қасында Мәскеуден ертіп келген аспирант жігіті бар. Ақтөбенің медициналық институтының профессорлары да бірге еріп келді. Бір бөлмені еуропалық үлгіде, бір бөлмені өзіміздің қазақы дәстүрде дайындағанбыз. Дөңгелек үстел, жан-жағына жұмсақ көрпешелер жайылған кең бөлме. «Рұқсат болса, мен қазақ дәстүрінде дастарқан жайылған бөлмеде отырамын», — деді Коновалов. Александр Николаевич ашық-жарқын әңгіме айтып, кең кеңес жасап жақсы отырды. Жер үстелде ұзақ уақыт отыру қазақтарға да оңай емес. Ал Александр Николаевич дастарқан басынан аяғы тартылып қиналса да, сыр бермей еркін тұрды. «Мен білсем жерде отырып ас ішкен пайдалы ма деп қалдым. Қазақ халқы кеменгер. Не істеді біледі ғой», — деді. Жылы жымыып рақмет айтты. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына ғана емес, институт профессорларына да, Серік екеуімізге де көрсеткен ибалы көңіл жылулығы еді. Үлкен адамға тән, үлкен тәрбие көрген мінез танытты.

Серік Қуандықұлы кең креслоға шалқақ беріп:

— Баян Төлеуқызы есіне алып отырған әңгіме оқиғасына қырық алты жыл өтсе де, дәл бүгін өткен уақиғадай келісті айтуын қарандаршы... — деп рақаттана күлді.

— Александр Николаевич Қарабұтақтан кетерінде мені сәл шетке шығарып алып, Мәскеуге, тура маған кел, — деді. Мен айттым:

— Александр Николаевич, Мәскеуде травматология және ортопедия институты бар. Сол институттың директорын танысыз ба? — деп сұрадым.

— Әрине танымын.

— Ол кісіге мен туралы айта аламысыз? Коновалов айтты:

— Саған травматология институты керек емес. Мен сені танысам, саған керекті Нейрохирургия институты. Тура маған кел. Нейрохирург боласын.

Коновалов Мәскеуге кетті. Мен Ақтөбеге қалдым. Су сияқты зымыраған уақыт шіркін өтеді-ау. Мен травматология кафедрасында кішігірім жұмыс істеп

жаттым. Нейрохирургия туралы әңгіме не ары бармай, не бері келмей, мұхиттағы айсберг сияқты қатты да қалды.

Бірде Мәскеуден Яшков деген жігіт телефонмен хабарласты. Кезінде Александр Коноваловпен Қарабұтаққа еріп келген жігіт.

— Серік, сен демалыс ал да, Мәскеуге кел. Менің үйімде тоқтайсың. Мен жұмыс істейтін 33-емханада кезекшілік жасайсың. Александр Николаевич Коноваловқа апарамын. Ақтөбеге отырып қалдың. Қимылдау керек, — деді.

Мен ойланбастан кезекті демалысымды алып, Мәскеуге тарттым. Қайда баратынымды Баяннан басқа жан баласына айтқамын жоқ. Бұл арманға ұмтылған сапар еді. Яшков мені Коноваловқа алып барды. Мені көрген Александр Николаевич маған таңырқай қарап алды да:

— Келгенің жақсы болды. Дұрыс байлам. Енді берік бол, — деді. Бір профессорды шақырды да, — Бұл жігіт Ақтөбенің қазағы. Мықты қазақ. Осы жігітке жақсылап ас бер, — деді. Маған бұрыла қарап: — Біз саған Қарабұтақтағыдай ұлан-ғасыр ас бере алмаймыз. Барына разы боласың. Ал мен саған айтқан уәде, уәде болып қалады. Мен — уәдеге берік адаммын! — деп қолымды қысып, иығымнан өзіміне құшақтады.

Мен екі жыл бойы, демалысымды Мәскеуде, нейрохирургия институтында өткіздім. Отаға қатыстым. Дәрігерлік кезекке шығып тұрдым.

Нейрохирургия мені шын қызықтырды. Мен нейрохирургиямен «ауыра» бастадым. Шынында да, нейрохирургия жаңа сала болатын. Нейрохирургияны ғылым ретінде көтерсек, ми ауруынан өліп жатқан адамдарды сақтайтынымызға сендім. Ол үшін нейрохирургияны зерттеу, ота жасауды үйрену керек еді. Ол кезде Қазақстанда нейрохирургия деген аты бар, заты жоқ болатын. Маған нейрохирург болу үшін алты айлық алғашқы маманданудан өту керек еді.

Ақтөбеге келісімен жолдама іздедім. Жолдама Алматыға, Киевке, Новокузнецкіге беріледі екен. 1978 жылы нейрохирург болам деген берік шешіммен Новокузнецке тарттым. Новокузнецке Кеңестер одағының түкпір-түкпірінен 30 курсант жиналды. Маған Новокузнецк қаласы да, нейрохирургияның түптамырын терең ұққан оқу орны да ұнады.

Бір күні отыз курсантты арнайы жинап, ертең Москваның нейрохирургия институтының директоры, академик Александр Коноваловтың институтқа келетінін, бізбен арнайы кездесу өткізгісі келетінін хабарлады.

— Коновалов сияқты үлкен ғалымды көру, дәрісін тындау, сіздер үшін үлкен олжа, — деді курс жетекшісі.

Ертеңінде барлық курсанттар есік алдына жиналды. Бізге тақап келген Александр Коновалов, мені көре салып:

— Серік, сен бұнда не ғып жүрсің? — деп таңдана сұрады.

— Александр Николаевич, мен нейрохирург болуға бекіндім, — дедім.

— Дұрыс шешім. Мен разымын. Курсты бітірген соң, тура Мәскеуге кел. Сол жерде кездесейік, — деді. Бұл маған деген үлкен қамқорлық еді. Курстастарым маған таңдана қарап не айтарын білмеді.

Алты айлық курсты бітірген соң, Ақтөбеге оралдым. Кафедра меңгерушісі профессор Бирючков мені қуана қарсы алды.

— Серік, бұндай сәттілік, өмірде бір-ақ рет болады, мен білсем. Мәскеу біздің институтқа аспиранттық бір орын берді. Сол орынды саған беруді шештік. Мәскеуге, өзің танитын академик Коноваловқа тура бара беруіңе болады, — деді жылы жымыған күйі.

(Жалғасы келесі санда)

БІР САҒАТ

(эссе)



кездері жиі енеді. Сол жүзімдердің дәмі таңдайымнан кеткен емес. Кетпейтін де болар!..

МӘСКЕУ

Менің өмірімдегі де, ғылымдағы да жолымды ашқан он бес жыл ғұмыр кешкен қимас, қадырлы мекенім болды. Ресейдің Бурденко атындағы нейрохирургия институтында орыстың атакты ғалымдарынан дәріс алдым, миға ота жасаудың алуан түрлі әдіс-амалдарымен таныстым. Ең бастысы, сол институттың директоры, атакты нейрохирург, академик Александр Коноваловтың шәкірті болдым. Озық ойлы, адал жүректі, нағыз ғалым адаммен сыйлас, сырлас болған кезді ұмыту мүмкін емес. Әлі күнге дейін, сол адам маған ақылшы, ұстаз ретінде қымбат-ақ.

АЛЕКСАНДР КОНОВАЛОВ —

мені нейрохирургияға қолымнан жетектеп әкелген хас шебер хирург. Орыс хирургі ғана емес, әлемдік дәрежедегі озат хирургтің бірі.

— Реке, әңгімеміздің басында мен сізге нағашы атам құсап сынықшы,

ынғайлы жауап таба алмайды. Сонда институт басшылары маған шықты. «Александр Николаевич Ақтөбеге балық аулағысы келеді. Соның жөнін табуға сені шақырдық. Атаң аудан басшысы, Коноваловты балық аулауға шақыр», — деп тілек білдірді. Мен Коноваловтың кім екенін білмесем де, басшыларға келісім бердім. Құртақандай ғана жеті-сегіз адам әзер сыятын АН-2 ұшағымен, ол кісіні Қарабұтақ ауданына алып келдік.

Сөзге Серіктің жан жары Баян Төлеуқызы араласты:

— Құлпырған мамыр айы. Бүкіл дала жайқалған қып-қызыл қызғалдақтарға толы. Қарабұтақтың табиғаты керемет қой.

Сөзді Серік Қуандықұлының өзі жалғап кетті:

— Баянның әкесі Қарабұтақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Елге сыйлы, бүкіл Ақтөбе халқы қадірлейтін Төлеу Алдияров. Менің сенгенім, арқаланғаным Төлеу ағамыз. Жөн білетін де, сөз білетін де сол кісі. Қарабұтақтың қасында кішкентай өзендер көп. Бірақ балығы тапшы, майда шабақтар.

Өзі де үлкен, балығы да кесек Ырғыз өзені алыста. Оған жету үшін жарты күн

Қали СӘРСЕНБАЙ

ТОЛҚЫН ТУРАЛЫ

«Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» деп еді Мағжан. Осы сұңғыла сөздің аса бай палитрасы заманалар өткен соң осылай сыр ашып, ден қойғызады деп ойлапмыз ба?! Әдеби-мәдени кеңістікте кеңінен талқыға түсіп, дүмпу тұғызып жатқан Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Менің ағаларым» кітабының «Ғұлама» атты беташар мақаласындағы толқын туралы өзгеше ой бітімі менің бойыма соншалықты серпіліс сазын құйып, баска рухани өріске салып жіберді. Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакторы, академик, кезінде Димекеннің өзіне: «Энциклопедия – құрмет тақтасы емес» дейтін Манаш Қозыбаев мақаланың бір тұсында былай дейді.

«Ғабаңмен алғаш 1969 жылы «Алматы» шипажайында таныстым. Енді ғана докторлық диссертациямды қорғаған кезім. Ғабаң құттықтап, қайырлы болсын айтты. Кейін жиі араласып тұрдық. Бір күні кешкілік Ғабаң үйге телефон шалып: «Манашжан, сен энциклопедияны басқарып отырсың ғой, маған мұхиттардағы, теңіздердегі толқынның жайы, оның пайда болуы, түрлері, әсер ету күші жайлы ғылыми еңбектер керек болып тұрғаны», – дегені. Ертесінде белгілі географ-маман Жолдасбек Адаевқа Ғабаңның өтінішін жеткізіп, екеулеп толқын туралы бір құшақ кітап жинап, Ғабана апарды. Өзі шешіле қоймаған соң біз неге екенін сұрамастан кетіп қалдық. Ертесінде Ғабаң тағы телефон шалып, үйіне шақырды. Түні бойы оқып шыққан болуы керек, көзі қызарыңқырап тұр екен.

– Манашжан, ағамызға не болған деп танданып отырған боларсың. «Жат қолынданы» аяқтаған кезде мынадай бір қызық ой келді. Қоғам атаулыда болатын қозғалыс теңіз бетіндегі толқын сияқты екен. Абайдың «Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер» деуінде керемет философиялық мағына бар. Мына сен әкелген кітаптарды қарап, осыған тағы көз жеткізіп, қайран қалып отырмын. Қазақ қоғамының кейінгі бір ғасырдағы тарихын алып қарашы. Шоқан, Ыбырай, Абай – бір толқын, Ахмет, Міржақып, Мағжан – екінші толқын, «алыптар тобы» деп жүрген мына біздерің – үшінші толқын, осылай кете барады. Осыларға қозғау салған – отаршылдық қыспағы. Үлкен мұхиттарда да солай көрінеді. Дауыл толқын тудырады, ал толқын теңізді шайқайды. Қызық емес пе? Осы туралы философиялық негізде бірдене жазсам ба деймін, – деп Ғабаң өзінің даналығын тағы бір танытып өтті. Шындығында толқынды талай көріп жүрсек те оған мұндай мағына сыйғызу ойға келмеген екен. Ғабаң соны философ көзімен көре білді, бірақ ойындағысын жүзеге асыруға уақыты жетпеді», – деп аяқтаған еді Мәкен Ғабаңмен арада болған осы бір қызық оқиға туралы.

Ғабаңның осы бір тансық тақырыптағы толғамын оқыған болсақ, бізге көп мәселенің жай-жапсары түсінікті болып қалар ма еді. Олай болмаған соң, біздегі бір ынтызар көңіл, білмекке құмарлық күшейе түсті. Егер классик бұл тосын тақырыпты жазып үлгерген болса, кісі бойындағы физикалық мүмкіндіктерді емес, тұмса табиғаттың бойындағы дүлей күшті адамның теңізден де терең жан дүниесімен астастырып ғажап ашып берген болар ма еді. Қай кезде де бір кесек туындыға кірісер алдында Дәулеткерейдің С.Рахманинов симфония деп бағалаған «Жігерін» ұзақ тыңдайтын ғазиз қаламгердің өзі де толқын туралы бір сөз симфониясын жазарына шүбә

болмас еді, әрине.

Ойды ілгерілетіп түсу үшін септігі тиер ме екен деп айтайын. Ұлы Ғабеннің көңіл сарайында әдебиеттегі дауыл шайқаған толқынның кейіпкер сомдауда символдық, образға оранған сәтін де бейнелеу бір сәтке жаңғырған болар-ау. Қадыр ақын соны сезіп қойғандай, Х.Ерғалиевтің «Құрманғазысын» Айвазовскийдің (*Айвазян*) «Тоғызыншы валына» тегені Әбділда ақынның ашуына тигені де бар.

Ғабаңның «дауыл толқын тудырады, ал толқын теңізді шайқайды» деген бейнелі ойына иек артсақ, маринистер ұғымында теңіздің тілі делінетін толқынды әр кезең, уақыттың өзі тудырып, жарияға шығарып отыратыны және ақиқат. Сол секілді бүгінде сол толқыннан туған толқын, жетпістің ауылына ат басын бұрғандардың да толысқан кезеңі екенін еске түсіреді Ғабаңның ғақлиясы. Бұл енді әрісін айтпағанда кешегі кер заман кезеңдерден ақыл-айласын асырып, арыстандай арпалысқан «алыптар тобының» емес, тәнірінің өзі тарту еткен «мүмкіндіктер кезеңі» тудырған, қалыптастырған Тәуелсіздік толқындары. Бұл буынның да азды-көпті жетістігін, ерекшелігін екішеп, талдап, таразылауға да қоғамда өз қажеттілігі барын және жасыра алмайсың. Араларында әрі кетсе екі-үш жас айырмашылық бар буынның ел назарында жүрген саусақпен санарлық бірнеше бірегей өкілінің бағасын біліп, қадіріне жетудің бір жөні де, жолы да осы ғой деймін. Бұған ешкім де «тәйт» дей қоймас.

Сол «тәуелсіздік теңізінде» шайқалған тегеурінді толқынның бір ірі өкілі, жасынан жақсылардың жанында жүріп, ұлыларды ұлықтауды, Алашты ардақтау процесін ерте бастап кеткен ардақты азамат – Мұхтар Құл-Мұхаммед.

АҒАЛАР АКАДЕМИЯСЫ

Тәңірдің берген талант төлейі, тектен берілген бекзат болмыс, ата-бабадан қалған даналық дәрісі, әке мектебі өз алдына, қай кезде де «алдыңғы толқын ағаларсыз» сөз бастамайды біздің Мұхтан. Оған меніңше, бас кітабы болып саналатын «Менің ағаларым» айқын айғақ.

Кей сұхбаттарда, жазбаларымда жиі қолданатын «университеттен кейінгі университет» деген бір сөзім бар. Біздің буынның басым бөлігінің оқыған жері ҚазМУ, оның ішінде тек қана қайраткерлер шығатын журналистика факультеті. Оның қабырғасында өткен көркем де кемел күндер, қайта тумас тәлімгерлердің дәрісі жөніндегі әңгіме бөлек. Кітаптағы Зейнолла Қабдолов туралы ән сөзіндей оқылатын «Шебер» эссесінде Мұхтар университеттің мазмұны мен мағынасы, оның дәлізі мен қабырғасына дейін сөйлетеді. Ал енді университеттен кейінгі университеттің оқуы тіптен басқа. Оқу орнында жақсы оқу, тәртіпті болу тәрізді мызғымас қағидаларды ұстансаңыз, бейресми ағалар университеті – өмірдің өзі. Жазу-сызудың кіл жүйріктері. Өмірі тұнған тартыс, тағылым, тәжірибе, абыз-аңыз. Кішілік пен кісілік, даналық пен даралық, мейірім мен ілтипат, ұят-аят, ар-ұждан, дегдарлық пен тектілік, үлкен мәдениет. Мұхтар осы ағалар академиясын да үздік бітірді. Мынаған қараңдышы, жетпісінші жылдары қазақтың ғылымы, өнері саласындағы үш құбылыс ұлт рухын дүр сілкіндірді. Ол – «Қыз Жібек» көркем фильмі, «Дос-Мұқасан» (*орыс әндерін айтудан саналы түрде бас тартқан*) вокальді-аспапты ансамблі және Қазақ Совет Энциклопедиясы. Мұхтар университетті бітіре сала Ұлттық Ғылым академиясының бір құрылымы болып саналатын ғылыми-зерттеу институты мәртебесі қоса берілген сол Қазақ Совет Энциклопедиясына қызметке тұрды.

«Адам мен адамды теңестіретін білім» деп М.Әуезов айтқандай, бұл мекеменің өзгенден өзгешелігі де білім мен білім теңестіретін жер. Білім демекші, аяулы ұстазым Ақаң – Акселеу Сейдімбек есіме түсіп отыр. Мектептегі ұстазым, Ақаңның курстасы, ғажап эрудит Пернебай Дүйсенбиннің бірде Ақаңның студент кезінде, одан бертінде де жазуға аса ден қоймай, тек қана ілім-білім жиғанын, тіпті Гумилевтің өзімен кездесуге әлденеше рет талпыныс жасағанын, Әлкей Марғұлан сынды сұңғылалармен емін-еркін сөй-

«Менің ағаларым» – заманында кең көсілуге мүмкіндігі шектеулі болған сол туындылардың жаңғырған, жанартылған, кемелденген нәзира нұсқасы. «Менің ағаларым» – тұнып тұрған тағылым, таным, тартымдылық, дегдарлық, тұтас бір кезеңдердің картинасын кестелеген панорамалық алып полотно. Парасат полотносы. Бұл – ағаларды ғана емес, Алашты аялау, ардақтау. «Менің ағаларым» сериясымен жазылған алғашқы «Академик Қозыбаев», кейіннен «Ғұлама» деп толықтырылған эссесінде автор:

БІЗДІҢ

лесе беретіндей жағдайда болғанын жиі әңгімелеуші еді. Газет жұмысында өмірі нақандық мақала жазбаған адам. Студент кезінде Мұхтардың бойынан да осы қасиеттерді көп байқаушы едім. Қайсыбір жылы, жаңылмасам, 1979 жылы болар деймін, немістер автономия сұрап, бүлік жасап жатқаны есімде. Қостанайға кетіп барамын. Целиноградта бір күн тұрып қалдық. Қостанайдың «Коммунизм таңы» атты облыстық газетіне үш жігіт (М.Құл-Мұхаммед, Қ.Олжай және мен) өндірістік тәжірибеден өтуге келдік. Үшеумізді бірден штатқа алды. Ашқұрсақ студентпіз. Бұрқыратып жазамыз. Жалақыға, қаламақыға жарыдық та қалдық. Мұхтар да жазды. Бірақ таңдап, талап жазды. «Мен өзі алда жазатын дүниелерімнің бас-аяғын түгел көргеннен кейін жазамын» деген бертінде айтқан сөзіне деген ұстанымынан сол кезде-ақ хабардар болғанбыз. Ақаң тәрізді нақандық тақырыптарға жолай бермейтін. Тек тапсырма ретінде орындап, сипай қамшылайтын. Осы қасиетін өзгенден бұрын байқаған газеттің бөлім меңгерушісі, сондай бір сұңғақ, сымбатты кісі Сәлім Мендібаев: «Мынау бір алысқа баратын бала ғой», – дегені де есіме түсіп отыр. Сәлім көкем сәуегей екен, Мұхтардың өндірдей кезінде энциклопедиядан басталған жолы көп ұзамай Алаш жолына ұласты.

«Менің ағаларым» қандай кітап?

Бұдан бұрын алғашқы сүйінші сөзімде айтқандай, мынау оқырманның өзі жазушыға айналған заманда жақсы бір кітап оқудың өзі зор олжа. Жақсы кітаппен де өмір сүруге болады. Қалтай аға «жақсы кітап оқысам, надандығымның бір бетін ашамын» деуші еді. Бірін-бірі толықтырып отырмаса, тұлға тұлға болар ма?! Асқар Сүлейменовтің: «Жақсы кітап – ұяттың антологиясы» дегені де бар. Осыдан соң «Менің ағаларым» да ағалардың ақыл-ой антологиясы демеске әддің бар ма!?

«Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды». «Аға тұрып, іні сөйлегеннен без» деп жатады. Демек, ағаның орны қашан да бөлек болған. Халқымыздың үлкен бағасының бірі де бірегейі – аға атану. Бұл – кез келген ресми атақтан жоғары, халықтың сүйіспеншілігімен сәуеленген ардақты атақ, таудай титул. Бұл өзі бұған дейін де, Абайға аға деп еркелеп, аға деп жүгінген заманнан бергі тақырып. Қ.Жұмалиевтің «Жайсаң жандарын», Ә.Тәжібаевтың «Есімдегілерін», Қ.Жандарбековтің «Көргендерім мен көңілдегілерім», С.Шаймерденовтің Мемлекеттік сыйлық алған «Ағалардың алақанын», О.Бөкеевтің «Ағасын» т.т оқып өстік.

«Кейін жақын араласа келе байқадым, оның өмірінің дені аңыз-әңгімелердегі дегдар жандардың тағдырына ұқсас екен» дейді. Расында мұндағы кейіпкерлердің қай-қайсысының өміріне ден қойсаңыз да осы ойдан бір елі ажырамайсыз.

Аңыздан шығып, аңызға кіріп бара жатқандай. Біз жылдар бойы тұлғасыз тарихты, бесжылдықтар тарихын оқып келдік. Бұл кітап тарихты тұлға арқылы тәпсірлеу. Елтану, қазақтанудың үздік үлгісі. Тағы бір артықшылығы – бұл жазбаның қай-қайсысы да уақыт ағымына қарай қайта қарауды қажетсінбейді. Әрбір дерек-дәйегі – қаққан шегедей, сол деректі ұстап тұрған сөздері – атқан жебедей. Кітаптың тұсаукесері кезінде автордың өзі атап көрсеткендей, сол күйінде жарық көріп отыр. Кітап болып жарық көргенге дейін түрлі басылымдарда жарияланған эсселерді студенттерге дәріс оқу барысында да пайдаланып жүрдік. Шіркін, режиссері табылса, осынау тұлғаның қай-қайсысы да ғажап сериалға кейіпкер болуға сұранып тұр ғой. Сценарист іздеп те жүрмейсіз.

Мұхтан «Шеберде» «Сонымен «Менің Әуезовім» қандай кітап?» деген сауал тастайды да, кітаптың жанрын жіліктеп, жаңғақша шағады. Ал «Менің ағаларым» қандай кітап? Мұнда да жанрдың бағы жанған. «Менің Әуезовімдегі» тәрізді мұнда да жанрлар мидай араласып кеткен. Жанр демекші, біз осы эссені қалай түсінеміз? Мұхтан жол-жөнекей оның да аражігін ашып кетеді. Эссе – ерке, еркін, жасампаз жанр. Жақсы эссе кісіні жақсы ән тындағандай тыңайтады. Әрісін айтпағанда, Андре Моруа заманынан қырық катпарлы бұл жанр тәуелсіздіктен бермен қарай біздің топыраққа толық сіңісті болды десек, аса жаңылыса қоймаспыз. Осы тұрғыдан тәпсірлегенде, онда поэзия, прозаның, пәлсапаның да тілі қатар өріліп, симбиоздық сипатта көрініс беріп жатады. Бұл жағдайды «Шебер» атты эссесінде Моруаның: «Этот жанр гибрид... его характерная черта – интеллектуальная игра ума» деген тұжырымын «Менің Әуезовім» роман-эссесіне Қабдоловтың эпиграф етіп алғанын ұтқыр пайдаланған Мұхтан әр жазбасында жанрдың сан қырлы ерекшелігін іргелі ізденістер арқылы ғажап ашады. Айналып келгенде эссенің есін шығарып жібереді. «Менің ағаларымның» рухи, эстетикалық қуатын арттыратын фактор – сөздің сазы, дауысы (*М.Байғұтовтың «Дауыстың түсі» деген әңгімесін еске түсіріңіз*). Лиризмді лүпілдеп, жібек желдей желпиді. «Мен тірі сөз жазамын ғой» деуші еді Дүкенбай Досжан. Тура солай. Сөздің өзін сөзбен суреттеу, сөздің сырын, сипатын ашуы сұрапыл. Кейіпкеріміздің бойындағы алуан қасиетті бағамдаған сайын, оның сурет-

керлік қырына да тәнті боласыз. Егер тілші-ғалымдар «Менің ағаларымның» тіліне талдау жасайтын болса, мол қазынаға да кезігеріне сөз жоқ. Ұшан-теңіз энциклопедиялық білім-білік, академиялық арна, пайым-парасат не істетпейді? Жылқы жайлы жазса жалын тарап отырып, тазы туралы толғаса тазалық пен тектен тамыр тартып, ал енді ағаларға келгенде ағыл-тегіл төгілетін, жалпы қай тақырыпқа түрен салса да шашасына шаң жұқтырмайтын сұлу сөздің сүлейі, ордалы ойдың оғланы. Кітап – тұтас бір дәуірдің

атты эссесінде әріге бармай Шыңғыс төреден бері тартқанда мені екі кейіпкер алабөтен қызықтырды. Оның бірі – Шоканның өзі қолымен жетелеп жүріп жетілдірген зағип, мылқау інісі Мақы. «Қазақ» газеті (16.06.1916) ол қайтқанда «Бұл кісінің өнер-білімі мылқау адам түгіл, тілі бар адамда жоқ еді...» деп қазанама берді. Расында сан қырлы, тағдырлы адам. Дені сау болғанда не істер еді деп ойлайсың. Ендігі кейіпкер – Шоканның тағы бір інісі Қозыке (Сақыпкерей). Әнші, композитор. «Абай жолында»

аспандағы әнін қосқан» атакты Әсет Найманбайұлы. Сондай-ақ «Тауарих хамсаның» авторы Құрбанғали Халидимен еркін араласып, кеңес құрған. Осының бәрін көкірегіне түйіп өскен Әкетай атасы мен асылзада әкесі Абрармен жалғасқан ілім-білім, ата жолы бүгінгі ұрпағының бойына ыстық қандай құйылып, жылы ағыстар алып келді.

«Кейде даладан іздеген даналық өз үйінің төрінде отырады» деген ұлы Әуезовтің сөзі ендігі ойымыздың тынысын ашып бермек. Көңіл күйдің алуан сәтіне қарай кеудесі толған қазына, бір басына бірнеше өнер қонған Абрар ақсақалдың «Абай домбырасын» қолға алып ұзақ шертетіні бар екен. Күй тілінде көсем қағыс, түре тартыс, шешен шертістер деген болады. Ежелгі касса, дастандар, ескінің әңгімесімен жалғасатын ұлы сарындар (*күйде жанр болмайды, сарындар, ақжелеңдер, қосбасарлар, көкейкестілер, гөй-гөйлер болады*) кісінің ойлау масштабын жан-жақты дамытуға келгенде таптырмайтын тәсіл. Мұхтардың жазуында кей тұста сөз бен саз үйлесіп, домбыраның шешен пернесіндей жолдардың кездесіп жатуы да бұдан кейін құпия болмай қалады. Сонсоң архаизмнің ауылына кетіп қалған ата сөздер де мол ұшырасып отырады. Бұл да болса кеудесі көне сөздік қарияның дала дәптерінен алынғаны анық. Бұдан соң ақсақалдың «Менің ағаларымдағы» тау тұлғалармен тең тұрып сөйлесіп, пікірлес, сырлас болуының сырын ашуға көп сөз жұмсаудың да қажеті бола қоймас. Ендігі жерде «бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деп жазған Рақымғалидың сөзіне тік тұрып қол соғу ғана қалды. Қысқасы, Мұхтар мырза университетке бастауыш сыныпта «Абай жолының» төрт кітабын, Мақаншының кітапханасын тауысып, даярлық-даналық курсың да өте жақсы бағамен бітіріп келді. Бұдан соңғы өмірдің бір сәті жадымызда былай жаңғырады.

«Өмірімде айрықша із қалдырған Қазақ энциклопедиясындағы берекелі жылдарды артқа тастап, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бар ғұмырын қалам мен кітапқа арнаған өз бабалардың ата кәсібін жалғастырып, кітап басумен айналысатын кәсіпкерлікке бет бұрдым», – дейді Мұхтар Абрарұлы «Асылзада» эссесінде.

Бұл – 1992 жыл. Тәуелсіздіктің еленалаң шағы. Жұрт күнкөрісті ғана ойлап, жабайы саудаға кіріскенде, ол тәуекелге барып, баяғы бабалар салған өркеніет жолына түсті. «Атамұра» корпорациясын ашты. Онымен қоса көп ұзамай «Атамұра» – «Столичное обозрение» басылымы да жарық көрді. Ол тұста қазіргі қаптаған басылымдар жоқ. Әуелде таңсық көрінген аталмыш ақпарат құралдарының жұмысы бізді де қызықтырып, алдымыздан бір жаңа рухани кеңістік қақпасы ашылғандай болды. Осы күнгі Қайнар Олжай, сенатор, Ұлттық Құрылтай төрағасының орынбасары Бибігүл Жексенбай бар, оның жұмысына бір ынтызарлықпен қатысқанымыз есімде. «Атамұра» әп дегеннен қайрандап қалған ұлт руханиятының тамырына қан құя бастады. Сол заман көзімен қарағанда, құдды бір руханият деген алып кемеге жүк артып қара жерді қарсы алып келе жатқандай еді. Шынында да белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар, тағы басқалар үшін «Атамұра» үміт отын жағып, рухани шырақшыға айнала бастады. Соның ішінде өзінің төл саласы баспасөзге де бет бұрып, сол кездегі Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Камал Смайыловпен кеңесіп, корпорация Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков атындағы сыйлықтарды белгілеп, жыл сайын еліміздің таңдаулы журналистеріне беріп отыруды дәстүрге айналдырды.

Соның бірі, Ә.Ермеков атындағы сыйлық мына пақырыңызға бұйырған еді.

Заманында Құлмұханбет бабасының ортаншы ұлы Сейдахметтің даңқын асырған кәсіпкерлікті Мұхтан осылайша сәтті жалғастырды. Қазіргі күнге дейін 1,5 миллионнан астам кітап басып шығарған «Атамұра» – сан-салалы іргелі кәсіпорын. Қысқасы, «Атамұра» ата баспаға, ұлт руханиятының тайқазанына айналды, бүгінгі тілмен айтқанда, заманауи үлгідегі баспалардың бренді. Оның бір дәлелі былтыр да жылдың үздік баспасы атанды. Талантты танып, терең туындыларды тандап, талғап басатын баспа – қазақ қаламгерлерінің қамқоры. Бұл баспадан кітап шығару – үлкен мәртебе.

МИНИСТРДІҢ ТАПСЫРМАСЫ

Билікті бір құзар шын дейтін болсақ, оған әркім әрқалай жолмен барады. Бұл сол биікке төте емес, қия жолмен жетті. Мұндай жолдың ғұмыры қашан да ұзақ. Алайда сол жолға түскен адамның өзін жоғалтып алуы да аса қиын емес. Қызмет пен мансаптың буына мастанып, бойында барынан айырылып қалғандарды да білеміз. Бірақ біздің Мұхтан өзін жоғалтпады, бұл жықпылдан да абыроймен шықты. Солай, өзі айтқандай, үкімет тарап, министрлер отставкаға кетіп, ендігі жағдайын ойлап сарыуайымға салынып жатқанда сол баяғы бұлақ бастауы, жаз жайлауы, қыс қыстауы кітапханалардағы сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміне тартатын бұл әу бастағы басты ұстанымы – қызметті елге қызмет етуге пайдаланудан айнымады. Қызметтің уақытша екенін терең түйсінген ол сол кешегі бабалар салған сара соқпақ пен ағалар аманатына адал болуды бір сәтке естен шығармай сол жолда жанкешті жұмыс жасады. Жарайды, ойымызды дәлелмен дәрегейлеп отырайық.

Студент кезден қалған дағды. Қай тұста танымал тұлға дәріс оқиды ия кездесу өткізеді десе, сабақты тастай қашатынбыз. Әлгіндегі өзін жоғалту деген желеу сөз және есте, бір күні ЖенПИ-де министр Мұхтар Құл-Мұхаммед лекция оқитын болды. Шон шенеуніктің өзі жүргізетін жиналысқа қатыспай, Мұхтан достың дәрісіне тарттым. Дәрістің тақырыбы – Жолдау. Мұхтан Жолдаудың жеті емес, жетпіс жеті атасы туралы толғады. Сәлден соң Жолдау жайына қалып, студенттердің сауалына келгенде ағыл-тегіл ақтарылды. Тура бір Сүгір мен Жантөренің «Шалқымасындай» шалқыды. Айтпағым не?

Бізге қазіргі жасанды интеллектіге иек артқан тұста осындай жасампаз интеллект – министрлер көбірек керек. Олай бола бермеген сон, өткен тұлғаларға деген сағыныш арта береді. Ал солардың көзіндей, өзіндей қазіргі тұлғалар туралы айтуға онсыз да сараңбыз? Бар ғой ұлт жұмысына жегілген жігіттер. Жоғары оқу орындарында неге осындай дәрістер оқылмайды? Сонда жұрт өзін басқарып отырғандардың денгейін де біліп отырар еді. Әр қиырды бір шолып, дүние данышпандарының пайымын бір түгендеп, одан өзіміздің тұлғаларға бір соғып, қаптаған дерек пен дәйектерді бір басына сыйдырып, құнарлы, қатпарлы осындай дәрістер оқылып жатса, қамқоніл елдің аумалы-төкпелі көзқарасы да сабасына түспес пе еді?! Сол жолғы ЖенПИ-дегі дәріске көпшіліктің «жолдау туралы ғой, қызықты не айта қояр дейсің?» деген оймен келгені рас. Жоқ олай емес. Естен кетпес рухани сілкініс болды. Ал бүгінгі аудитория сондай әлеуеті аса жоғары интеллектуалдарды неге тындамайды? Жоқ бізге жансыз жасанды интеллект керек? Әлі күнге дейін ұмытылмайтын сол дәріс осындай ойға ден қойғызды.

(Соңы 22-бетте)

МҰХТАН



демі. Ақиқат айтылған жерде өзінді адам сезінесің. «Менің ағаларым» – ақиқат алаңы. Жазуында жасырып қалу, асырып айту атымен болмайтын, фальш дегенмен жаны қас біздің Мұхтан қай кезде де бағдар жасауға, жүгінуге болады. Кейінгі 20 жыл мұғдарында әдеби-ғылыми айналымға ендірілдім деп жүрген «Тұлғатану» атты жобамның аясында студенттерге дәріс оқу барысында осы ағалар ілімі туралы айтуға да көп құмбыл болып жүрмін. Егер менің қолымда болса, «Менің ағаларымды» жоғары оқу орындарының бағдарламасына қосымша оқулық ретінде енгізер едім.

«Зиялылар біріксе, қоғам зайырлана түседі» дейді абыз Әбіш. Демек, қоғамды біріктіретін, тобырлық, рулық санадан аластатып, ұлттық санаға көтеретін осындай кітаптар. Ел мойындаған тұлғалар.

АТА ЖОЛЫМЕН «АТАМҰРАҒА»

«Болар бала бесігінде бұлқынады, тұлпар болар құлын желіде жұлқынады» деген ата сөзі бар. Осы сөздің сыры да тарихтың тағы бір тереңіне тартады.

«Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» дейді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Қашан да рушылдығы емес, рухшылдығы, ағашылдығы емес, алашшылдығы айқын Абрарұлы да есте жоқ ескі заманнан есіп сөйлеп, отбасы тарихын отан тарихымен тамырластықта таратады. Өз тегін, ел тарихын, түп-түқияның терең білген адамның толыққанды адам яғни тұлға ретінде қалыптасуы қалыптасуы мүмкіндік береді. Бұл тарих – отаншылдық, мемлекетшілдік түсініктің тұнық тұмасы. Осы түсінік ел ағалары туралы толғанысында да басым сипат береді. Мәселен, Шота Уәлиханов туралы «Ханзада»

айтылатын әйгілі «Топайкөктің» авторы. Бұл әнді атакты «әнді ерттеп, күй мінген» Жарылғапберді Қозыкөктің өзінен үйреніп айтқан екен. Мұхтанның кәсіби тарихшы ретіндегі ғылымға адалдығы өз алдына, ол қандай кейіпкерін зерттесе де оның ата-баба шежіресінен осындай таңғажайып тағдырлар тауып отырады және сол тағдырды зерттейді. Бұл кейде тарихты хронологиялық тәсілмен айтып шығатын айтарман мен жазармандардың қаперінде жүретін де жай.

Мұхтардың ағалар академиясына дейінгі өткен даярлық, яғни далалық даналық курсына бойлағанда тұлға бойын шымырлап отырады, бір кәусарға кезіккендей күй кешесің. Бұл курстың тәлімгері – дала профессоры Абрар Әкетайұлы, тыңдаушы, бала шәкірт – Мұхтар. Шерлі, шешен шежіре, даналық дариясы. Сол дарияның жағасында өскен бала көз алдында отырады. Ол үшін «Асылзада» эссе-хамсасындағы (*мен жанрын осылай атадым*) тарихты көктей шолып та көп жайға қанығасыз.

Тегінде бар тегін болсын ба, Құлмұханбет бабасының айналасының өзі кіл жақсы мен жайсаң, қаймақтар мен қаспақтар, аты аңызға айналған адамдар. Соның бірі өзінен 20 жастай кіші аталас інісі Жүсіпбек Шайхысламұлын көкірегі ояу қазақтың бәрі білсе керек. Құлмұханбет Алтай, Тарбағатай қазақтарының арасында абыз денгейіне көтерілген, бір өзі бір қазына, ағартушы болған адам. Оның кеңесімен Жүсіпбек шығыс шайырларының дәстүріне сай дастандар жазып, оны сол кездегі руханияттың ірі орталықтары Уфа, Ташкент, Қазанда басып шығарады. Ол ол ма, «Қыз Жібек», «Алпамыс батыр», «Айман-Шолпан», «Кенесары-Наурызбай» т.б. жырларды ел аузынан жазып алып, бастырады. Ал енді осы санаттағы тағы бір бірегей «аққуға

(Басы 5-бетте)

— Анау қасындағы тиісті адамдарға айтарсың, ертең Сталин жолдас үшін демалыс, — деді.

Полковник шығып кеткен соң маған:

— Ертең Беловежье тоғайына барамыз, ан аулауға, — деді.

Аң аулауға жоқ едім. Ақын-жазушы әріптестерім де бұған өкініш білдіретін. «Бірақ бір жөні болар» деп сыр білдірмедім. «Мунзанидін» екінші шөлмегінен кейін әңгіме әдебиет, жазушылар тақырыбына ауысты.

— Барлығы да бір қалыптан шыққандай жылпос, Фадеев бас болған маскүнемдер. Платонов құдай берген талант. Бірақ оған да ескертпе жасадым. Булгаков... МХАТ-та «Турбиндер күндерін» оншақты рет көріп шыққан шығармын. Нағыз офицерлер. Большевиктер ентелеп келеді. Ал олар болса антына соншалықты берік. Рақаттанып көресің. Ал мен болсам жан-жағымдағыларға күдікпен қараймын. Ешкімге сенбейсің. Тәуірлерін атып тастадым. Жамандары қалды, — деді Сталин. Осы әңгімелерді ерсілі-қарсылы жүріп айтқан ол креслоға отыра кетті де:

— Демалайық. Ертең ұшаққа тапсырыс беріп қойдық қой. Ерте тұруымыз қажет, — деді.

Түні бойы еңсіздеу тар қушетқада дөңбекшіп шықтым. Осы жерге мені сыпайы екі капитан орналастырған еді. Ой шырмауына орандым. Мені не үшін шақыртты? Ертең не күтіп тұр? Сталин өзі сөйлейді. Мен оны үнсіз құптаймын. Бұлай ұдайы үнсіз отыра беруге бола ма? «Қорқақ» немесе ақымақ» деп ойлауы мүмкін ғой. Не деймін? Сөйлеу үшін бөлкім көбірек ішу керек шығар? Дегенмен Сталин жарады. Жетпіске таяп қалды. Мен болсам отыз алтыдамын. Жақсы ішіп отыр.

Менің тирандармен әңгімелесу жөнінде тәжірибем жоқ. Гитлер де дастарқан үстінде әңгімешіл дегенді естуші едім. Әйелдердің қолынан сүйетін көрінеді. Ильич болса мысықтардың басынан сипап отырып, ғұмыр бойы «Аппассионатаны» тыңдайды екен. Түннің бір уағына дейін ойыма тыныштық болмады. Әрі қарай не болар екен?..

Түнгі 3-тер шамасында оянып кеттім. Міне, сұмдық! Сталин аяқ жағымда отыр. Қолында жартылық шөлмек.

— Көзім ілінбеді капитан. Көзі қанталаған балалар елес береді. Саған келдім, — деді.

— Алып қояйық, капитан...

Арақ құятын стаканның жоқтығын сездіріп:

— Немен ішеміз, жолдас Сталин? — дедім.

Шынайы жағдайға енді қаныққан ол:

— Қазір, қазір бірден ойластырамыз, — деп көрші бөлмеге шығып кетті. Іле-шала қайта оралды. Қолында екі қырлы стакан, тарелкеге салынған тұздалған бәдірен.

— Нан таба алмадым. Әлгі кемпірді оятқым келмеді. Онсыз да бірденесі болар, — деді Кремль кожайыны.

Түнгі үштен басталған арақ ішу ертеңіне күні бойы жалғасты. Неге екені белгісіз аң аулау доғарылды.

— Андарға аяушылық білдірейік. Бастары көбейсін, — деді Сталин мұның

себебін түсіндірген болып.

Көрші бөлмедегі кемпір оянып, дастарқан толтырылғанымен, арақ мольна ішіліп, тағам аз желінді.

— Тағамнан алу керек, тағамнан, — деді әрі-бері өткен кемпір, — мыжындап қонақтың мазасын аласың. Қарашы, алдына аузына салсаң еріп кететін бұзаудың етін қойдым.

— Бізді оқытпа, кәрі қақпас, өзіміз жақсы білеміз, оқымыстымыз, — деді Сталин кемпірге қолын бір сілтеп. Ол да есесін жібермей:

— Қайдағы оқымыстылар... Адамдарды қамауға келгенде білгішсіндер, қалай ішу керегін білмейсіндер, — деді.

Сталин қатқылдау кеткісі келіп еді, бірақ онысынан ештеңе шықпай:

— Жарайды, кәрі қақпас, бізге енді бөгет болма! — деді.

Бірдене деп күбірлеген кемпір бөлмесіне кетті...

...Жазушылар туралы үзілген әңгіме қайта жалғасып, ол тіпті күлкілі сипат ала бастады.

— Әдебиетшілерге арнап арнайы әскери атак енгізсек қайтеді, — деді Сталин. — Айталық «лит-майор», лит-полковник, лит-генерал, әдебиет маршалы деген сияқты. Барлығына пагон таксақ...

Тіпті комиссия құру үшін сол сәтте Фадеевке (КСРО Жазушылар одағының төрағасы. -А.Ж.) телефон соқпақшы болып, артынша:

— Съезді күте тұрайық. Сонда осы мәселе бойынша сөз сөйлеймін. Ой, жазушылар қуанып қалатын болады, — деді.

Орыс патшаларының тағдыры туралы біраз әңгіме айтылды. Тағы да арақ құйылды. Сталин оқыстан:

— Қалай қарайсың, сені саяси бюро құрамына енгізсем қайтеді? Онда отырғандар сүренсіз, оқ-дәрінің ісін сезіп көрмегендер. Секретариат құрамына енгізсем де болады. Жданов музыкамен айналысса, әйтеуір рояльда жалғыз саусақпен ойнайтыны бар ғой. Маған «Тарзанды» (сол кездегі фильм. -А.Ж.) көруге кімді шақыру керегін айтасың. Шақырылғандар ішінен кімдермен арақ ішуге болатынын, кімдердің артынан теуіп жіберетінімізді шешуге болады. Әйтпесе, арамтамақтар көбейіп барады. Өздеріне саяжай салып, бай-манаптар сияқты өмір сүріп жатқандар бар... Ал сенің саяжайың бар ма?

— Қайдан болсын, жолдас Сталин, коммуналдық пәтерде тұрамын.

— Коммуналдық пәтерде деймісің? Сталин сыйлығының лауреаты коммуналдық баспанада тұра ма?

— Дәл солай, жолдас Сталин!

— Бұл барып тұрған берекесіздік қой...

Сталин телефон тұтқасын көтеріп: «Маған Хрущевті қос», — деді. Сәлден кейін: «Никита, қалайсың? Тірісің бе? Лазарь (саяси бюро мүшесі Кагановичті айтып отыр. -Ж.А.) қинап жатқан жоқ па? Жарайды, жарайды... Менде сенің жерлесің, киевтік жас жазушы отыр. Фамилиясы Некрасов», — деді. Сосын маған бұрылып: «Әлгі классик жазушыға қатысын жоқ па?» — деп сұрады да, артынша Хрущевке: «Ешқандай да туыстық қатынасы жоқ. Тамыр-таныссыз барлығын өзі жарып шыққан. Не дейсің?.. Танымайтын болып шықтың ба? Сені үлкен басшы дейді. Ұят қой танымағаның. Қазір сен ұшаққа отыр. Сағат қазір тоғыз. Он екі-

де менде боласың, түсінікті ме?» — деді.

Сталин телефон тұтқасын ұясына қондыра салды да:

— Сәл сергіп қайтсын. Әйтпесе Лазарь оны украин мәселелерімен әбден шаршатып бітті, — деді.

Ішімдіктен басым ауырғандықтан, әлде айықпаған қорқыныштан ба, әйтеуір мен әлі белсенділік таныта қойған жоқ едім. Сталин өзі сөйлейді, өзі шешеді. Ерсілі-қарсылы жүреді де қояды. Арагідік мен отырған үстелге келіп жүзіме барлай көз тастайды. Артынша есіктің ашылған санылауына құлағын тосып бірер минут тың тыңдағандай болады. Мен ойға берілдім. Құдайларға да тыныштық жоқ. Олар да өздерінің аспан әлемінде бірденеден сескенетін сияқты. Сталин маған тағы көз тастады. Сенбейтін сияқты. Бірнеше секунд өтті:

— Ешкімге айтқаным жоқ, саған айтайын, — деді Сталин. — Сыр сақтай аламысың?

Қорқыныштан сілекейімді жұтып жібердім. Сыр сақтай алатынымды айттым. Еңкейген күйі құлағыма

— Сталинградта жазуға талпыныс жасағанмын. Ештеңе шықпады.

— Иә, қиын, өте қиын. Кім үшін жазғың келетіні түсініксіз. Өзің үшін әлде тарих үшін бе? Жарайды. Өзім шақырамын. Сонда айтармын... Жазушымен кездескендей...

...Сағат дәл он екіні соққанда есік ашылып, Хрущевтің шошқа тәрізді сұлбасы көрінді.

— Кіруге бола ма екен, жолдас Сталин?

— Ай, түлкі Никита, горилканы (украин шарабы. -А.Ж.) әкелдің бе? — деді Сталин қуақыланып. Хрущев абдырап қалды.

— Ой, хохол, сен ештеңе сезбейсің. Тарихты білмейсің. Патшаға құралақан келмейді ғой. Сый әкеледі. Бұлғын жағалы тон, асыл тұқымды жылқы, жауһар тас дегендей. Ал бізге, жазушы екеуімізге горилка мен әлгі украин бұрышы жетпей тұр. Не істейміз, жазалаймыз ба, сені...

— Қазір, қазір жолдас Сталин...

Хрущев мінгірлеп, бір әрекетке көш-

НЕКРАСОВ



сыбырлап:

— Күнделік жазамын, — деді саусағын ерніне тигізіп. — Ешкім де білмейді... Өткір көздері өңменімді тесіп жібергендей болды. — Ешкімге сенбеймін. Ешкімге! Ал саған сенемін, білемісің ертең өлгенде...

Мен үнсізбін. Ол тағы да ерсілі-қарсылы жүріп тың тыңдағандай болды. Бөлмеде өлі тыныштық. Ашық терезеден құстардың шикылы ғана естіледі.

— Бүгін емес, әрине, кейін, арнайы шақырамын, — деді. Ол бөлмеде тағы ерсілі-қарсылы жүріп кетті.

— Жарайды, құйсаңшы, — деді маған жақындап. Стакандарға құйып шықтым. Маған кадала қарап:

— Айттың екен, тіліңді кесіп аламын. Түсіндің бе? Әлгі парсы, ауған шахтары секілді...

Көңіл күйім құлазып сала берді. Сталин байқап қалды ма, иығымнан қағып:

— Сендермен әзілдесуге де болмайды осы... Барлығың да үркексіңдер... Ал сен күнделік жүргізесің бе? — деді әңгіме сипатын өзгертіп.

кендей болды.

— Құрып кетсінші, сені қайбір кешірмей жүрміз. Тағы бір кешіруге тура келеді. Капитан, оған толтырып құй, толтырып. Шашып, төкпей іш. Қолың қалтырап кетті ғой, немене қорқып кеттің бе? — деген Сталин Хрущевті әбден састырды. Хрущев қорыққаны соншалық, стаканды аузына әрең апарды. Дегенмен тауысты, әрең дегенде...

— Ой, Никита, — деді Сталин кекесінді күлкімен. — Сені де заповоужелік казак дейді-ау. Карның том-пайып кетіпті. Капитан, оған тағы да құй. Әйтпесе бізбен теңесе алмайды, — деді Сталин.

Екінші стакан оңай кетті. Алақанымен аузын сүрткен Хрущев бұзау етінен аузына салды.

— Міне, енді дұрыс болды. Тамақтана тұрындар, мен қазір... — деді де Сталин дәретханаға шығып кетті.

Хрущев жеңілденіп қалды. Маған қызғаныш сезімімен қарап:

— Мені осында сіз үшін шақырды ма? — деп сұрады.

— Иә, солай шығар.
 — Нендей себеппен, білмейсіз бе?
 — Пәтер жайлы.
 — Пәтер деймісіз. Сізде жоқ па еді не, оны телефон арқылы шешуге болар еді ғой...
 — Иә, болатын еді.
 — Тағы не айтты?
 — Шокпар туралы.
 — Қандай шокпар?
 — Богдан Хмельницкийдің...
 — Ескерткіштегі ме, оны алып тастау керек пе? Қазір-ақ алып тастаймыз, — деді Хрушев жеңілденіп.
 Сталин қайта оралды. Қабылдау бөлмесінен телефон соғылды. Ол телефон тұтқасын көтерді:
 — Кім дейсің? Берия... Мен оны шақырып па едім? Қолы босамай жатыр деп айт! — телефонды қоя салды. Сәлден кейін телефон тағы безілдеп қоя берді.
 — Маңызды шаруа дейді. Жарайды, кірсең.
 — Не болып қалды соншалықты? — деді Сталин Берияға ашулы кейіппен. — Көріп тұрсың ғой, арақ ішіп жатырмыз.

сұстана көз тіккенін қарашы, көрсін жамандық істеп, бел омыртқасын сындырып жіберемін! — деді.

Сталин тағы да ерсілі-қарсылы жүріп алды. Қанша ішкенімен мағанын көрінді. Арасында қызметшілерін былапыт сөздермен сыбап тастайды. Кушеткада отырған Никитаның аяғынан теуіп жіберіп:

— Кәнеки, тұр орныңнан! Украинада не істеліп жатыр, баянда! — деді. Хрушев сымдай тартылып тұра қалды.

— Кре... Крещатикті сіздің нұсқауыңызбен қалпына келтіріп жатырмыз. Жазушылар да үн қосты. Павло Тычина өлеңін арнады...

— Керек еді сенің Тычинаң маған. Сен маған астықтың, көмірдің жай-күйін айт. Отырып ойынды жинақта, — деді Сталин.

Хрушев есін тез жиып алды. Бұл, сірә, Сталиннің тылсым күшінің құдіретінен болса керек-ті. Қалтасынан қағазын алып, тізбектелген цифрларды баяндай жөнелді.

Маған танданыс туғызғаны Сталин

туралы айтылды.

— Сталинградтағы солдаттардың бір-ақ арманы болды, ол бандит Гитлерді өз ошағында талқандау еді. Солдаттар өздеріне тиісті 100 грамды сол үшін ішетін, — дедім сөзімнің соңында.

— Жаксы тост, — деді Сталин. — Сол үшін тағы құйылсын!

— Құятын дәнеңе жоқ, — дедім жалма-жан.

— Қалайша жоқ, қанеки, Никита жүгіріп барып кел, кезекшіге...

Хрушев есікке қарай беттеді.

— Саған айтарым, — деді Сталин кеудемді саусағымен нұқып. — Мен сені енді түсіндім, Некрасов. Сен қу адамсың. Өте қусың. Сол үшін мактаймын. Бірақ есепке жоқсың. Сен тост айттың, жаксы, патриоттық сипатта. Сенен жаксы тамада шығады. Грузин емессің бе, осы сен? Кім біледі, мүмкін әжелеріңнің бірі грузин шығар... Бірақ тостыңда қателік жіберіп алдың. Қулығыңды асырып жібердің бе, әлде сол қулығың жетпей қалды ма?..

Сталин бөлмеде әрі-бері жүрді де,

ЖӘНЕ СТАЛИН

Маңызды мәселелер талқылап жатырмыз. Не болғанын қысқа ғана баянда!

Берия бірдеңе айтқысы келіп еді, Сталин тоқтатып:

— Сен сау адамсың, ал сау адам әрдайым күмән туғызады, — деді.

Берия стақанын қолына алып, алдымен, Хрушевке, сосын маған сұстана қарады.

— Неге кадала қалдың оған, жазушы ғой. Онымен әдебиет проблемаларын шешіп жатырмыз. Бүгін ешкімді қаматамаймыз, түсіндің бе? Қағып таста, қолыңдағыны! — деді Сталин.

Оған арақ құйылды. Берия қиналғанымен арағын тауысып ішті.

— Келіп қалған екенсің, енді баяндай бер! — деді Сталин.

— Конфиденциалды әңгіме еді...

— Конфиденциалды әңгіме деймісің. Мемлекеттің өмірі саған байланысты екен ғой. Солай ма? Бәлкім, мен қазір мемлекет туралы әңгіме айтқым келмейтін шығар. Жазушымен әдебиет туралы әңгімелескім келетін болар. Сен Щедринді оқыдың ба? Оқыған жоқсың. Сондай губернатор-жазушы болған. Жаман емес, сенің Горькийіңнен тәуір. Бар, оқы! Сосын баяндайсың. Кру-гом, марш!

Сталиннің осы сөздерінен кейін Берия мелшиіп қатып қалды. Берия, катігез Берия көз алдымызда жоғалып, еріп кеткендей болды. Ол сұрланып, кетерін не кетпесін білмей абдырап қалды. Барлығына мен кінәлідей кектене қарады. Мұнысын байқап қалған Сталин:

— Кіммен ішкім келеді, өзім білем, түсіндің бе? Сенімен емес, осымен ішкім келеді. Барлығын тіміскілеп білгісі келіп тұратынын қарашы!

Сталин жұдырығымен үстелді қойып қалды: «Жоғал дедім ғой!»

Сталин сабасына түскендей болды да:

— Өзін грузинге санайды. Тіміскіленіп жүреді оңбаған, тыңдайды. Тыныштық бермейді. Тіпті саған

шын ниетімен бе, әлде келемеж еткісі келді ме, Хрушевтің иығынан қағып:

— Көрдң бе, елу миллион халқы бар республика, ал оның барлық дерегі мұның қалтасынан табылады. Никита, сен осындайсың, ә! — деді.

...Одан әрі өзім барынша қауіптенген сәтке жақындап қалғанымды сезгендей болдым. Сөйлегім келді. Бірақ өзімді-өзім тежедім. Нең бар, басына бәле тілеп! Қарашы, барлығы жаксы өтіп жатыр. Барлығына жекиді, ал сен болсаң, оған қонақсың. Қасыңдағыларға қорлық көрсетіп жатса да, сенің басыңнан сипайды. Никитаны шақырып алып тапсырма беріп қойды. Зәулім үй салып беретін болды. Бұдан артық не керек саған?! Онан да Киевке кетуге асыққаның жөн болады. Тыныш отырып жазуыңды жаз дегендей... Тағы да ой шырмауына орандым. Жок, сөйлеуім керек!

Қапелімде бұл ойымнан тағы айныдым. Құдайды, Сталинді ашуландырып алма, ақымақ! Бірденені бүлдіріп алсаң ше? Сенің алдында Сталин екенін ұмытпа! Оның үстіне екеуің де массын... Ештеңе етпейді. Тост айтуым керек, тост.

Үстелге жақындап, шөлмектегі қалған арақты стақандарға мөлтілдетіп құйдым да:

— Қымбатты жолдас Сталин, қымбатты Никита Сергеевич! Сіздердің байсалды, іскерлік әңгімелеріңізге араласқаным үшін кешірім сұраймын, бірақ ішудің реті келіп қалған сияқты... — дедім дауысымды көтеріңкіреп.

— Өте дұрыс айтылған ескерту, — деді Сталин байсалды қалыппен. — Ішкеннің ешбір зияны жоқ. Миды тазартады.

Сөз тиегі ағытылып сала берді. Мас күйімде соғыс туралы айттым. Алғашқы шегініс, Украинадағы, Сталинградтағы жағдай, шабуылға шығар алдында берілетін арақ, Мамаев қорғаны, солдаттар, полк командирі, Чуйков, Родимцев, патриотизм... тағысын, тағылар

маған қарсы келіп тоқтады.

— Маған шындығын айтшы. Сеніңше жолдас Сталин Ұлы Отан соғысына қатысқан ба, әлде... Ал меніңше, аздаған болса да үлес қосқан сияқты. Әлде мен қателесіп тұрмын ба? — деді.

Мен оның алдында үнсіз тұрмын. Қол-аяғым тұсауланып қалған секілді.

— Мен саған, жас досыма, мынаны айтпақшымын, — деді Сталин әңгімесін жалғастырып. — Осының барлығы сөзімнің кіріспесі ғана. Ешқандай дауым жоқ, жаксы тост айттың. Енді Гитлер туралы. Солдаттар да, сен де оны бандит дедіндер. Дұрыс айттыңдар, ол шынында да бандит. Бірақ мен оны ақылды бандит деп ойлаушы едім, ол ақымақ бандит болып шықты. Егер біз бірігіп, Черчилль мен Рузвельт одағына қарсы шыққанымызда (Гитлер мен Кеңес Одағының бірлігін айтып отыр. — Ж.А.), бүкіл әлемді, түсінемісің, бүкіл әлемді жаулап алып, сосын оны екеуара қақ бөліп алған болар едік. Ол ақымақ мұны түсінбеді. Маған қилікті келіп. Ақыры тұмсығы таска тиді.

— Жолдас Сталин, сіз өзіңіз...

— Сөзімді бөлме! Жолдас Сталиннің сөзін бөлуге болмайды. Екеуіміз де Гитлердің бандит екенін айттық. Адамдарды өлтірді, оларды пешке жақты. Жаксы емес, әрине. Гуманизмге қайшы. Ал сеніңше жолдас Сталин бандит емес пе? Ол талай адамның жанын жаһаннамға жіберді. Оған Сталинге жету қайда-а! Онымен салыстырғанда бала емес пе, Сталиннен үйрену орнына ақымақ, оған бас салды...

...Жалпы, Гитлер алдымен, дұрыс бастады, — деді Сталин әңгімесін жалғастырып — Бізге, немістерге тіршілік етуге өрісіміз тар деді. Версальды (Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілген Германияға қойылған талаптар. —А.Ж.) тұншықтырды. Австрия, Судет аймағы, Мюнхен келісімі — Гитлерге жол ашылды. Чехословакия, Одақтастар үнсіз қалды. Жарайсың Гитлер! Не істеу қажеттігін білді. Ішкі

жаулармен қалай күресу керек, оны дұрыс істеді. Батыл қимылдады. «Еврей мәселесінің» түпкілікті шешімі. Дұрыс шешім. Тіпті көрегендік шешім десе де болады.

Сталин осы сөздерді айтқанда үнсіз тындап келген менің ішкі сезімім бұлқынып жарылудың алдында еді. Не деп кетті?..

— Жолдас Сталин... Иосиф Виссарионович... Бізді өмір бойы оқытқанда антисемитизм...

Ойымды аяқтауға мүмкіндік бермеді.

— Жок, ол ешқашан болған емес, болмайды да! «Антисемитизм» деген ұғым жоқ, түсіндің бе? Алыпсатарлардың, өсімқорлардың және жебірлердің азғантай ғана тобыры бар... Айтшы, Эйнштейн алыпсатар және жебір ме?

— Эйнштейнді білмеймін, ал Каганович сондай! — деп қойып қалдым.

Осы кезде екі шөлмек арағымен Хрушев кіріп келді.

— Никита айтшы, Лазарь ұры ма?

Хрушев жауап қатпастан шөлмектің біреуін ашу қамына кірісіп кетті. Ол маған өзен жағалауына лақтырып тастаған балық секілді елестеді. Алдында мойнына, кеудесіне дейін қызарып, жұдырығын тас түйіп алған Сталин тұр:
 — Айт дедім ғой, ұры ма әлде жоқ па?

Никита әлі үнсіз. Оның абдырап қалғанын пайдаланып, қолындағы шөлмегің алдым да, стақандарға құя бастадым. Мені қандай күш итермелегені бүгінге дейін жұмбақ, әйтеуір сол жолы батыл қимылдадым. Масаң күйде:

— Жолдас Сталин, бесінші рота командирі лейтенант Фарбер (Фарбер — Некрасовтың «Вокопах Сталинграда» повесінің кейіпкері. — А.Ж.) үшін ішуді ұсынамын. Ол туралы естіген шығарсыз?.. — дедім.

— Қандай Фарбер? Мен ешқандай да Фарберді білмеймін, — деді Сталин.
 — Бекер болған... 284-дивизия 1047 полкінің 5-рота командирі, — деп қайталадым да арағымды ішіп қойдым.

Сталин маған сұстана қарады. Телефон тұтқасына жармасты. «Күнім бітті» деп ойлады. Сталин менен көзін алмастан:

— Мұндай үшін не істейтінін білемісің... Білмейсің... Қазір білесің.

Ол әрбір сөзін шегелеп, бөліп-бөліп айтты да, телефон нөмірін терді:

— Маған, Берияны!

Мен біттім деп ойлады. Бөлмеде өлі тыныштық. Сталин де, Хрушев та қимылсыз. Құлағым шыңылдап кетті.

Тық-тық еткен жүрістің дыбысы естілді. Сталин мен ұсынған стақанды қысып ұстаған күйі жақындай түсті. Көзінен қып-қызыл жалын ұшқынын көрдім.

Сыртымнан есік сырт етіп ашылып, жабылды. Біттім енді... Стақанды тартып жібердім. Құлағым тағы шыңылдады. Шыңыл күшейе түсті. Құлады. Стақан еденге домалап кетті. Сталиннің:

— Әлжуаз бала... — деген сөздерін емес-емес естіп қалдым.

Одан әрі ештеңе естігенім жоқ, мен өлдім...

Дереккөзі: Виктор Некрасов «В самых адских котлах бывал». Москва. «Молодая гвардия». 1991 жыл



Ақерке АСАН,
әдебиеттанушы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлі есімде, шамамен орта ғасырға тиесілі деген бір картинаның репродукциясы қабырғаға қайталанып салынған екен. Алдында орындық тұр. Сол орындыққа отырып, басыңды шалқайтып фотоға түскенде, картинаның бір бөлшегіне айналып, фотосуретті естелікке сақтап алуға болады. Қаптаған кезекте балаларын ерттіп алған ата-аналар мез-мейрам күйде фотоға түсіп әлек. Орындықта отырған адамның басын пышак тәрізді құралмен шұқылап тұрған фондағы кейіпкердің бірі дәрігер болса керек, оның жанында қара жамылған монах, ал басында кітабы бар әйелдің діни қызметкердің киімін киіп тұрғаны анық. Төрт кейіпкерді бейнелеген ортағасырлық антураж. Көңіл көтеріп, қыдырып қайтамыз деген «Иллюзион» атты көшпенді мұражайдың дәл осы инсталляциясы алдындағы ағыл-тегіл адамдардың әрекетіне көз алмай ұзақ қарадым. Біраз бақылаған соң, әрі қарай басқасына алданып кете бардым. Бірақ сол сәттің жадыма қалғаны сонша, көп жыл өтсе де көз алдыма орала беретінін байқап жүрдім. Ол кезде картинаның атауын да, авторын да танып-білмеген шығармын. Бір күні кітап дүкеніне кіріп, кездейсоқ қолыма түскен үлкен энциклопедияның парақтағанында, дәл сол картина көзіме оттай басылды. Тіпті сонда да санамның түбінен шыққан ой жаңғырығына аса мән бермедім. Картина авторы – Иероним Босх. Туындының атауы – «Ақымақтық тасын алып тастау отасы».

1989 жылы жас режиссер, әжептәуір танымал авторлардың бірі – Терри Гиллиам өзінің шығармашылық арман жолын Мигель де Сервантестің «Дон Кихотын» экрандаудан бастайды. 2018 жылы көрерменнен қауышқан бұл фильм Копполаның апокалипсис сияқты тар жол, тайғақ кешуден өткен жобалардың бірі еді. Орта ғасырдан қопарып, бұқаралық киноға бірден бас қойды деп айыпқа бұйырманыз. Түсірілімі 29 жылға созылған бұл фильм ортамыздан қарт Сервантестің феноменін жақсы көрсете алатын болу керек. Сондықтан алғашқы ой-толғауымызды XVII ғасырда Сервантестің постмодернизмге негіз қалағаны жайлы немесе Асан Қайғы мен Дон Кихоттың ортақ мұны төңірегінде бастамақпыз.

1547 жылы дүниеге келген ең танымал жазушылардың бірі, әлемдік классиканың үздігі саналатын «Айлакер идальго ламанчалық Дон Кихот» романының авторы Мигель де Сервантестің өмірінің өзі романға бергісіз шытырман сюжет дерсін. Жазушының шыққан тегі тақырға отырған ақсүйектер тұқымынан болатын («Идальго ортағасырлық Испанияда текті отбасыдан шыққан мағынасында»). Жиырма үш жасында өз еркімен әскерге, нақтырақ айтқанда, теңіз жазу әскер қатарына аттанады. Бір жылдан кейін Киелі лига әскерінің құрамында Осман империясына қарсы шайқасқа бет алады. Сол жорықта аты аңызға айналған Лепанто (қала атауы) шайқасында батылдығымен көзге түседі. Алайда дәл осы шайқаста үш бірдей жаракат алып, сол қолы қозғалмай қалғандықтан, әскери мансабын аяқтауға мәжбүр болады. Сервантестанушылардың зерттеулеріне сүйенсек, мүгедек халінде тек ұсақ-түйек тіршілік деңгейінде қалып бара жатқанын сезген болашақ жазушы шамамен 28 жасында Испанияға қайтуға бекінеді. Жоғарыда атап өткен Лепанто шайқасының батыры ретінде оған патшалық тарапынан арнайы қолдау-хат беріледі. Бұл елге оралған солдатты жұмыспен қамтамасыз ету үшін жазылған қарапайым қағаз еді. Ол мінген жолаушылар кемесі жағаға жақындап қалғанда қарақшыларға тап болып, ағасы Родригомен бірге тұтқынға түседі. Дәл осы тұста Сервантес «өмірінің сюжеті» өз шиеленісіне жақындай-

ды. Алжирге жеткізілген тұтқындар ішінде жаралы солдаттың қалтасындағы патшаның мөрі басылған хатқа османдықтардың көзі бірден түссе керек. Құнды олжаға кенелетінін аңдаған қарақшылар оларды бірден бөліп әкетіп, ақсүйек тұқымынан жасақталған тұтқындардың арасына апарып қамайды. Сөз басында оның текті болса да, кедей отбасыдан шыққанын айтып өткен едік, яғни төлем жасап шығарып алатын ешқандай жанашыр туысқаны жоқ-тын. Осылайша, патшаның қолынан арнайы хат алғанымен, Сервантес тағдыр талкегіне түсіп, Алжирдің тар қапасында азапқа толы бес жылын өткізеді. Бұл қасіретті кезеңнің ізі кейін «Дон Кихот» романында кәрі тұтқынның жүрек тебіренер әңгімесі арқылы қайта жанданады. Жалпы, «Дон Кихотта» автор өзінің басынан кешкен жайттарды жиі қолданатынын еске сала кеткеніміз жөн.

Сөйтіп, Сервантесті тұтқыннан босату мақсатында байғұс шешесінің бармаған жері, баспаған тауы қалмайды. Өз күнін әрең көріп келген отбасы жан-жақтан қарызданып, соғыс ардагері деген құр атақтан басқа ештеңесі жоқ ағайынды тұтқыннан әрен босатып алады. Зерттеушілердің көбі бес жыл тұтқында болған жазушының ақыры аман-есен шыққаны туралы түрлі пікір білдірген екен. Мәселен, Сервантеске арналған ЖЗЛ сериясының авторы Андрей Красноглаздың жазбасында оған Алжир маңындағы резервацияларда өмір сүрген иезуиттер қолдау көрсеткен деген деректер кездеседі. Бір қызығы, егер бұл дерек рас болса, атқа қонбай, тек есекке мінетін сол иезуиттер бейнесі Санчо Пансаның көркемдік архитектуроникасына нәзік аллюзия болып шығар еді. Дегенмен бұл – сервантестанудағы сан алуан интерпретациялардың бір ғана шеті. Ал америкалық зерттеушілердің пайымдауынша, сол кезеңде Алжирде билік құрған Хасан-паша Сервантестің адамдық болмысына тәнті болып, ерекше ықыласпен құрмет көрсеткен. Алайда тұтқыннан оралған Сервантестің жолы оңай болмады. Қарызға батқан отбасымен бірге талай қиындықты бастан өткеріп, соғыс ардагері атағына қарамастан, қарыздың кесірінен үш рет қайта түрмеге түседі. Сол үшінші тұтқында, 58 жасында, қарт Сервантес темір тордың ар жағында «Дон Кихотты» жазу бастаған екен.

Мағзаның поэмасындағы «Сұм өмір абақты жой саналыға» деген жол еріксіз еске түседі осындайда. Баһадүр Баянның тағдыр жолы да ауыр еді... Сервантес өмірін романға тенеуіміздің себебі де осында. Талай мәрте өлімнің алдында тұрған қаламгердің ең үлкен жарығы – «Дон Кихот» романы шығар деп ойласаныз да болады. Бірақ маңызды түйін мынада: аталмыш шығарманың көркемдік шешімдерінің тамыры – қоғам мен адамзат тарихына айтылған сатиралық сын астарынан бастау алады. Ол астарда Сервантес өмірінің шынайы ізі жатыр, яғни Дон Кихоттан бұрын Сервантестің өзі де сол жөк іздеушілердің бірі еді. Уақыт жылжыған сайын адами қадір-қасиеті көмескіленген, бақытсыз рыцарьдың нағыз бейнесі, ең алдымен, оның өз болмысынан табылатын...

Жазушының өмірбаянына біраз тоқталдық, ал романның сюжетін қайталап тізіп жатудың қажеті жоқ деп білеміз. Себебі бұл шығарманы оқымаған адамның өзі ең аз дегенде, мазмұнын жақсы біледі. Әлқисса, ортағасырлық рыцарьлік романдарды том-томдап оқыған Алонсо Кехана атты бір идальго өзін сол кітаптардағы жиһангерге тенеп, «жорыққа» шығатыны есіңізде болар. Осы тұста тағы бір лирикалық шегініс жасасак... Аталмыш кейіпкер есінен адасқан адам образы ретінде Мишель Фуконның «Классикалық дәуірдегі естен адасу» атты 1961 жылы жазылған еңбегінде бірнеше рет тілге тиек етіліп, еске алынады. Жалпы, жаһан әдебиетінде ақылдан адасқан кейіпкерлер қатарын тізе берсек, ұзаққа баратынымыз анық. Гамлет шындықтың бетін ашу үшін ессіз адамның кейпіне енеді; князь Мышкиннің таза көңілі қоғамға кереғар келген диагноз деп бағаланады; Леар (*Лир*) патша саяси интригалар дауылынан дәрменсіздікке ұшырайды; жалғыздықтың ұынан қасірет шеккен Офелияның өлімі; әділдікті аңсаған Раскольниковтің ішқұсалығы; тар бөлмеде тағдырымен айқасқан Грегор Замза; рельстерге телміріп тұрған Анна Каренина... Бұл есімізде қалған ең танымал кейіпкерлер шығар. Әсілінде жөк іздеген әр кейіпкердің

арпалысы оларды ғасырлар бойы қалыптасқан таптаурындар тұзағы жасырынған жүйенің сыртына жалғыздығымен қоса лақтырып жіберетіні бар. Қарапайым ауыл тіршілігінде «Неге біз осы...» (*О.Бөкей*) деп өз кезегімен жылжып жатқан күндердің соңын тартып қалуға ұмтылған Таған да сол саптағы жиһангер емес пе? Ой тізбегімізді дәйектемек үшін әдебиеттанудағы пікірлерге де бір жүгінсек, ғалым Михаил Бахтин «Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса» атты еңбегінде көркем шығармадағы ақылдан адасу формасын кейіпкердің үстем идеологияға қарсы шығу тәсілі ретінде сипаттайды. Соның ішінде, мәселен, Дон Кихот карнавалды кейіпкер ретінде күлкілі көрінетін ақиқатты екіжүзді қоғам қалпына қарсы қойылатынын атап өтеді, яғни ақылдан адасқан кейіпкер – құлдырау емес, қайта жануар, қоғамдық сананы сілкіндіру символы. Сондай-ақ жоғарыда

Теміртас, Асыл, Ақық – балдан тәтті, Қинауға салады екен адамзатты. Үкідей желпіндірген қарақтарым, Шешсенші, білегіме арқан батты...»

Халықтың көзайымы, еркін ойлы һәм ерекше ықылас иесі Біржан салды «жын иектеген» деп байлап тастау, әрине, билік біткенге ыңғайлы еді сол заманда. Өлең жолдарында Теміртас, Асыл, Ақық деген ақын балаларының есімі аталған. Хосе Аркадио Буэндидің көркем образына шынайылық беретін өмір мысалдарының бірі осы Біржан тағдырының трагедиясы емес пе? Таласбек Әсемқұлов сценарийін жазған 2009 жылғы «Біржан сал» атты көркем фильмде бейнеленетін ел өкініші осы ойымызға дәл иллюстрация болар еді. Біржанның үлкен мектебінен шыққан өнерпаздардың бірі – Ақан сері туралы ел аузында көптеген аңыз сақталған. Солардың ішінде, оның перінің қызына үйленгені жөніндегі әңгімелердің сарқыншағы

Дон Кихоттан «ЖЫНДЫ»

атап өткен Мишель Фуконның зерттеуінде ақыл дертіне ұшырағандар тобы психикалық сипаттан бұрын, тарихи қалыптасқан категория нәтижесі ретінде пайда болғаны туралы айтылады. Фуко замандастарымен бірге өз идеясына ерген плейданы қалыптастырды. Сол авторлар легі күні бүгінге дейін антипсихиатрия бағытын дамытып, медицина мектебі ұстанатын классикалық психиатрияның әдіснамасына батыл сын айтып келеді. Оның зерттеуіне сүйенсек, «ақымақтарды» аластау процесі Классицизм дәуірінен бастау алады. Дәл осы тұста әңгіменің ең басына оралып, Иероним Босхтың картинасын еске алу қажет. Ақылсыздық дертіне қалыптасқан оптиканы ұғыну үшін әңгімемізді Еуропаның орта ғасыр тақырыбындағы картиналарымен сабақтастыруға болады. Солардың ішінде, «Ақымақтар кемесі» деп аталатын ортақ сюжет төңірегінде жасалған туындыларды еске алыңыз (*арасында дәл осы тақырыпта жазылған Босхтың да әсерлі бір еңбегі бар*). Тағы бір мысал. Көбіміз жақсы білетін Мәскеудегі Қызыл алаңның төрінде орналасқан тарихи ғимарат – Покровский шіркеуі. Оны жұрт көбіне «Собор Василия Блаженного» деп атайды. Орыс тіліндегі «Блаженный» және «Юродивый» сөздері қазақшаға салғанда дәруіш не әулие саналған адамды білдіреді. Василий Блаженный – 1588 жылы әулиелер қатарына қосылған мәскеулік сәуегей, киелі жан. Тарихи деректерге қарағанда, сол дәуірде «блаженный» атанған жандардың бейнесі мен мінез-құлқы бүгінгі клиникалық психиатрия оқулықтарындағы кейбір диагноздардың сипаттамасына тым ұқсас келеді. «Идиот» романында Достоевский князь Мышкинді сипаттағанда дәл сондай «блаженный» немесе «юродивый» эпитеттерін қолданады. Мұндай кейіпкерлер аңқау, тіпті ақымақ болып көрінгенімен, қоғамға зиянсыз саналып, ортада жылы қабылданады. Сондықтан дәл осы архетип әлем әдебиетінде түрліше интерпретацияға ие бола алатын бірегей көркемдік тәсіл ретінде кеңінен қолданылады. Хас шебердің қаламында бұл идея ерекше қуатпен дамиды. Мәселен, аса танымал «Жүз жылдық жалғыздық» романында отбасы ақсакалы Хосе Аркадио Буэндия әуелде санасы сергек көрінгенімен, ғылым мен алхимияға бойлаған сайын шынайы өмірмен байланысын жоғалтып, ақыры тек латынша сөйлей бастайды. Маконданың негізін қалаушы, ауылдың ақсакалы әрі сыйлы адамы бола тұра, балалары оны ақылдан адасты деп ағашқа танып тастайды. Қалған өмірін сол байлаулы күйде өткізуге мәжбүр болады. Осы тұста тағы бір параллель ретінде Біржан салдың аса трагедиялық сипаттағы «Теміртас» атты әдебиетіміздегі үздік үлгідегі өлеңдердің бірін еске түсірсек:

«...Денеме кендір арқан жаман батты,
Қайдасын, Асыл, Ақық, қолымды шеш.

бүгінге дейін жеткен. Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романында осы аңызды тұспалдап, кейбір эпизодтарда кейіпкердің түс пен шындық араласқан күйге түсуінде, поэтикалық болмысын ашуда қолданатыны бар. Айтпақ ойымыз, қазақтың сал-серілер дәстүріндегі тұлғаларды осындай тылсым оқиғалармен араластырып насихаттау ойлы оқырман көкірегінде біршама сауал туындататын сияқты. Сал-сері дәстүрі – қазақ тарихында еркін адамның символына айналған рухани құбылыс. Оның кейбір көркемдік бейнелері ортағасырлық жиһангер (*рыцарь*) кейіпкеріне жақын келуін мойындамау мүмкін емес. Қазақ әдебиетіндегі сал-серілер мұрасы ғылым назарынан шет қалып жатқан жоқ. Дегенмен бұл тақырыпты зерттеудің мүмкіндіктері әлі де шексіз ғаламдай көрінеді осындайда. Батыс әдебиетіндегі жиһангерлер мәдениетінің өнер (*әдебиет, кинематограф, театр, музыка*) немесе креативті индустрия әлеміндегі трансформациялық формаларын көріп жүрген соң, шығармашыл замандастарымыздан, ақын-жазушы, әдебиеттанушылардан сондай ізденіс күтетін де шығармыз.

Фуконның концепциясымен ғана шектеліп қалмауымыз – заңды құбылыс. Антипсихиатриялық теорияға көз салсақ та, белгілі бір дәрежеде оның жақтаушысы бола алмай-тынымыз анық. Әңгіменің бір ұшы бәрібір З.Фрейдтың еңбектеріне тиетіні белгілі. Ол ақылдан адасуды адам санасындағы репрессияланған қалаулардың репрезентацияға ұмтылысы ретінде түсіндіреді, бұл – қазіргі медициналық анықтамаға едәуір жақын көзқарас. Сөйте тұра өз зерттеуінде мысал ретінде Раскольниковтың кейіпкеріне де тоқталады. Алайда әдебиеттануда Фрейдтың психоанализіне толық жүгіну арқылы көркем сөздің бағасын тым түсіріп алу қаупі бар екенін айтып өткіміз келеді. Психоанализ бен әдебиет белгілі бір сюжеттерді жан-жақты зерделеуде кейде сәтті тоғысып жатса да, мәтіннің әлеуетін ашуда сан алуан құралдардың бірі ғана екенін ұмытпағанымыз абзал.

Әңгіме желісін Дон Кихоттың образынан алыстатпауға тырысайық. Себебі ғасырлар керуенін көктей өтіп, оның дәйім жанымызда жүргенін сезіну біз үшін маңызды болса керек. Ақыл концепциясына күдікпен қарағаннан гөрі, ақылды болуға ұмтылысымыз үдей түскен заманда әдебиеттен мүлде алыстап бара жатқандай күй кешетініміз рас емес пе? «Ақылды өлең», «ақылды бала», «ақылды мемлекет», «жасанды ақыл» осы тіркестерден тігіркенесіз бе? Осы орайда Альбер Камюдің «Бөгде» романындағы басты кейіпкер Мерсоның образына үнілсек болады. Жүрегіне түскен қоғам дертінің кесірінен анасын жоқтай алмаған Мерсоның тағдыры әркімді де ойландырады хақ... «Бірақ қоғам кеселі адамның жан дүниесінің дерті емес», – дейді Камю. «Қоғам бөгдесі – адамзат

бөгдесі емес», – дейді Камю. Автор сюжетпен композиция арқылы анасының өліміне немқұрайлық танытқан Мерсоны айыптау процесі қоғамдағы қалыпты әрекеттерге қарап қана бағаланғанын сынға алады. Қалыптан тыс шындық мүмкін емес пе еді? Осы тұста бірден есімізге қазақ прозасының классигі Төлен Әбдік оралатыны анық. «Парасат майданы» мен «Оң қол» шығармаларын байланыстыратын психиатриялық тақырып бізді тағы да Фуконың зерттеуіне алып келеді. «Парасат майданы» повесі бас кейіпкердің емханада белгісіз біреудің хаты жайлы баяндауынан басталады. Тұлғаның екіге бөлініп, өз-өзімен пікірталасқа түскенін суреттейтін мәтін ішіндегі эпистолярлық жанрға контекстсіз баға берсек, екі түрлі адамның саналы диалогы көзге түседі. Бұл – тек жеке пікірге сүйенген тұжырым емес, жалпы композицияның құрылымдық ерекшелігіне негізделген байлам екеніне назар аударған жөн. Егер қарапайым оқырманның қолына Төлен Әбдіктің осы повесіндегі негізгі оқиға емес, тек хаттардың мәтіні ғана тисе, автор үні бәсеңдеп, ал оқырман түсінігінің ықпалы күшейе түсері сөзсіз. Әдебиеттанудағы рецептивті эстетиканың, яғни қабылдау процесінің табиғи заңдылығы осы. Автордың

қойылым еліміздегі Қантар оқиғасынан кейінгі бір рефлексия ретінде де, тарихтағы отарлаудың шаңы басқан халыққа арналған көңіл айту ритуалы ретінде де көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Ең бастысы, әйгілі Дон Кихот мырза жаңа тынысқа зәру театр өнерпаздарына да, айналасынан күмәндана бастаған жас көрермендерге де дөп келді.

Сананың өзгеше түрленуі, өмірді өзгеше көру сынды мотивтің тағы бір көрінісі Роза Мұқанованың «Ләйләнің зары», кейін мэтр Сатыбалды Нарымбетов экранизациялаған шығармада да орын алады. Бұл жерде, әрине, қоғам формациясынан ақылдың нормадан ажырауы негізінде генетикалық өзгерістер арқылы бас кейіпкердің образын, шығарманың тақырыбын ашу көзделеді. Ләйләнің мәңгілік бала бейнесі, санасының шындық нұсқаған қалыптарға бағынбауы – полигон зардабынан туа біткен дерт еді. Дегеленнің магиялық болмысының түбінде тарихи трагедияның болуы бұл сюжеттің шығармашылық күшін, сана мен қоғам таласын ашуға орасан мүмкіндік береді. Әдебиеттанушы Ю.Лотман былай дейді: «*Детское сознание в литературе часто оказывается особым «экранирующим фильтром», через который автор показывает искажённую, но в то же время обнажённую*

Әбенге дейін



кейіпкерлермен бірге оқырманды да емхананың қабырғасына қамап, кереғар ойлардың ішінде тастайтыны – катаристі талап ететін төлтумалық көркем әдіс. «Оң қол» әңгімесіндегі науқас кейіпкер Алмаға дәрігер жігіттің сезім білдіруі – қоғам үшін дерт деп танылған ақиқатқа қарсы шығу болып саналады. Бұл әрекет Алманың образын психиатриялық сипаттан алыстататын сияқты. 2024 жылы Қалибек Қуанышбаев театрында осы екі шығарманы бір арнаға қосқан спектакльдің тұсауы кесілген еді. Күн санап күрделене түскен заманда бұл шығармалардың төрге шығып, сахнадан сөйлеуін әбден орында деп білеміз. Танымал режиссер Гүлсина Мерғалинаның шығармашылық көзқарасы пьесаға Рене Магриттің «Ғашықтары» мен жүзі жасырылған басқа да кейіпкерлерін, сондай-ақ Марк Шагалдың қиялға толы серуендерін енгізді. Аталмыш спектакль қазақ театрының тарихында ерекше орын алады деп ойлаймын. Алға тартқан тақырыбымыздың да өзектілігін осы спектакль барынша ашатын сияқты. Камюдің «Бөгдесін» немесе Шекспирдің «Гамлетін» «Парасат майданы» контекстінде тағы бір саралап көріңізші. Ақиқат кейде жақындағандай болып, алыстай беретінін тағы бір еске салатын әлем сияқты... «Сұм өмір абакты ғой саналыға», – дейді Мағжан ақын. Фуконың сынына сай, жүйенін аяусыз ақаулары осындай шығармалар арқылы әшкерелене түседі. Ал Қаллеки «Парасат майданымен» тоқтамаған. Алыстан келген Дон Кихот Астананың төрінде тұрақтағалы да біраз уақыт болған екен...

2022 жылы жас әрі танымал режиссер Әлібек Өмірбекұлы Қаллеки сахнасында Дон Кихотты қазақша һәм өзгеше сөйлетті. Бұл

истину о мире взрослых». Ләйләнің бала бейнесімен қоса, оның туа біткен ерекшелігі Р.Мұқанованың хикаятында да, С.Нарымбетовтің фильмінде де жалаң айна әдісі арқылы, қоғам нормасына жат оптика – сәби көңілі арқылы тарихи оқиға мен замана проблемасын көрсете алады. Осы тақырыптың жалғасы ретінде ақын Қойлыбай Асановтың «Ар мен алтын» поэма-парадоксының «Жарыместер әлемі» атты IV бөлімінің басында келтірілген жыр үзіндісіне тоқталсақ: «*Майқұдықта ақыл-есі кемтар балалар үйі бар. Бірде сол үйдегі тәрбиеленуші кемтар қыз: «Егер маған Достоевскийдің кітабын әкеп берсеңіз, мен анамның алтын сырғасын беремін», – дейді. Мұны естіген тәрбиешілердің бірі: «Ей, бейшара-ай, осыларға кітаптың қажеті қанша екен» десе, енді бірі: «Жынды адам не демейді» деп күліпті». Өлеңнің алдында жазылған осы бір кішігірім сюжет, автордың айтуынша, өмірден алынған. Ал содан кейінгі өлең жолдарынан үзінді келтірсек, өз пайымыңызды қажетті нүктеге дейін жеткізе аласыз деп ойлаймыз:*

...Қорған үйде, екінші әлемі –
Жарыместер әлемі!
Өз түйсігі,
Көзқарасы да олардың «әдемі».
Сау әлемде сыйласу да
Сауда болған заманда,
Ал бұлардың ақ ниетті түзу екен сәлемі...

Күздің күрең
Күндеріндегі гүл өңі,
Жанарлары мұңға толып үнемі,
Сау адаммен сөйлескенде,
О, Тоба,
Жарыместер езу тартып күледі...

Сәби ниет бұзылмаған қалтында,
Бұл әлемнің ақиқат бар салтында.
Ер Төстіктің ертегісін қалап алған деседі,
Бір мұңлық қыз қолындағы алтынға.

«Ақыл-ойға, – дейді ғалам, –
Шамаң келсе ерік бер»,
Осы сөздің астарына
Ақиқатты теліп көр.
Бар жаһанның ақылдысы жинал-дағы,
Келіп көр –
Бағдат, Кабул, Грозный көшесінде
өліктер...

Ақын поэма-парадокстағы осы бір бөлімінде бинарлық позиция ретінде «ақылдылар әлемі» мен «жарыместер әлемінің» арасындағы қарама-қайшылық арқылы қоғамда «ақылды» саналған әрекеттерге жанаша көзқараспен қарау ұсынылған. Льюис Керролдың атақты кейіпкері Алиса ғажайыптар әлеміне тап болғанда Чешир мысығының логикалық сауалдарына күрделі формада жауап беретіні сияқты, орта есеппеге қазіргі адам баласының көп шындық алдында таптаурындарға лайық жауапты бірден қалыптастыра қоятыны сияқты, біздің санамыз логикалық әлемнің сипатын автоматты түрде құрастыратын дәрежеге жеткендей. Әйтпесе, жоғарыда келтірілген өлеңдегі қарама-қайшылықта сау адам жарым есті баланың диалогы ақ пен қараны ажыратуды күрделендіреді емес пе, яғни көркем әдебиетте, оның ішінде классикалық туындыларда кеңінен қолданылатын бұл образ бізге барынша «ақыл» мен «ақылдан адау» концепцияларының тұрақсыз жауаптарға апаратынын еске салады. Арамызда алға қоятын «ақылды», «логикаға сай» әрекеттер мен тұжырымдар, әсілінде, біздің шынайы табиғатымыз арқылы ой сүзгісінен өткен дүниелер ме, әлде төбемізден төнген жүйенің дайын жауаптары ма? Демек, бұған дейін әңгімеміздің өрбуіне арқау болып отырған шығармалардың элементтерін талдау бізді келесі сауалға жетелей алады: ақылынан адасқан адам, әлде қоғамдық нормаға сай адам қайсысы ақиқатқа жақын келеді? Бұл сұрақ антипсихиатриялық теориядан бөлек, Мишель Фуко ұсынған тезистегі қоғамдағы қайшылықтарға қарсы кей процестерді жүйеден тыс жерге – Достоевскийдің геттоларына, Төлен Әбдіктің емханаларына қамап тастау кімге ыңғайлы? Дон Кихот немесе Василий Блаженный сияқты образдарды зиянсыз көріп, оған күле қарап, жаратылыстың қателігі немесе тағы бір ғажабы деп қабылдау «нормадан тыс» деген лақапты іле салатынымызда бір ой жатқан жоқ па?

Өзімізше пайымдауға тырысқан тағы бір қазақ кейіпкерін еске салып отыр. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығында елең ете қалған образдардың бірі «жынды» Әбен туралы академик Серік Қирабаев былай жазады: «*Сәкен Сейфуллинмен аталас, бір ауылда өскен, оның қасында көп жүрген, сайқымазағы, қалжыңқой серігі болған Әбен Айтмылан тускеннен кейін «құтты болсын» айта келіп, бір ай жатты. Соның аузынан алғаш рет Сәкен жайында әңгімелер естідім. Аузына берік Әбен оңаша қалғанда, үй ішінде жас кезін, Сәкенмен бірге жүрген күндерін, күлкілі оқиғаларды есіне түсіреді. Сәкеннің дүрілдеп тұрған кезінде Алматыға да барыпты. Кейін Сәкен ұсталғанда, онымен байланысы бар деп Әбенді де тұтқындапты. Ауылдың сауатсыз шалы, сайқымазақ, құлығынан басқа қолынан келері жоқ, саясаттан хабарсыз адамның жаулығын дәлелдей алмай, бірер жылдан кейін босатып жіберіпті. Сонда қайтып келген Әбен: «Менің қадірімнің кетіп жүргені осы кез ғой. Әйтпесе, мен дәретке отырғанда екі жағымда екі милиция күзетіп тұрушы еді», – депті. Осы сөзді өз аузынан естідім. Кейін Сәкен шығармаларын оқыған кезде Сәкеннің «Сол жылдарда», «Қызыл сұңқарлар» сияқты шығармаларында байдың жалшы жігіті, қуақы Әбеннің күлкілі оқиғаларын жазғанын көрдім. «Сол жылдарда» романында Әбен орындайтын «Қараторғай» әнінің нұсқасы жайында жазыпты. Халық жиналып Әбеннің әңгімелерін тыңдайды, күледі, маз-мейрам болады. Сөзді сыпайы, өзі күлмей, ел күлетіндей тауып айтады. Юморы да, кекесіні де бай адам еді. Қақырынып, жөткірініп отырып, қақырығын есікке қарай атып жібергенде, ол өзіне ұнамаған біреудің бетіне сарт ете түсетін. Қақырығының өткірлігіне, өзінің мергендігіне таңғаласың». (Серік Қирабаев. «Туған жер. Сәкен және «Жынды*

Әбен» мақаласынан/ Ана тілі газеті 2019 жыл). Алмағайып замана перзенті жынды Әбенді Сәкеннің ауылы әлі де әңгіме қылып айтатыны бар. Жынды қылған заман ғой, әйтпесе сау адам еді дейтіндер де бар екен. Әңгімеміз көркем шығарма айналасында өрбігеннен кейін осы образдың ашылуын ақын Ғалым Жайлыбайдың «Жынды Әбен» атты өлеңіне кезек берсек: «*Ел арасында сайқымазақтығымен «Жынды Әбен» атанып кеткен Әбекең Жаңаарқа ауданында туып-өскен. Кезінде ол Сәкен Сейфуллинмен үзеңгі жолдас болған азамат еді. Ол жөнінде Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» біршама айтылған да болатын...»:*

Толқынның басылған жоқ сұмдық әні,
Ол күннің ашылған жоқ шындығы әлі.
Жамиғат аңыз еткен Жаңаарқада,
«Жынды Әбен»...
Жындыңыз не, сұңғыланы...

...Басынан кешті солай қай күні азап,
Сормандай сорға батып қайқы қазақ,
Заман дертті болғанда, адам дертті,
Кеттің бе тірлік кешіп сайқымазақ?

Ақтықты айтуға аз боп дәлелі тым,
«Жындылық» – жатуаң кездің әлегі-тін.
Жылап тұрып сақылдап күліп сонда
Алғаның талайлардың зәре-құтын.

Жеп солай өзіңді-өзің бітіргенсің,
Мені, мейлі, біреулер күпір көрсін.
Тоңмойын да тоқпәйіл топастардың
Бетіне былы еткізіп түкіргенсің.

Мазаққа тірліңде көмілдің көп,
Көңіліңді көрсоқыр өмір жүндеп.
Сәкен жайлы естелік сұрағанға
Бажырая қарадың: «Оның кім?» деп.

...Қайғыңды қуанышты жыр деп өрдік,
Сан жылдар жалғандыққа жүзде бердік.
Кешір, көке, төсіне туған жердің
Шыңғырған шындығыңды бірге көмдік.

Ғалым Жайлыбай ел аузынан естіген, Сәкен Сейфуллиннің өмірбаянынан түйген осы «жынды» Әбен образы арқылы замана қайшылығын, оның ішінде «жындылық» синдромын катігез саясатқа қарсы дәрменсіздік қаруы ретінде сипаттайды. Шынымен, жынды Әбен нағыз қазақтың Дон Кихотындай көрінеді. «Саналы» сапты түзеген әскер алдында сандалған қанша қазақ ақыл-есінен айырылды?! Ал ақиқаттың түбі қай жақта қалғанын бүгінде жақсы сезіп отырғандаймыз...

Қазіргі прозаның алдыңғы шебінде тұрған жазушы Ғалымбек Елубайдың қысқа әңгімелерінде де сана мен «жындылықтың» арасындағы үзілейін деп тұрған жінішке жіптің қылындай қымбат толғамдар бар. Есімізге бірден түскен «Оқу соққаны махаббаты» деген қысқа ғана әңгімеде Ізқұтты деген «оқу соққан» жігіт туралы жазылады: «*Бізде ақыл-есі кем, ел кезіп кеткендерді көтеріліп ауырған дейді. Ал Ізқұтты секілді ішінара адамдарды одан бөліп «оқу соққан» атайтын». Бірінші жақтан баяндалатын әңгіменің басында Ізқұттымен танысқан күні оның аузынан шыққан: «Кафка деген есаланды оқыма» деген қысқа байламы сюжеттің негізгі тақырыбын ашып тұрғандай. Дон Кихот сынды бөлмесін кітаптан қалап, талай шығарманы тауысқан Ізқұтты бір күні ғашық болады һәм ешкімнің айтқанына көнбестен, бірден үйленемін деп шу шығарады екен... Алайда шынайы өмір шарттары оны өз сабасына түсіргендей болады. Дегенмен махаббаттан (кітаптан оқып білген Ұлы махаббаттан) көңілі қалған Ізқұтты өзі айтқан Кафканың кейіпкері ұқсап бөлмесінен шықпаған күйі белгісіздік әлеміне жұтылады. Бұдан кейін ол туралы ешкім де іздеп-сұрамаған.*

Желмаяға мінген Асан Қайғының Жер-ұйық іздеуі немесе Дон Кихоттың қиялындағы Дульсинеяға ғашықтығы – саналының әрқайсына тән ізденістердің метафорасы емес пе? Сол ізденістің ізінде біз де келеміз. Біріміз – қиял арбасына мінген жолаушы, біріміз – парасат майданының сарбазы, біріміз – жүрек пен ақылдың шекарасында өз орнын таппай жүрген дәруіштейміз. Дон Кихоттан «жынды» Әбенге дейінгі сюжеттер сіздің де қиялыңыздағы шектеулерді ерітіп, «ақиқат» деп таныған дүниенің жаңа қырын ашуға әлі талай мүмкіндік тудырады деген үмітпен ойымызды түйінділік.



Илияс БАШАРҰЛЫ

Туфли



тұрады екен. Әкем: «Балам-ау, өте қымбат кой. Бұл сонда аяққа кісең өзі жүріп кете ме екен?» — деп күлді. Мен: «Бұл Италияның аяқ киімі, сапасы өте жақсы. Бірнеше жыл киіс береді», — деп сайрап жатырмын. Сонда әкемнің айтқаны: «Балам, мұндай қымбат аяқ киімді алғанша, Тараздағы базардан бағасы 6-7 мыңның туфлин алмаймын ба? Мына бір аяқ киімнің ақшасына он жыл бойы, жыл сайын жанасын алып киемін ғой», — дегені бар еді.

Таңғы астан кейін жиналып, жұмысқа шығып бара жатқанмын. Балам келіп аяқ киімімді кигізіп жатыр.

— Әке, мына туфлиңізге қанша жыл болды? Тастамайсыз ғой, тегі, — деп күліп, — Уақыт тапсаңызшы дүкенге барып, жанасын алып берейін, — деді.

Көлігіме отырып кетіп бара жатып бірнеше жыл бұрын әкеммен болған бір оқиға еріксіз есіме түсті.

Алматыға көшіп келгеніме екі жылдай болып қалған. Бірде ауылдан бізге әкем мен анам қыдырып келді. Жұбайыммен бірге оларды қалаға алып шығып, қыдыртып жүрміз. Фурманов көшесінде «Рамстор» деген сауда орны бар болатын. Сонда апардық. Әйелдер бөлек, әкем екеуіміз бөлек кеттік. Аяқ киім сатып жатқан butikке кіріп аралап жүрміз. Әкемнің көзі бір әдемі туфлиге түсті. Мен: «Сізге ұнаса алып берейін», — дедім. «Бағасы қанша?» — деді. Сол кезде шамамен 84 мың

Сөйтсем, ол әкемнің ысырапшыл емес, нысапшылдығы екен ғой.

Бала кезімізде көпбалалы болғаннан кейін бе, жылда жаңа аяқ киім алып кию қиын еді. Үлкенімздікін кішіміз киіп жүре беретінбіз. Бірақ аяқ киімге келгенде анам марқұм, «Бас киім мен аяқ киімнің дұрыс, таза болсын. Ер адамның ең бірінші басы мен аяғына қарайды», — деп отыратын.

Облыстық телеарнада жұмыс істеп жүргенімде жұмыс бабымен қаладағы «Аудан-аралық баз» деген жерге барып қалдық. Телеканалдан келдік дегенде мекеменің басшысы тік тұрып қарсы алды. Жап-жас кезіміз. Әкеңдей кісінің алдында құрақ ұшып жүргені біртүрлі көрінеді екен. Келген шаруамызды айтып, арызға байланысты сұхбат алдық. Түсірілім біткеннен кейін әлгі кісі қасымызға егделу келген бір апайды қосып беріп, қоймаларды аралап кеттік. Дүкендерден үш ұйықтасаң да көрмейтін не бір тауарларды, киімдерді көріп аузымыз ашылып қалды. Сөйтсек, сапалы, шетелдік заттар дүкенге жетпей қолды болып кетеді екен. Аралап жүріп аяқ киім қоймасына келдік. Әлгі апай қораптарды шығарып көрсетіп жатыр. Ұнағаны болса, бағасын өз бағасына жасап береміз деп бәйек болуда. Маған замыштан жасалынған чехтың аяқ киімі ұнап, көзіме оттай басылды. Өте келіскен туфли екен. Жетпіс алты рубльге сатып алдым. Ол кезде айлығымыздың өзі жүз елу рубль болатын.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың тамыз айы. Меркі ауданында Спатай батырдың 210 жылдығына арнап ас беріліп, ат шаптырылып, үлкен той болды. Мені оператормен сонда репортаж жасауға жіберді. Той десе

барынды киіп шаба жөнелетін қазақ емеспін бе. Сол шараға жақында ғана алған чехтың «ЦЕБО» деген туфлин киіп барайын. Қаптаған ақшанқан киіз үйлер. Жиналған халықта сан жоқ. Тойға келген акын-жазушылардан, мүмкін болса сұхбат алып қалайын деп киіз үйлерді аралап жүрміз. Бір киіз үйде Алматыдан келген бір топ зиялы қауым отыр екен. Сол жерге кіріп сұхбат алмақ болып әрекет жасадым. Ығы-жығы адамдар. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Бізге қарайтын зиялыны көрмедім. Ішке кіргенде табалдырықтың сыртында аяқ киімімізді қалдырып кеткенбіз. Сұхбаттың сәті түспеген соң қайта шықтық. О, маскара! «Цебом» көрінбейді. Ары іздеймін, бері іздеймін табылмады. Ұшты-күйлі жоқ болып кетіпті. Сол киіз үйдің иелерінен сұрап көрдім. Көрген, білген жан жоқ. Амал жоқ, олардан жалынып жатып бір ескілеу галош сұрап алдым. Той той болмады. Туфлиімді ойласам, ішім ашып, жылғағым келеді. Амал жоқ, екі-үш сұхбат алып, бәйгені түсіріп қалаға қайттық.

Содан бері туфли десе, сол оқиға есіме түседі, сұғанақ қолды ұрылар есіме түседі. Біреудің затын ұрлап алып, өзінің әкесі сатып әпергендей, беттері бүлк етпей жүретін ұрыларды бір көргім келеді. Күнде көріп те жүрген шығармыз. Байқамаймыз ба, байқасақ та мән бермейміз бе? Әйтпесе, туфли ұрлағандардың зорлары халықтың қазынасын түгімен қылғытып жатқан жоқ па? Көріп, біліп жүрміз, бірақ тұқ болмағандай сәлемдесіп, араласып жүрміз. Сондықтан да шығар олар еркін ұрлық жасап, өмірді алшысынан басып жүргені.

Туфлиімді ойласам, әлі күнге дейін ішім ашиды!

Тұрсынхан ШӘЛДИБЕКҚЫЗЫ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Ауладағы ұзын орындықта еңкейе түсіп көздерімен жер шұқып, өзімен-өзі. Миына құжынаған ойлардың бірі кіріп, бірі шығуда.

— Ассалаумағалейкум, Жақа! Көтеріңкі леппен шыққан таныс дауыс жалт қаратты. Құдасы Нұрыш төбесінен төне қарап тұр. Аяқ тықырын естімегеніне таң. «Құлақ сыр бере бастаған-ау, сірә.»

— Әлейкүмассалам, — деп қолын ықылассыз ұстата салды. Әдетте, үй-іш, бала-шаға хал-жайын сұрап бәйек болушы еді. Бұ жолы ежелгі дағдысынан жаңылғандай. Жакыптың, сұсты жанарынан, қан түленген кара сұр өңінен ішкі күйінішін жазбай таныды. Орнынан созылғандай көтеріліп құдасын үйге бастады. Шыға бере төңірегіне айнала қарап:

— Теңге-е, қайдасың? Тезірек шай дайында, құдан келді, — деп жұбайына дауыстады.

Бақшада арамшөп жұлып күйбендеген отанасы төбе көрсетті.

— О-о, Нүке, келуіңізбен! Қалай, есен-саусыздар ма? Үй-іші, бала-шаға тегіс аман ба? — деп емен-жарқын сәлемдесті.

— Шүкір, аманшылық денсаулығыңыз жақсы ма? Көңіл-қарын тоқ па? Нұрыш құда да еруліге қарулы жасап, ұзақ амандасты.

— Тәуба, басы аманның малы түгел дегендей, күйбең тірліктің соңында жүріп жатқан жай.

— Дұрыс-дұрыс, бәріміздікі де сол.

— Біздегі жаналықтан хабардар шығарсың? — деді үйге кіріп диванға жайғасқан құдасына Жакып сүзіле қарап.

— Естіп, біліп, күнаһармен тілдесіп келіп отыр емеспін бе.

— Іштен тынып, ішқұса боп-ақ біттім. Не біреуге айта алмайды екенсің сүйінші сұрағандай. Қазекемнің жалғыз қайғы, жала-пәледен сақтандыратыны тегін бе, тәйірі.

— Жазым ғой, Жақа. Әдейі істеген жоқ. Кім өзіне жамандық тілеуші еді.

— Ішімдікке сылқия тойып алып жүргізе, әрине, арақ-шайтан бір пәлеге ұрындырары хақ. Атаңнан қалған ас емес. Арақ аздырады. Өз еркінмен қоя алмасаң, онындай айт, емдетейін деп құдайдың зарын қылдым. «Емдететін мен алқаш емеспін» деп түтікті.

— Өзінің айтуынша, татып алмапты.

— Қайдам... «Ішіп едім» деп айтушы ма еді. Ішімдікке әуестігін ауыздықтайтын күш жоқ Төреде. «Рубльге отырудың үлкен жауапкершілігін сезіну санасына жетпеген тәрізді», — деп келінін шындықты жайып салды. Біреу-

дін қымбат көлігін артынан соғыпты. Қыруар ақша мойнына жүктеліпті.

— Жәудір келген екен ғой.

— Иә, келген.

— Аман қалғанына шүкір дейік, Жақа.

Құдай сақтады, олай-бұлай болып кетсе қайтер едік.

— Шүкір деумен келеміз ғой.

— Жаман ат жата ма. Солай бопты дегенді естісімен Тілеуқар екеуіміз барып қайтқанбыз. Төреде түрден түр жоқ. Көзі бақырайып, құлағы қалқып, аурудан тұрғандай. Қорқып та қалған сияқты ма. Сабырға шақырдық. Тілеуқар аштап, тандайын көтеріп, ем-дом жасаған болды.

«Жұмыс керек» деді, тауып бердім. «Үй керек» деді, салып бердім. «Жігіттердің бәрі машина мініп жүр. Менде ғана жоқ» деді алып бердім. Қолымен істегенді мойнымен көтерсін. Соның қыжалатынан артылған азын-аулақ малға көзін сатып, мезғамды майыстырмасын. Баланың үлкені деп ештеңеден қолын қакқан жоқпын. Бұдан кейінгі қыздар ғой барған жерлеріне балдай батып, судай сіңіп, орындарын тауып кетті. Жақсылықты солардан көріп отырмыз. Келген сайын шешесі екеуімізді бастан аяқ киіндіріп кетеді.

Осы сәт ішке отағасының кенжесі Ұлан бас сұғып, құдамен амандасты.

— Сіздерді шайға шақырып жатыр апам, — деді. Құдалар сыртқа шықса, анадай жерде қой сойылып, бас үйтіліп жатыр.

— Ойбай, Жақа бұларыңыз не? — деді Нұрыш.

— Нені айтасың?

— Мал сойып, әбігерге түскендеріңізді айтам.

— Алыстан ат арылтып келген қан құдам бір қойдың басын мұжитін құқы бар емес пе? Кешке қарай Жакып қарияның арқа-басы кеңіп, құрыс-тырысы жазылып көңілденгендей кеп танытты. Үлкен астың дастарқаны жиналған соң бір әңгіменің тиегін ағытты.

— Ешқашан, ешкімге тіс жармаған, осы уақытқа дейін көкірек қуысымдағы сыр сандығымда сары майдай сақтап келген сырымды ашайын, — деді құдасына.

— Құлағым сізде, — деп Нұрышта қозғалақтап қойды.

— Отыздағы кезім. Кеңшар жұмысының соңында салпақтаудан әбден титықтап жүрген күндердің бірінде көрші ауылда тұратын

Жақып қарияның жан сыры



досым қонаққа шақырды. Әйелім екеуіміз келісілген мерзімде сол үйден табылдық. Сержан мен зайыбы Күмісай бізді құшақ жая қарсы алды. Көптен көріспеген екі дос қауышып, мәре-сәре болдық та қалдық. Өзінді жете түсінетін досының бары бір ғанибет. Сондай-ақ қадіріне жететін адамның шынайы сый-құрметіне бөлену рақат күйге бөлейтіні рас. Көп кешікпей дастарқанға шақырылдық. О кезде ұзын мойынның дастарқан сөніне айналып, дәуірі жүріп тұрғанын бәріміз білеміз. Қай үйге барсаң да, құлқып наннан жоғары шығып алатынын қайтерсін. Досымның дастарқанындағы ақаннан сілтеп отырып, әңгіме көрігін қыздыра түстік. Ащы су ішімізді күйдіріп қызуы басқа тепкен сайын екі езуіміз көпіріп лепіре сөйлейміз. Көңіл шіркін дариядай толқып, шалқып отырмыз. Бізден бақытты жан жоқтай. Еркін отырып, тартынбай ішіп-жедік. Үлкен ас алдында бой жазу үшін Сержан екеуіміз тысқа шықтық. Ауыл шетін жанай ағатын шағын өзенте шомылып сергіп қалдық. Үйге жеткен соң, Сержанның төргі бөлмесі жақтан әлдекімнің жөткірінгенін құлағым шалып, елең еттім. Досымның 80-нен асқан әкесі бар-тұғын. Мана біз келгенде бұ кісі көрінбеген. Оның қайда екенін сұрап мен де бас қатырмағанмын. Ақсақал кілт есіме түсе кетті де, солай қарай елпендей қадам бастым. Төрге төселген төрт

қабат көрпе үстінде малдастай отырып, ескі құран кітапқа үңілген қарияға сәлем бердім. Сәлемімді алған қарт:

— Кел, балам, төрлет деп қасынан орын ұсынды. Отырғым келмесе де үлкен кісінің көңілін жықпағандықтан көрпе шетіне тізе бүктім. Ол кітабын жауып, терезе алдына қойды да, бірдене айтуға ынғайланып маған қарай әңсерілді.

— «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» деген екен бұрынғы өткен көкірегі сара даналар, — деп бетіме сынай қарады. Қарияның нені мензегенін біле қойдым, ішім қылп ете түсті.

— Ата, сізді бір жаққа жолаушылап кетті ме екен деп ойлаппын. Келген бетте сәлем бермегеніме кешірім өтінемін, — деп ағымнан жарылдым. Үлкен кісі томсыранқы кейіппен сәл үнсіз ойланып отырды да:

— «Кейін кешірім сұрауға мәжбүр ететін іс жасаудан аулақ бол» деген екен Мұхаммед пайғамбарымыз. Бұл да үнемі есте ұстайтын нәрсе, — деді. Мен құптаған кейіппен басымды изедім. Үлкен кісі сөйлеп кетті. «Жастар кәріні тозығы жеткен керексіз бұйымдай көретіндері бар. Біздің солар үшін жиған-тергеніміз мол екені қаперлерінде жоқ. Ол — өмір тәжірбиеміз, оқыған-тоқығанымыз, көрген-білгеніміз, көкірегімізге түйгеніміз. Көкірегіміздегі көп қазынамызды керегіне жаратар жастар табылса, кейінгіге тигізген пайдамыз деп білемін. Бірақ құйма құлақ ұлдарды таба алмай қиналатыным бар. Көнекөз көпті көрген біздерді тыңдаудан гөрі жастар анау тентек суға көбірек үйір боп барады. Бұл жақсылыққа апармайды. Жынды судың сонына түскеннің барқадар тапқанын көрген жоқпын. «Өлетін бала молаға қашады» демекші бұған бойын бір үйретіп алған ер азамат түбінде азып-тозып, адам сиқынан айрылады. Қолдан келсе, адам басқаларға пайдасын тигізгенге не жетсін.

Мына сен бала түріңе қараса, сөз түсінер тәп-тәуір-ақ жігіт сияқтысың. Араққа да алғырлығың бар екен. Сен де ішіп отырсың, келін де ішіп отыр. Сендерден туған бала не болар екен?» — деп салғаны ғой.

Міне, сол қарияның сондағы сөзі өзім қартайып, балаларым есейгенде еріксіз ойыма оралды. Сол шақта дүниеге келген үлкен ұғым Төренің ішімдікке үйірлігі дана қарттың көргендігін мойындатқандай.



Роза ЫСТАЙ

Бақытжан күндегі әдетінше екі немересін әпкесінің үйінен алып келіп, тамақтарын берді. Ол жұмысқа кеткен кезде балаларды тастайтын жер жоқ болған соң, амал жоқ, қала шетіндегі ауылға алып барады. Бақытжан қызы Жанар екеуі пәтер жалдап тұрғалы біраз жыл болды. Үш қызы шешелерінен ерте жетім қалды. Токсаныншы жылдары ел жұмыс іздеп, Алматыға ағылған кезде, бұлар да Өскеменнен жұмыс іздеп келіп, осында тұрақтады. Пәтер жалдап жүріп, барахолкада сауда жасады. Асханда істеді. Алматының ол бармаған бұрышы жоқ шығар. Базар өртеніп, бар тапқан-таянған ақшаларынан айырылды. Сатып алған дүңгіршектерінен де базардың қожайыны қуып шықты. Гүлшат жаман ауруға шалдығып, қайтыс болғалы он бес жыл өтіпті. Жанар ол кезде жетінші сыныпта оқитын. Бақытжан «арқа еті арша, борбай еті борша» болып, үшеуін де жоғары оқуға түсіріп, оқытты. Олардың диплом алғандарына іштей қуанатын. Екі қызы Ардақ пен Алма тұрмысқа шығып, балалы-шағалы, өздерімен өздері. Кенже қызы Жанар күйеуімен ажырасқалы қатты уайымдайтын болды. Қытай компаниясына аудармашы болып, жұмысқа кіргелі үйде болмайды, иссапары көп. Шетелдерге жиі кетеді. Бақытжан жұмысқа күнде баратыны киын. Жұмыс дейтін де жұмыс емес, бір байдың балаларын мектепке алып барып, кешке алып келеді. Қалған кезде немерелерінің жанында болады. Екі бөлмелі «временка» жер үй болса да, бір жақсысы үйдің ішінде бәрі бар. Қожайыны жас бала. Ұлтты ұйғыр демесен, қазақша сайрап тұр. Бір жақсысы, ештеңемен шаруасы жоқ. Әйелі екеуі таң ертенгісін кетеді, содан кешке бір-ақ көреді. Кейбір де тіпті екі-үш күн үйлерінде болмайды. Ондай кезде даладағы темір тапшанға балаларды апарып, әбден шаршағанша ойналады. Бір уақ әткеншек тебеді, әйтеуір аулада емін-еркін жүреді.

Бірде Жанар жұмысынан асығыс келді де, үйдің астан-кестенін шығарып тазалап, кішігірім жиназдарды жиыстырып, шақшәлекейі болды. Бақытжан іштей «не болды екен» деп таңғалды.

Кешке екеуі шайға отырған кезде Жанар бір әңгіменің ұшығын шығара бастады:

— Әке, ертең құдалар сізбен танысуға келетін болды. Гүлжан апайымызды шақырыңыз. Бала-шағасымен келсін. Қазір орталықтан көп қабатты үйлерден екі бөлмелі пәтер таптым. Көшеміз, — деді Жанар әкесіне тіке қарап.

— Ой, сенде қызық екенсің, Жанар. Екі кештің арасында қайда барамыз?

— Әке, бұл жерде біздің алып кететін көп жүгіміз жоқ. Теледидар, шаңсорғыш, тоназытқыш-осы үйдің иесінікі. Анау ескі үстелді, орындықтарды қалдырып кетейік. Тек киім-кешектерді алсақ болды.

— Балаларға жер үй жақсы еді, — деді Бақытжан үйреніп қалған үйін кимай.

— Әке, уақыт тығыз, тез дайындалайық. Ой, айтпақшы, құдаларыңыз Әмерикадан келеді, — деді Жанар жайбарақат. Бақытжан қызына үрейлене қарады.

— Әмериканың қазағы ма?

— Жок, әмерикандық.

— Не деп тұрсын, қызым-ау?! Түріктен ерең құтылғанда, енді кімді таптын. Осында жүріп, бір қазақ бұйырмады ма?

— Ертең болашақ күйеу балаңыздың ата-анасы сіздермен, қазақтармен танысуға келеді. Мен барлық жағдайды айтып түсіндірдім.

— Нені түсіндірдің? Балаларыңды қайтесің?

— Әке, уайымдама. Балаларым бар екенін де айттым. Көлік сыртта келіп тұр, тез шығайық, — деп қызы заттарын тездетіп көлікке тиеді. Олар қаланың тура ортасындағы көп қабатты үйлердің біріне барып жайғасты. Жаңа үйлер болу керек, бәрі қоршалған, кіре берісте қарауылдары отырады. Анау-мынау адам кіре алмайды. Бақытжан балалар ойнайтын жерді, доп тебетін алаңды көріп, қуанып кетті. Бұлар жүгімен, балалармен даңғарадай лифтіге емін-еркін сыйды. Лезде сегізінші қабатқа

да оқып үлгеріпті.

— Гарри Жанар туралы айтқанда, біз бірден ұлтын сұрадық. Қазақстаннан дегенде қатты қуандық. Өйткені қазақ елі туралы бұрындары да білетінбіз. Ең бірінші, өзіміздің үйдегі үлкен кісілер сәлем айтып жатыр. Олар сексен жастан асты. Ал біз келініміздің ата-анасынан рұқсат сұрап келдік. Рұқсат бересіздер ме? — деді олар.

Мұндай кезде ауызға сөз түсе қойсын ба, Бақытжан үнсіз отырып қалды. Тек әйел емес пе, апайы Гүлжан үнсіздікті бұзып:

— Әкесі қайда қашар дейсің, Жанар өзің келістің бе? Екі бала бар. Олар туралы

Гарри күйеу бала

көтеріліп, жаңа пәтерге де келді. Мынандай үйді Бақытжан көрмегелі қашан? Екі бөлмелі деген аты болмаса, үш-төрт бөлмелі үй сияқты. Баяғыда қайнағасы Дәулеттің досы Аманжол деген жігіттің үйін көріп, таңғалған. Бір қабаттағы барлық пәтер соныкі екен. Бір есіктен кіріп, шыққанда қай есіктен шыққанын білмей қалған еді. Мына үйлер ондай үлкен болмаса да, әжептәуір кен көрінді.

Олар киім-кешектерін орын-орнына қойып, өздері жатын орындарына жайғасты. Бақытжан түнімен көз ілмеді. Қызы түрікке күйеуге шыққан кезде дәл осындай уайымдамап еді. Ол түрік бір дастарқаннан шай ішіп, бірге тұрып жүріп, бұларды алдап соқты. Екі балалы болғанда Түркияға қашып кетті. Жәй кетпеді, Жанарды белшесінен қарызға батырып кетті. Ұялмай «отбасым бар еді, сол жаққа барамын» депті. Сонда осы уақытқа дейін неге отбасын айтпаған? «Әйтеуір, қызымыз да, ұлымыз да кім көрінгенге алданамыз да жүреміз» деп Бақытжан іштей кіжінді. Бәрінен бұрын екі балаға абал болды. Үнемі әкелерін күтіп, елендеп отырады. Енді мына күйеу баланы олар жақын тарта ма екен, кім білсін? Алып қалсам, қарай алам ба? Бұлар қайда тұрады? Әмерикасына кете ме? Бақытжанды түрлі сұрақтар қаумалап, әртүрлі ойлар қажай бастады.

Ертесі Бақытжан зіл батпан басын ерең көтеріп, орнынан зорға тұрды. Жанар өзі де, балаларға да өзіміздің ұлттық кимімізді кигізіп қойыпты. Гүлжан апайымыз бала-шағасымен келіпті. Келе сала Жанарға сұрақтарын жаудырып жатыр.

— Жанар, неге бізге қазақша камзолдарыңды киіп келіндер демедіндер? Әмериканың қай жерінен екен?

— Өзінің Вашингтон деген үлкен қалада үйі бар. Ата-анасының кәрі әке-шешесі бар екен. Олар басқа қалада жеке-жеке виллалары бар, сонда тұрады, — дегенше телефонның қоңырауы безілдей жөнелді.

Жанар:

— Құдаларыңыз келді. Мен өзім алып кіремін, — деді.

— Неге? Сен шықпай-ақ қой, біз шығайық, — деп әпке-жездесі құдаларды алып келуге кетті. Олар шашу шашып, құдаларды үйге ертіп кірді. Бақытжан ә дегенде сасып, тұрып қалды. Ерлі-зайыпты әмерикандықтар табалдырықты имене аттаса да, күлімсіреп, Бақытжанды, содан соң Жанарды құшақтап амандасты. Екі балаға базарлықтарын беріп, беттерінен сүйді. Бәрі дастарқан басына отырып, әңгімелесе бастады. Жанар күйеу баланы аты Гарри деп таныстырды. Ерлі-зайыптылар Гарридің ата-анасы екенін өзі айтты. Орысшасы тәп-тәуір екен. Бақытжан Өскеменнің Самар ауданында орыс класында оқыған. Әйелі марқұм Гүлшат Қатоннан қазақша оқып, бітірген. Ол Алматыға келгелі қазақша біршама үйреніп алды, ұмытайын деп қалған орысшасымен өзін, туған-туыстарды таныстыра бастады. Гарри ата-анасына аударып беріп отырды. Олар қазақ деген ұлтты жақсы білетін болып шықты. Тарихымызды



ойландың ба, — деді.

Жанардан бұрын Гарри жауап берді.

— Жанар келісімін берген, тек әкеміз рұқсат берсе болды. Ал балаларды мен өзіммен бірге алып кетемін. Әке-шешем қараймыз деп отыр. Оларды алдымен ағылшын тілін үйрету үшін осы Алматыдағы курстарға береміз, — деді ол. Бақытжан басын көтеріп, Гарриге тесіле қарады. Мына сөзінен бір жылылық көргендей болды ма, мен... мен қайда қаламын... — деп Бақытжан жас баладай жаутандап Жанарға қарады. Ислам мен Фатима Бақытжаннан айырыла қояр ма, екен. Анда-санда Исламға ұрысқанда ол «менің туыстарым келгенде сені айтып беремін» деп өкпелейтін. «Туысың мен ғой, менен басқа кімге керексің» дейтін іштей Бақытжан. «Жок, қателесіппін, бұл тірі жетімдерге де жаны ашитын ер-азаматтар бар екен. Өттең, тіл білмейтінімді-ай, Гарри күйеу баламен бір ерлерше отырып, әңгімелесу керек еді» деп айтпақшы болды да, үнсіз қалды. «Өлмесек, бұл күйеуді де көрерміз».

Жанар, Гарри құдаларды, Бақытжанды ертіп, қыдыруға шықты. Алдымен, үлкен дүкенге тоқтап, олар аралауға кетті. Бір кезде үлкен теледидар, ең қымбат шаңсорғыш сатып алып, Бақытжанға берді.

— Жанар, мына заттарды сен алғыздың ба, ұят болды ғой, — деді Бақытжан.

— Жок, әке, бұлар келген кезде бәрін байқап отырған екен ғой. Мен «енді көшіп келіп жатырмыз» деп қайтып айтамын.

— Аа, бағана мен сыпыртқымен есік жақты сыпырғанымды көріп қалған екен ғой, қап, ұят болды-ау?

— Жарайды, ренжімеңіз. Олар бәрін түсініп отыр.

Оларды Алматының көрікті жерлерін аралатып, ертесі самолетке шығарып салды. Гарри Жанарға сырға салу үшін Дубайға ұшаққа билет алып қойғанын айтып, бәрін сол жаққа шақырды. Бақытжан Гарридің әрбір ісіне таңғалып отырды. Бірер аптадан соң барлығы Дубайға барып, сырға салу рәсімін жасап қайтты. Әмерикадан ата-анасы қайта ұшып келді. Бақытжанды тағы үлде мен бұлдеге орап жіберді. Ол әлі ештеңе түсінер емес. Біздің қазақ екі баласы бар әйелді алуға бірінші ата-анасы қарсы болады емес пе? «Қыз құрып қалғандай, мұның не? Біреудің балаларын қалай бақпақсың? Өз әкесіне керек емес бала, саған қалай керек болып қалды?» деп талай

сөздер айтамыз ғой. Осылай деп бір жігіттің шешесі баласын айнытып алып кеткен. Ал Гарри күйеу бала өзіміз жасамайтын жақсылықты жасап отыр. Дұрыс-ау десең де, іштей қимастық сезім бәрін жеңгендей болады». «О, тоба! Құрылықтың арғы жағындағы үш қайнаса сорпасы қосылмайтын аузын айға білеген Әмерика деген елде мейірімділікке, ізгілікке толы жүректері бар адамдар көп екен-ау» деп сүйсінді. Біз кейде асығыстық жасап, бір адамның жамандығын көріп, сол ұлттың барлығы жаман деген ой түйеміз ғой. Алайда Бақытжан Жанарға: «Сен олардың ақшасына қызықпа, дүниесі керек емес. Әлі кеш емес, ойлан. Олардың өмір сүру тәртібі мүлде бөлек. Сен салт-дәстүрімізді көріп-біліп өстің ғой», — деп қайта-қайта айтумен болды. Жанар болса әлі ойланумен жүр». Шынымен, не істеу керекпін?»

Гарри сол күні Вьетнамнан келді де, бірден Алматыға Бақытжанға жолықты. «Әмерикадағы үлкен кісілер құданы, келінді алып кел, көреміз деп жатыр, сізбен ақылдасуға келдім. Барып қайтыңыз, бізбен бірге», — деді. Ол Жанарды жалғыз жібергісі келмей, амал жоқ, баруға келісті. Сөйтіп, құжаттарын реттеп, біраз күн жүріп қалды. Олар билет алысымен, бірден жиналып, ұшаққа отырды. Бақытжан бірінші рет ұшаққа отырғандай, бойына әлде бір қорқыныш сезім пайда болды. Көзін тарс жұмып алып, жан-жағына қарауға жүрегі дауаламады. Әйтеуір «Біссіммілләни» айта берді. Қанша сағат ұшқанын кім білсін, әйтеуір қыздың хабарлап жатқанын естіп, жақындап қалған болуымыз керек деп ерең көзін ашты. Жан-жағындағылар абыр-сабыр. Жанарға қарап еді, ол басын изеді. Бірер сағаттан соң барып, аман-есен жеткенімізді хабарлады. «Үһ» деп терең бір тыныс алып, мүлде аяқ баспаған бөтен елге қарай бет алды. Алдарынан Гарридің бір топ туыстары қарсы алды. Барлығы көліктеріне отырып, үлкен кісілер тұратын шағын қалаға бет түзеді.

Бұларды екі үлкен кісі — Гарридің апасы мен атасы тағатсыздана күтіп отыр екен. Төрте отырған олар қонақтарды көріп, бұрыннан танитын адамдарша орнынан тұрып келіп, құшақтап амандасты. Жанар оларға иіліп сәлем берді. Оны Гарри қазақтың салт-дәстүрінде үлкендерге осылай сәлем береді деп түсіндіріп жатыр. Екі әмерикалық қарт ризашылығын білдіріп, Жанарды құшақтап, бетінен сүйді. Екі баланы да жақын тартып, амандасты. Сексеннен асса да екеуі де әлі тың көрінді. Жанар сияқты дастарқан жайып қойыпты. Олар бәрі жиналып, бірге тамақтанды. Гарри екі-үш күн қаладағы көрікті жерлерді аралатты. Бақытжан Гарридің отбасы бақуатты тұратынын байқады. Әрқайсында жеке-жеке виллалары бар. Күтушілері зыр жүгіріп жүр. Алайда Бақытжан еліне кеткісі келді. Бақытжан түнде түс көрді. Тарбағатай жақ екен дейді. Жап-жасыл. Қызыл-жасыл гүлдер жайқалып тұр. Биік шың басына Гарри шығып алыпты. Бақытжан қараса көз тоймайтын кең далаға қарап, «Туған жер! Қандай әдемі!» деп екпетінен жата кетеді. Енді қайта аунаса, бағанағы гүлдердің бірі жоқ. О, тоба! Мұнысы несі деп оянып кетті. «Елге қайту керек, елге қайту керек» деп Бақытжан құбірлей берді. Енді біраз жүрсе, ол осында мәңгілікке қалып қалатын сияқты болып көрінді. Гарриге қайтуға билет алғызып, Жанар барлығы елге қайтты. Бақытжанға он күн он жылдай көрінді. Ол Алматыға келе салысымен жерге жата қалып, аунағысы келді. «Туған жерге ештеңе жетпейді екен-ау?! Қасиетінен айналайын, туған жер!» деп көзіне ыстық жас лықсыды.

Гарри күйеу бала Жанарды Алматыдан ұзатып, балалармен бірге Әмерикаға алып кетті. Бақытжан туған-туысымен сол жақтағы тойға баратын болып, қызу дайындықты бастады. Гарри оған екінші қызы Алманың қасынан екі бөлмелі үй алып берді.

Бақытжанның өмірі екі-үш айда мүлде өзгеріп сала берді.

Жуырда Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен «Алматы – арман қала» атты әдеби-сазды кеш өткен болатын. Халқымыздың көптеген классик қаламгерінің шығармашылық жолы қалыптасқан әсем шаһардың рухани келбетін айшықтаған осы кеште «Алматы – арман қала» республикалық жыр мүшәйрасының қорытындысы жарияланып, үздік деп танылған ақындар марапатталды. Бүгін жыр мүшәйрасы жүлдегерлерінің өлеңдер топтамасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Бауыржан ЖАҚЫП

АҚЫНДАРДЫҢ ҚАЛАСЫ

Алматы менің, Алматым,
Кеудемде жанған отым сен.
Күдіретің сенің, жәннатым,
Шарықтап, шалқып, лепірсем.

Өмірдің төгіп шәрбатын,
Күн сайын алуан түрге ендің.
Айтшы өзің, асқақ Алматым,
Тұсауын кестің кімдердің?!

Өмірдің жаққан шырағын
Көгілдір қалам, көк қалам.
Музаның жегіп пырағын,
Ақындар келіп тоқтаған.

Қазақтың қызыл сұңқары —
Сәкен де ұшқан дабылдап.
Кұйылған жырдың шырқауы —
Лияс құшқан арындап.

Айырбастамай басқаға,
Сырбайың жүрді сыймастан.
Бұйымаса да баспана,
Қасымың қалды қимастан.

Өзеге бермей есеңді,
Семсерін жырдың серметіп,
Жұбандай көрдің көсемді,
Қадаған сөзін төрге тік.

Ғалидай көрдің шешенді,
Өлеңін көкке өрлетіп.
Ғафуың жүрді көшенді
Сәнді етіп, бірде әндетіп.

Кайнекей нәсер жыр күтіп,
Найзағай шабыт сермеген.
Даусымен бұлтты үркітіп,
Оқыған Тайыр сенде өлең.

Жырлары керуен-керуен боп,
Төлеужаның мен Тоқашың.
Серілік құрды серуендеп,
Ертіп ап бір топ ботасын.

Өбектеп өлең сәбиін,
Бесік қып саған бөлеген.
Бозторғай болып Сағиың,
Қаршыға болып Төлеген.

Хантәңірінен ұшып кеп,
Мұқағалиың мұң кешкен.
Қоңырқай кешті құшып көп,
Жүмекен жыры үндескен.

Өзіңді ғана таңдады
Жыр болып өткен тағдырда.
Ғұмырын саған арнады
Кешегі өткен Әбділда.

Ерекше шабыт керек қып,
Алматым, сенде туады ән.
Өзіңде жазды өрекің,
Махаббат жырын Тұмағам.

Алма төсіңнен от алып,
Аттанды сенен бата алып.
Шығардың бәрін биікке,
Алатауыңа апарып.

Шырқаттың сөйтіп аспанға,
Ақындар жырын шашқанда.
Айналып кеттің өзің де
Өшпейтін ғажап дастанға.

Кіресің. Қалың нөпір қос өкпеңде,
Бәрі де асығулы... бос өткен бе?
Тоқтайды жүрдек пойыз жүйткіп келіп,
Зулайды бекеттерден бекеттерге.

Жер асты. Кеш батпайды,
таң атпайды,
Сырғиды самайыңнан санап қайғы.
Отырған қарсы алдында орыс кемпір,
Кітапты «Рай» деген парақтайды.

Өзгені мұңды демен, мұңсыз демен,
Кім, сірә, күнін ойлап күрсінбеген?
Түндігін туннель жұтқан рельстер,
Жүректей түн ішінде дүрсілдеген.

Торыққан, қалжыраған, маужыраған,
Томсарған топ ішінде жалғыз адам.
Жұбатып жалғыздығын, жұбана алмай,
Ішінде ірімнің жан жылаған.

Қайыңдары мінезіндей халқының,
Сыр білдірмей сызылады, жарқыным.
Жауын болып жауа салар бір демде,
Аспанынан алғым келді жарты-мұң.

Көктемнен үй жасадым көрікті,
Арманымды әу бастан-ақ ұғыпты!
Менің жаным, дәл қай жылы белгісіз,
Сөйлегеннен осында өмір сүріпті!

Қара жерде ашқандай бір құшағын,
Бөпемді де кеудеме мың қысамын.
Көгершін де жатсынбайды бұл жақта,
Құстарын да жауратпаған құса-мұң.

Жүздерінен гүл көрінген қанаты,
Өмір деген, өлең деген бар аты.
Құстар — біздің айта
алмайтын үніміз,
Соғылғанша жарық дүние сағаты.

АЛМАТЫ — АРМАН ҚАЛА

Құлманат ӨУЕЛХАН

БЕУ, АЛМАТЫМ

Бар сырын жүрегіне құндақтаған,
Өзіңді жатқан сынды жырлап ғалам.
Алматы арудайсың сырлы, сұлу,
Жанарын жас, жамалын мұң қаптаған.

Алматы сырыңды ұқсын, өзіңдей кім,
Күйіңді тыңдап тынған сезімдеймін.
Үмітпен арман қуып, келгем саған,
Өксимін кей түндерде көз ілмеймін.

Жұмақтың айқара ашқан есіңдей,
Тәубеге берген Құдай кешірімдей.
Тербеткен сан ғашықты ән салдырып,
Алматы — махаббаттың бесіңдей.

Достыққа құшақтарын айқара ашқан,
Сен жайлы ақиқатын, айтады аспан.
Адасып қанша тағдыр жүр өзіңде,
Бақ пен сор, ақ пен қара тайталасқан.

Тағдырдың мың сынына шыдап тұрып,
Басамын алға қадам, құлап, тұрып.
Алматы ғұмыр кешіп келемін мен,
Сенің кең құшағыңда жылап, күліп.

Күн шықты бұлт астына жасырынбай,
Тәңірдің берген бізге асылындай.
Алматы ақ лағылға оранып тұр,
Айбарлы Алатаудың ғашығындай...

Алдарқатып көңілді күн күледі,
Сүйрелейді тереңге мұң түнегі.
Аялғын көргенде дүниенің,
Көкіректе көп шындық іркіледі.

Байыз таппай кей шақта, жаным мүлде,
Сіңіп бара жатамын сағым күнге.
Мынау тірлік тырбаңы қажытқанда,
Қалмағанын сеземін сабыр мүлде.

Жақсы көрем, біреуді жек көремін,
Жүрек мына іздеген көктен емін.
Ізгіліктің жалғыз тал дәнін тауып,
Жанымның бақшасына еккен едім.

Сағынышқа батырып санамызды,
Қоңыр күймен тербетер дала бізді.
Қарлығаш қанатындай қайран өмір,
Ала берме қырыңа қара қызды...

Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ. ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Дүние-ай, табармысың жанға тыным,
Аялдап, дамып тапқан бар ма күнің?
Жаныққан жер бетінде жүргішілер,
Алдыңда метросы Алматының.

Қара туннель — Кеңістік... мүсіндеген,
Бармын ба Уақыттың ішінде мен?!
Бір рет болса-дағы, пенде бар ма,
Қиялын қылуатке түсірмеген?..

Қылуат...
Кім бар ішке үңілмеген,
Бітер ме қияметің бүгінменен?
Көпшілік ұзын-сонар — керуен-көш,
Тоқтаусыз сопылардай күбірлеген.

Көп тобыр: артыңда адам, алдыңда адам,
Қуырған ашысында тағдыр-ғалам.
Еске алар азан дауысын бұлар, бәлкім,
Немесе қоңырау үнін қаңғырлаған.

Белгісіз келістің бе, керістің бе,
Майданы жеңілістің, жеңістің де.
Ойлаймыз өлім жайлы жер астында,
Ойламай өмір жайлы жер үстінде...

Өреписің, өксисің, өкінесің,
Ынтығасың тірлікке — бекім осы.
Көңілсіз көшелердің шуын жұтып,
Жүйткіді Алматының метросы.

Өрт көшер өз-өзінен өзегіңнен,
Соңғы бекет... қалмайсың кезегіңнен.
Метроға бір кіріп шыққан жанның,
Бұрынғы ол емесін сеземін мен...

Динара МӘЛІК

КӨКТЕМІНЕН ҮЙ ЖАСАДЫМ КӨРІКТІ...

Алыс шалғай, бір баурайда ержетіп,
Жел тілімен жүрегімді емдетіп.
Жұлдыз біткен жиылатын түндікке,
«Алматы» деп сыбырайтын әндетіп.

Қала жақтан қарағандай арманым,
Есеюге соншар құмар болғаным...
Жолдың бәрі жылы емесін кеш ұқтым,
Балалығым құмда сіңіп қалғанын.

Жарты жолда, бұрылуға тепсініп,
Сүйлейлердей сөйлеп тұрсам от шығып!
Қобыз үні естілер деп жырымнан,
Бара жаттым, артқы күнді жатсынып!

Жетімдердің анасы деп сезіндім,
Буланатын сүрткім келді көзін-мұң.
Күйттай ғана жүрегімде кенеттен,
Көтерілген тауды көріп көз ілдім!

Ұйықтамайтын, шаршамайтын қаланың,
Гүлін иіскеп, түнін сүйді табаным.
Тау басынан қарды көрдім, кіршіксіз,
Мен де ол кез қарға ұқсас «баламын».

Көшелерде жүз адастым жаңылып,
Тірімін ғой, аялады әр үміт.
Ұзын жолдар әжем сүрген ғұмырдай,
Жүргім келді бір адамды сағынып...

Талмен, таумен дос болам деп ұшқаным,
Күннің өзін алақанда ұстадым.
Гүлдің өзін өссін дедім жайқалып,
Қардың өзін жібігенше баспадым.

Дәл осылай Жерге мейір төккенім,
Дәл осылай тап-таза боп өпкенім!
Болды ма деп, қалдым ба деп жазалы...
Оным үшін Алматыны сөкпедім!

Құшқанымнан, сүйгенімнен, қоштасып,
Алатауға қайғым кетті астасып.
Астанаға көз тікпеймін мен қазір,
Кеңсай жақпен кеттім биыл достасып.

Ұлым жатқан мазарында өлеңім,
Ұлым жүрген жолды сүйіп келемін.
Дәл сол үшін Алматыны сөкпедім,
Алматы да білмей қалды... өлерім!

Әлия ІНКӨРБЕК

АЛМАТЫ

Алматы деген — ар ма екен,
Алматы деген қар ма екен?
Жоқ іздеп жүрген рухтардың
Жанының табы бар ма екен?

Тұманы мұндай арбаған,
Шытырман жолды таңдаған,
Алматы — ақын жүрегі,
Алматы — бәлкім, арман ән?!

Баурына басса тау-ғалам,
Жауардай болып жаумаған,
Секілді жаңбыр Алматы,
Тамшысы жырдан аумаған!

Ішінде сан мың тармақтың,
Ұйқасың болып қалмақпын.
Алматы дедім Аспанды,
Алматым менің, ардақтым...

Маңдайда бағы бар мекен,
Қанша арман сенде қалды екен,
Жастығымбысың, Алматы?
Алматы демек, алда екен!

Нарқұлан РАЙХАНҰЛЫ

АЛМАТЫ ТОЛҒАУЫ

Шекер жырым Алматы шерлі өмірді сүйгіздің,
Тағдыр дейтін тақсырға басымды сан игіздің.
Құшағыңа сәбидей бастың кейде ынтығып,
Сүріндіріп тағымнан көкірегімді күйгіздің.

Тұлпар арман мініп ап шабыт
бердің шапқанда,
Маңдайымнан сипадың түспеші деп қақпаңға.
Көркемдігің түйреген сағыныштың жебесі,
Пейілің мен көңілің ұқсаушы еді ақ қарға.

Сұлулық бар өзгеше жылудылығың бар тағы,
Сенен бақыт іздеумен атты өмірдің әр таңы.

Түйлмесін қабағың, түңілмесін көңілім,
Алматы әйтеу, білмеймін мені өзіне тартады.

Сенде өткен әр күнім сырлы сондай сиқырлы,
Қасіретім көп тіптен қашыратын ұйқымды.
Ақша бұлттан аумаған қиялымды ап ұшқан,
Рухың биік Алматы құдіреттісің біртүрлі...

Ғажайыптың бәрі бар дуға толы түнгі аспан,
Жарықтарың жымыңдап
жұлдыздармен ымдасқан.
Қан көшеңде нөпір көп қарасы оның
көз жетпес,
Адам, көлік асығыс шуылдарға үн қосқан...

Өзгермеген өмірдің суретін дәл салған кім,
Даңғазасы көп орта дақпыртына алдандым.
Ит тірлікті көп сүрдім құладым
һәм жығылдым,
Тәкаппарлау Алматы тағдырыма таңғалдың.

Еркесі едің табиғат сұлулықты сыйлаған,
Ағыл-тегіл төкші бір Алатаудай тауға сыр...

Ақсаңдаған тас көше көне көзден аумайсың,
Ұлылардан із қалған сен бақытты жандайсың.
Тірі тарих сыр бүккен сонау ескі жылдардан,
Алматының аспанын еркін кезіп самғайсың,

Құлазиды көңілім толқын шайған іргесін,
Жоғалтқандай күйдемін
адамдықтың жүлгесін.
Өтіріктің еңсесі сенде Алматы бұр жарып,
Ақ қанатты ақиқат отқа
өртеніп күймесін.

Жан-жарамды мүжіген қайрап
жатыр өткірлік,
Ережесі ғұмырдың оқтай түзу от тірлік.
Алаңсыз бір шат күнді аңсап-аңсап ақыры,
Сенде Алматы тауысар өмірімді боқ тірлік.



Көрдей суық көңілдің ақ-қарасы дей берем,
Жар басына құласам, көрдің небір бейнемен,
Сүрінгенде шың-құздан тағдыр оғы дәл тиіп,
Өзіңді рас Алматы жек көремін кейде мен.

Кір ғаламның кірлеген жамамас ең жыртығын,
Алып шаһар қарбалас алмай-тұғын бір тыным.
Көңілімді көлеңке басқан сайын қайғы ішем,
Мұздатады жанымды кейде қатал құлқының...

Қызғын өмір бар сенде қызыл шеке тірлік күн,
Тіршіліктің қамы үшін
талай-талай у жұттым.
Жабықтырып жанымды еттің кейде ішқұса,
Жаңбырыңдай жанардан
көз жасымды сырғыттым.

Құлай жаздап кей күні қайта
тұрдым қош көңіл,
Зулап жатыр жаңа күн өтті солай ескі өмір.
Тасқа соққан маңдайым күрсінеді тым ауыр,
Көңілімді жұбатты құмға өскен сексеуіл.

Тағдырымнан із қалған паң қалада бөлекше үн,
Қайсарлыққа жол бастап
бейнесіндей белестің.
Онан ары асудан асырмасаң саған серт,
Талқандамай тағдырды сен Алматы емессің.

Сүрінбесем айтпас ем, Алматыны көрдім деп,
Құламасам айтпас ем, жығылмайтын
болдым деп.
Жараланған сәттерде кеудемді
ұлы кек кернеп,
Қаһарыңа жолықсам, тұратын-ды өлгім кеп.

Шөліркеген сәттерде
шөл қанбайтын Алматы,
Дау-дамайға нетүрлі толғанбайтын Алматы.
Адамдардың тағдырын ойланбайтын Алматы,
Таң мен кеште жүретін жол қалмайтын
Алматы!

О, Алматы киелі, тарихың бар сан ғасыр,
Адырнадан атылған мынау ғасыр қай ғасыр.

Күмән толы кеудемде күнәсы көп паң қала,
Күллі ғалам қарайды кейде рас таңдана.
Өмір-өлім арасы өтіп жатыр алмасып,
Біреу үшін бақ болған, біреу үшін сор қала!

Күмән толы кеудемде кінәсы көп нән қала,
Жарық таңға апарар сенде жатыр жол жаңа.
Сүрінейін, құлайын, мейлі сенде өлейін,
Қардай аппақ көңілмен сүйем сені мен ғана...

Беу, Алматы сұлуың құт-берекем киелім,
Алатауым айбыным әз басымды иемін.
Біреу үшін бақ бол сен, біреу үшін сор бол сен,
Алып шаһар Алматы мәңгі сені сүйемін,
Көк Тәңірге аманат қалсын сенде сүйегім!

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ

**АҚЫНДАР ТІККЕН
ОРДАМДАЙ**

Қос табанымға шарқ қып киіп көшеңді,
Қайтара алмай уақытқа кеткен есемді.
Қайтадан артқа қайырылмастай қабарып,
Алматы саған «қош енді, дегем, қош енді».

Жауар да жаумай аспаның тұрған түнеріп,
Жайқала алмай булығып тұрған, гүл, өрік.
«Кім келіп маған, кім кетпес әлі» дейтіндей,
Алатау бағзы қалпында қалған шіреніп.

Ақындар елі жәңкіліп көшкен сағымдай,
Базарлы күннен баз кешіп кеткен қауымдай.
Біреуі шықты шарғыған көкті жалындай,
Біреуі кетті бір қамау тері алынбай.

Керілген сымға тізіліп қонған құстардай,
Дүр етіп қонып, дүр етіп бірге ұшқандай.
Шаттанушы едік өзгеше, жаңа жыр туса,
Қызғаныш, қулық жоқ еді онда мысқалдай.

Асаулар кілең бірінен-бірі арындай,
Ұйтқытып өлең оқиды-ай келіп дауылдай.
Масаңдау жүріп Маралтайлармен жолықтық,
Қай бір көшеңде Ботпанов кеткен табылмай.

«Ауылда туып, Алматыда өлсе ақындар,
Менің де мұнда өлуге толық хақым бар».
Әмірхан әмір қарқылдап тұрып соны айтып,
«Сол үшін бір тост алыңдар, дейтін батырлар»

Жыр оқымадық алдынан күтіп кімдерді,
Мойындатқымыз келеді кілең дүрлерді.
Одақтың алды, ұмыту сірә, мүмкін бе,
Есенғалиға жыр оқып берген күндерді.

Өлеңмен ғана, өлеңмен бірге ас, дәмі,
Аманхан ағам сөз етпеуші еді басқаны.
«Уақытым жоқ» деп Қадір ақынның «қашқаны»,
Жәркен шайырдың жайылың құшақ ашқаны.

Темірхан ақын жырыңнан терең сыр аңдай,
Отырады үнсіз алыстан көзін бір алмай.
«Бәйгеге шауып көрдің бе», —
дейтін Қажытай,
«Шуақты өлең жазыңдар», — дейтін Тұманбай.

Жырымен тербеп, шулатып даңқын ормандай,
Алматы — осы ақындар тіккен ордандай.
Жазатын әлі, оқитын әлі біреуге,
Елеңдеп тұрам бір өлең қалып қойғандай.

Арнайды саған ешкім де сөзін бұлдамай,
Қазақта ақын жоқ шығар кеткен жырламай.
Шатынап кейде аязда сынған ағаштай,
Қаһарланасың бектерің қойса тыңдамай.

Мөлдірлік сенде қайнатқан ғасыр тұмбадай,
Сұлулық сенде беретін ән мен жырға арай.
Мінез де сенде бір бүріп алар, Алматы,
Желтоқсан, қаңтар жараған ақбас бурадай!

Айбат та сенде тамырда тулар қаны — куш,
Қайрақ та сенде жігерін жастың жанығыш.
Алматы мәңгі қартаймайды екен, өйткені,
Қартаймайды екен, ортаймайды сағыныш!

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ

**СЕНІ ЖЫРЛАП
ӨТЕРМІН...**

Ғалым толған, бақыт қонған,
ақын қылған Алматы,
Сенің анау Алатауың қарт абыздай салмақты.
Қазағымның өркениет ордасына айналған,
Алты алашқа орның бөлек сұлу қала, ардақты!

Сенің асау өзендерің мөлдіреген жанды су,
Өткен өмір — өзіңдегі бақыт құшу, сән құшу.
Шәрбат жырдың тұңғығын
жүрегіңе құйып ап,
Ойнақтаған шабытыңның толқынымен алысу.

Сұлу шаһар тең келмейтін өзге мекен елдегі,
Орны бөлек, жасыл-желек асқақ қала жердегі.
Құшағыңда махаббаттың жылулығы сезілер,
Аққу-қаз да қимай ұшар күз келгенде көлдегі.

Ойды толғай, сырды мүжіп тұрар биік асқары,
Өткен ғасыр сырын шертер
шатқалдары, тастары.
Сырласқанда ғалым,
ақын түнде жұлдыз, айыңмен,
Ғылымдағы, өнердегі жаңалықтың бастауы.

Дарытқандай аналардың мейірімін, ыстықсың,
Жердің күнді айналғандай бір өзіңе ынтықпын.
Әсем қала, ел жастарын
бауырына тартатын,
Ордасына айналғандай
сенің көшең шаттықтың.

Аман шықтың желтоқсандай
сен кешегі сынақтан,
Баса алмай ҚАЗАҚ рухын,
ұлын-қызын жылатқан.
Қанды оқиға жақсылықтың
бастауына айналып,
Күзгері өзің болдың тәуелсіздік таңы атқан.

Егемендік ғасырлардың арманы еді аңсатқан,
Алынбайтын белестей боп,
қайсар елді шаршатқан.
Ең алғашқы астанасы өзің болдың, Алматы,
Сондай бақты бұйырыпты бір өзіңе,
Жаратқан!

Алматы — сен байлығысың,
мақтанышы ұлтымның,
Рухани ордасына айналғаның жұрттымың.
Көшеңдегі тал-терекпен,
гүлдеріңмен сырласып,
Сен туралы өлең жазсам деп
қаламға ұмтылдым...

Ұзақ қарап тұрамын мен қайталанбас пішінге,
Көшеңдегі батырлар мен ақын толған мүсінге.
Таңғалу мен тамсануды
сыйғыза алмай жүрекке,
Мен ақын боп жаралдым-ау,
сені жырлау үшін де!

Роза СЕЙІЛХАН

АЛМАТЫМ

Бұл қаланың жаңбырын да сүйемін,
Тарихын да, тағдырын да сүйемін.
Бауларын да, тауларын да ғаламат,
Гүлдерін де кестелеген жиегің.

Бұл қаланың арманын да ұнатам,
Мұнда атады сәуленіп бұла таң.
Енді қайтпін мұңаймайды бұл шаһар,
Себебі оны жақсы көрем, жұбатам.

Алматы деп аталады бұл мекен,
Тіпті мұнда айтылады, сыр бөтен.
Өзіне-өзі сыймай кеткен шайырлар,
Алматыға қалай ғана сыйды екен...

Өйткені бұл төрі емес пе,
жұмақтың,
Неге өзіңді қайта-қайта сынаттың.
Алматы-ай, аңғалым-ай, сені мен,
Дәл осылай, тап осылай ұнаттым.

Тұрған анау, Тәңір тауы емес пе,
«Жібек жолы» сол бір ұлы жол есте.
Кеше тарих жайып салды шындығын,
Ал, жақсылар
Кетіп қалды келмеске.

Жылжиды алға дөңгелегі көшіңнің,
Жанарымда тұрды кілкіп
тосын мұң.
Желтоқсанның ызғырығын
сезіндім,
Айтар сөзден, айтар ойдан
тосылдым.

Кешір мені,
Кешіре гөр, Алматым!
Салмақ салып жібердім бе, арға тым.
Шын сүюді үйреткен де өзің ең,
Арман қалам, елің үшін арда атың.

Таусылмайды бақша толы жемісің,
Сен жайлы аңыз тебірентер ел ішін.
Өзің барда жалғасады үзілмей,
Татулық пен тұрақтылық, келісім.

Талайларды тамсандырды алмаң да,
Апортыңа қызықпаған жан бар ма?
Алматы-ай жастық жайлы ой кешем,
Өзіңде өткен күнімді еске алғанда.

Ынтық қылған тәп-тәтті арман,
Ұлы үміт,
Сенде есейдік, сол үмітке жылынып.
Алматының көшелерін кезіп жүр,
Өмір мұңы, дымқыл ауа, жылымық...

Төлеген МЕЛЛАТ

АЛМАТЫ ДӘПТЕРІНЕН

Гоголь көшесі.
Вознесенский храмы.
Бір диуана қуарып,
Сипалақтап қызылқұрғақ құлағын,
Күмбезіне күн сап қарап тұр әлі.
Өлкесінің исі сіңген шығарды ол,
Сөмкесінен «алтайские травы».

«Інішегім, тиер мұның күнде емі,
Мох, зрибы, хна, плющ бұл» деді.
Жусан, изен, рауғаш, тас па білем мен,
Туған жерің, туған жерім бір дедім.
Крестке қонақтаған қара құс,
Ұшып келіп қонды қадам ілгері.

Шәрісінің жаспен дымдап етегін,
«Алтай...» деді ол жәткірініп, жәтеліп.
«Алтай, — деді, — сағынышым түсіңсең,
Жүрмін оны иығыма көтеріп».

Создым қолды, жақынбыз һәм бөтенбіз,
Қабағын бір қағып қалды сетер күз.
Қара құсқа қарай бердік жалтартып,
Сағынышты сатып алып екеуміз.



Белгілі ақын, Халық-аралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Абзал Бөкенмен сұхбаттасудың сәті түскен еді. Поэзия туралы ой толғай отырып, өлең мен өмірдің иірімдеріне терең бойлаған ақын жалпы әдебиет жайында да кеңінен тіл қатты.

ҚАЖЕТИ ҚАСЫНАН ТАБЫЛҒАН БУЫНҒА БОСАҢСУДЫҢ РЕТІ ЖОҚ

– «Күндерімді кеткен анау бытырап, Кім кінәлі жүрмеуіме бүтін ап. Қалды бірі балалықтың бозында, Қалды бірі қалқатайдай үкіні ап...» – деп жырлаған екенсіз. Балалық шағыңыз қалай өтті? Өлең-сөзге деген ынтаңыз қай кезден, қалай бастау алды?

– Мен – Сарыарқаның салқар белін ен жайлап жатқан Қарағанды облысы, атақты Ақтоғай ауданының тумасымын. Бұл – өнім естіп аспандағы аккумуля қонақтаған, күйін естіп ботасы өлген інгені иіген, шешені сөйлеп, тыңдаушысы ішер асын жерге қойған, батырын естіп баласы белдеудегі бестісіне ұмтылған қазақы қасиеттің кенішіндей керемет мекен. Оның тағы бір кереметі – Алаш жұртының үш бірдей берен перзенті Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевтың осы топырақта дүниеге келуінде. Арғы-бергі тарихында атағы жер жарған жақсыларымен аңызға айналған бұл жұрттың қадір-қасиетін айтып тауыса алмайсың. Ақтоғай – түү басынан бастап бүгінге дейін шойын жол бармаған, ұшақ қонбаған, құретамыр болмен жанаспаған, соның арқасында аталған қатынаспен ілесе жүретін некилі індеттерден аман қалған, ауасы таза, суы тұнық, адамы адал, салт-дәстүрі салқам ажарлы аймақ.

Біз, жыр жүйрігі Жарасқан айтқандай, соғыстан соң дүниеге келген буын едік. Төрт жыл бойы әлем елдерін әлекке салған өрттің өзін көрмесек те түтінін иіскеп өстік. Колхозшы әке-шешенің еңбеккүнге алған азын-аулақ талғажуына қараған күн де болды. Бертінде таң атпай Хрущев көке мәжбүр еткен нан кезегіне де тұрдық. Осының бәрі өмір сабағы еді. Сол сабақ Брежнев кезіндегі мамыражай үзіліске ұласқан.

Менің өлең өнеріне бой ұруымның исі қазақ баласына тән талпыныстан еш айырмашылығы жоқ. Сондықтан оған тоқталып жатпаймын. Тек, кітап әлемімен танысып, жазу өнеріне жақын келуде алдымен, анам Қалия мен апам Иназәріпке қарыздар екенімді айта кеткенім жөн. Нәбәрі жеті кластық қана білімі бар шешем кітап оқыған баланың далада қалмайтынын білген болуы керек. Өзі қыс кезінде пешін жағатын кітапханадан небір жақсы дүниелерді әкеп беретін. Оқуға әбден құнығып алған маған кітап шақ иемейтін болған. Соған орай, шешемнің иығында келетін қаптың ішінен төрт-бес кесек қимен қоса небір сөз шеберлерінің қалың томдары қабаттаса шығатын. Менің әдебиет-

ке қызығуымның бір көзі осы болса, екіншісі өзім ылғи кітап оқып беретін апам еді. Сол кісінің кітап сөзіне құмарлығы арқасында, сүлей сөздердің төресі – «жеті батыр», қиял-ғажайып ертегілері, шешендік сөздер, аңыз-әфсәналар, 1961 жылы жарық көрген «Абай жолы» мен Абайдың қалыңдығы жырға қарсы сары-ала томдары, «Манас», «Мың бір түн», қазақшаға аударылған орыс классиктерінің орайы келген әңгімелері, алпысыншы жылдарға қарай жарқ ете қалған Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің көп томдықтары, Қасымның жасыл, Ілиястың қоныр мұқабалы жоян кітаптары сынды дүниелермен ертерек таныстым.

Үйдегілер жаңа кітап болмай қалғанда қайта-қайта оқыта бергендіктен «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар батыр» жырларын жатқа айтатын болдым. Апам – аса зерек жан. Мәселен, Қобыланды батыр алыс жорықтан оралып, асыл жары Құртқамен табысар тұсын аттап өтіп кетсем, мұны бірден байқап, ескерту жасап отыратын. Соған қарағанда, бұл жырларды мен ғана емес, ол кісі де жатқа білген сияқты. Әсіресе Абай өлеңдері мен «Абай жолы» эпопеясы ең сүйіп тыңдайтын шығармалары болды. Өмір есігін інгәлап ашқан немерелеріне де сол кітап кейіпкерлерінің атын қойып отырды. Әбіш деген інім Абайдың Әбдірахманының есімін алды. Қамар мен Жамал қарындастарымның ныспысы Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлуы» мен «Сейфіл Мәлік – Бәдіғұл Жамал» қиссасынан келді. Сөйтіп, апамды риза етемін деп жүріп, өзім де ұлтымыздың ұлы қайнарларынан сусындап жатқанымызды аңғармай қалыппын. Бакытты балалық шағымның біраз бөлігі кітапхана мен мал жайғайтын қораның арасында өткен мен, бүгінде әдебиетіміздің алтын бастауларымен балауса кезден таныс болуыма дәнекер болған сол бір ғазиз аналарымызды терең сағынышпен еске алып жүремін.

– «Өлең жаздым екі мың, Толтырмаққа торта ойдың кетігін. Түртіп қалсаң – алдырмайтын асты зар,

Жұқып қалсаң – шалдырмайтын шеті мұң», – деп төгілмесіз тағы бір өлеңіңізде. Сіздің шығармашылық қорыңыз бай екенін білеміз. Туындыларыңызда сыршыл лирика да тіл қатады, азаматтық үніңіз де айқын. Жаныңызға қандай поэзия жақын?

Өлең қандай кезде туады?

– Әрине, шығарманың сапасы оның санымен өлшенбейтіні белгілі. Бұл цифр өлеңге іліккенде көлемі жиырма бес баспа табақ болатын бес томда екі мың бет болатынын, бір бетке бір өлеңнен кеткенде екі мың жыр желіге байланатынына сүйендім. Бұл аса көп те, аса аз да дәулет емес, сапасына ден қойған әлхам шүкір тірлік. Атақты Қасым ағамыз кезінде: «Жаман өлеңдерімді жақсы өлеңдерім асырайды», – деген екен. Тұтамдай өмірі қан майданның қолқасы мен дау-дамайдың ортасында өтіп, мойын бұруға мұршасы болмаған ақын үшін мұны мін етуге болмас. Ал қолына мамыражай заманда қалам алып, қажеті қасынан табылған буынға босаңсудың реті жоқ. Мұның «екі мың» деп елеуреп отырған өзімізге де қатысы барын түсінеміз.

Ал «өлең қандай жағдайда туады?» дегенге келсек, Мұқағали ағамыз айтқан: «Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген тулайды қайшылықта» деген қағи-

ол әдебиеттің ауыр арбасы ретіндегі абыройлы рөлін әзір ешкімге бере қойған жоқ. Бұған кейінгі бес-алты жыл мұғдарында, ұлы Мұхтар Мағауин үміттеніп кеткен, талантты жас прозашыларымыздың үлкен шоғыры пайда болып, құнарлы туындыларын бере бастауы дәлел. Қара сөзіміздің осындай қауқарлы өкілдерінің күрт көтерілуіне кейінгі кезде қолға алына бастаған ынталандыру шараларының да игі әсер еткені анық. Қазақ прозасы – бәсекеге қабілетті проза. Ол оқылып келген, оқыла береді де.

Қазір әдебиетіміздің алтын табалдырығынан аттап, өз сөзін айтқысы келетін ақындар қарасы баршылық. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген. Бары ешқайда қашпас, бұларға не жетіспейді деген сұрақ тууы мүмкін. Бұларға, ең алдымен, «мен ақынмын ба, жоқ па?» деп өзіне-өзі сұрақ қою жетіспейді. Осыған бас қатырмағандардың көбі ақын деген атты ақ көбік қып мініп жүр. Әуесқойларын былай

Абзал БӨКЕН, ақын, «Құрмет» орденінің иегері:

ӨЛЕҢ ОЙ ОЯНҒАНДА

даға сүйенген дұрыс секілді. Өз тұсыман қосарым, өлең ой оянғанда туады. Ал ойды кім оятады? Оны сенің жан дүниенде болып жатқан дүмпу оятады. Дүмпуді кім түрткілейді. Оны сенің өмірге деген көзқарасың, мақсат-мұратың, солардың жүзеге асуындағы сәттіліктер мен сәтсіздіктер түрткілейді. Мысалы, менің ел аузында жүрген «Шыткөлекті» жазуыма сол көйлектің ішіндегі көркем жанға деген іңкәрлігім мен оған өмірі қолым жетпейтін уайымым себеп болды. Ұлы Жүмекен бір өлеңінде: «Ең бірінші уайым – уайымның жоқтығы», – дейді. «Уайымы жоқ болса, ол қандай ақын?» – депті А.Пушкин. «Уайым – ердің қорғаны» деп мәтелдететініміз де бар. Ақылман Абай: «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда», – деп кесіп айтады. Дана халқымыздың: «Ой да көп, уайым да көп ойлай берсең...» – деп термелететінін де білеміз. Демек, ой мен уайым көңілдің қозғалтқышы, өлеңнің от алғышы екен. Сондықтан ойландыратын өлеңдерді ұнатамын. Өзім де солай жазуға талпынамын. Тұрпатында түк жаналығы жоқ, мың жыл бойы мыжғыланған мәселені қайта ұсынып мезі ететіндерден алыс жүретініміз содан.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ПРОЗА

– Поэзия мен проза үнемі қанаттасып қатар желіп қана қоймай, кейде өзара тайталасып та жататыны байқалатындай. Сәл бұрынрақта поэзия алға озып, өлеңнің оқырмандары көп екені жәші сөз болса, қазір прозаға ден қоятындар көп секілді. Сіз қалай ойлайсыз?

– Мойындау керек, поэзия – әуелден аз оқылатын жанр. Бүгінде мұның тенденцияға айналғаны анық. Заманында жырдың гүл-бақшасы болған қай елде де өлеңнің өрісі қуаң тартып бара жатқандай. Батысың мен Шығысың да, Еуропа мен Америка да осы күйлі бастан кешуде. Дегенмен, тұқымы не өспейтін, не өшпейтін қайсыбір әулеттей, өлеңнің де өркені өзіне біткен өрлікпен үзілмей келеді. Көңілге бұл да медеу. Жер бетінде қазақ барда оның өлеңі де өзгеше реңк тауып, өмір көшінің көркі бола беретініне сенгін келеді. Ал прозамызға келер болсақ, ол қашан да дүмді болған. «Поэзиямыз алға шықты» деген ана бір жылдары арыны басылған сияқтанғанымен,

қойғанда, қалыптасып қалдым деген көп әріптестеріміздің өзі өлеңдеріне өте ұқыпсыз қарайды. Сөз сұрыптауға селсок. Неге екені белгісіз, олар әлденеге асығулы. Көпшілігінің жазған дүниесін қайта бір қарап шығуға мұршасы келмейтін сияқты. Мұндайлар көбіне назарын ұйқас пен буын санына аударады да, сөз бен сөз мағыналық жағынан үйлесіп тұрма, жоқ әлде бұл жерге басқа сөз керек пе еді дегенге көңіл қоя бермейді. Соның салдарынан «сөз арасы бөтен сөзбен былғанады». Ақындарымызға өз ырғағын өзі тыңдап, өз ұйқасын өзі ести білу жетіспейді. Осылар жетіспеген соң өлең ұйқастары мүкіс, ырғақтары бір шумақтың өзінде бірнеше рет құбылған ірі-тірі халге ұшырайды. Ол «ірі-тірілер» мыналар:

Өлең шумағының алғашқы тармағын үш буынды бунақтан бастайды да, келесі тармағында төрт буынды бунаққа көшеді. Одан кейінгі тармақта үш буынды бунаққа қайта оралады. Өлеңнің бей-берекетін шығаратын осы тірлік әрі қарай да қайталана береді. Сөйтіп, «сылдырап өңкей келісім...» (гармония) бұзылады. Бұл оқырманға шауып келе жатқан аттың кенет кейін қарай жалт бұрылғанындай жайсыз әсер етеді. Мұның бәрі ақынның жазып отырған дүниесінің әріптерін ғана көріп, оның ішкі үнін тыңдай білмеуден туындайды.

Жалпы, бізде өзін ақын санап жүрген жандардың дені қара өлеңнің буын саны он бір болатынын білгенімен, оның әр тармағы үш бунақтан тұратынын, олардың «үш, төрт, төрт; төрт, төрт, үш; және төрт, үш, төрт; буын болып үш түрлі ыңғайда орналасатынын, өлеңді осы үшеуінің қайсысымен бастасаң, аяғына дейін сонымен алып шығу дұрыс болатынын, олай етпеген жағдайда жыр гармониясы жырымдалып, ырғаққа нұқсан келетінін білмейтін секілді. Мұнымен келіспейтіндер барша өлеңін тағы бір шолып өтсін. Соның дені осы ырғақ орнын сақтамаудан кесіп тұрғанына көзі жететініне мен кепіл. Қазақ өлеңі, негізінен, тоникалық емес, силлабикалық екені белгілі. Ендеше, кімге де оның ежелгі шартын берік ұстану ләзім. Ырғақтан ауытқу кейде мықты ақындарда да болып тұратынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ жұрттың бәрі мұндай мінді өзінің ақпа-төкпе, ағыл-тегіл стилімен байқатпай жіберетін Мұқағали

емес екенін ескергеніміз жөн. Әрине, қазіргі ақындарда жетпей жатқан нәрсе, тек, бұлармен шектелмейді. Оны түгендеу көп сөз болып кетеді. Біздікі — ақындарымыз, тым болмаса, өлеңнің техникалық жағына ұқыпты болса екен деген ыңғайда айтылған сөз.

Тағы бір айтылмай жүрген, бірақ айтылуға тиісті мәселе — өлең жолдарын кіші әріптермен бастап жазу. Өлең шумағы төрт жол болу керек, оның біріншісіне үтір екіншісіне нүкте, үшіншісіне үтір, төртіншісіне нүкте қойылады деген қасаң қағидаға жатып алған жұрт мұның қажеттіліктен туып отырған қадам екенін әзірге қабылдай алар емес. Бірен-саран ақын ғана оны түсініп қолданса, қалғандары «қатардан қалмау» үшін қам қылатын сияқты. Шындығында, бұл өлең сөзде тыныс белгісін дұрыс қолдануды құнттамаған әуелбастан кеткен қате. Қараңыз. Егер өлеңнің бірінші тармағында айтылған ой кідіруді қажет етпей, екінші тармаққа жедел өтіп кетіп тұрса, оған неге үтір қоюымыз керек? Қоймаймыз, қисын қойдырмайды. Ендеше, мен бірінші жолды аяқталмаған сөйлем ретінде танып,

ТУАДЫ

тыныс белгісіз қалдырамын да, екінші жолды кіші әріптен бастап жазамын. Бұл — менің жеке қалауым емес, грамматиканың тыныс белгісін дұрыс қою талабы. Мұның дұрыс екенін өлең жолдарын кара сөйлемге айналдырғанда анық көруге болады. Мәселен, Бас ақынымыздың бірімізге белгілі төмендегі тармақтарының дұрыс жазылуы былай болмақ:

«Бірінді, казак, бірін дос көрмесен, істің бәрі бос».

Мұнда мен «достан» кейінгі үтірді неге алып тастап, келесі жолды кіші әріппен жаздым? Оның себебін түсіну үшін кара сөйлемге айналдырайық:

«Қазак, бірінді-бірін дос көрмесен, істің бәрі бос». Оқыңыз, сіз осындағы «дос» сөзінен кейін үтір қоя алар ма едіңіз? Әрине, жоқ. Ал біз қойып келеміз. Сауаттылыққа іңкәр көзбен қарасаңыз, үлкен қате. Жалпы, өлеңді түсініп оқу дегеніміз — оның мағынасын кара сөйлемге айналдырып барып ұғу. Көп жұрт өлеңнің белгілі бір өлшемге түскен кәдімгі сөйлемдер екенін түсіне алмай жүр. Мұны түсініп игерсе, поэзия оқырмандары да көбейер еді. Өз тәжірибемде шумактың бірінші жолын ғана бас әріппен бастап, қалғандары кіші әріппен кететін, кейде алдыңғы шумактың соңғы жолын тыныс белгісіз қалдырып, келесі шумакты кіші әріппен жалғайтын тұстар да кездеседі. Себебі алғашқы шумактағы ой жалғас шумакқа кідіріссіз өтіп кетіп тұр. Өлеңдегі осындай «кілттипанды» алдымен ақындарымыз дұрыс меңгеріп, алдағы уақытта жыр дүниесін орфографиялық һәм пунктуациялық тұрғыда сауатты жазуға негіз қаласақ, дұрыс болар еді.

ТАЙБУРЫЛДЫҢ ҚЫРЫҚ ҮШ КҮНДІК КЕМДІГІ ҚАЛМАЙДЫ ЕКЕН

— «Шарапат» поэмаңызға әдебиет жолында қолдау көрсеткен ағаларыңыздың ірі болмысы арқау болыпты. Бүгінде бұндай кесек мінездер бар ма?

— Менің бұл мейлінше шағын, сюжетсіз поэма 1992 жылы Алматының «Балауса» баспасынан шыққан «Сүмбіле» жинағымда жарияланыпты. Ол кезде жас қаламгердің қолжазбасы баспа тарапынан шегіндіріле беретінін ескерсек, сексенінші жылдары қағазға түскен болуы керек. Мұның философиясы — «ештеңе де, ешкім де өздігінен өспейді... Жас та-

лапка, жас шыбыққа қалай да бір қамқорлық керек» дегенді меңзейді. Біз ол кезде әкеміздің ала тайыншасын сатқызып, Алматыға жылына бір-ақ рет келіп-кететін түкпірде өмір сүрдік. Қамқор көңілге зәру едік. Әуелінде қойнауынан Оралхан, Жарасқан, Дәуітәлі, Тынымбай, Мұхтар Мағауин, Марат Қабанбай секілді небір сөз сүлейлері шыққан сол кездің ең беделді «Жалын» конкурсының жүлдегері атандық. Одан кейін Алматыға поштамен аттандырған қолжазбаларымызды жылы қабылдаған редакторлардан хат келе бастады. Олар — өзін әлі бет-жүзін көре қоймаған казактың қабырғалы ақындары еді. Жалаң сөз болмас үшін бірер үзік келтіре кетейік.

Жүсіп Қыдыров: «Абзал, «Саумал» атты жинағынды оқып шықтым. Өлең жасай алатының емес, жаза алатының ұнады. Қазір бізде өлең жасағыштар көбірек екенін ескерсек, сенің бойындағы табиғи қасиет қуантады...» — десе, Әнуарбек Дүйсенбиев: «... Сендерге қол ұшын беріп, шама келсе, қызмет істеген, әрине азматтық парыз ғой... Өлеңдерің өте ұнады. Сен — өз бетің, өз бағыт-бағдарың қалыптасып қалған ақынсың...» — деп жазыпты. Ал Сәкен Имановтың: «Бұл ақынның өлеңі маған барша сөз саптауы, ойының нақ та дәлдігін, пікірін жинақы ұстауымен ұнады... Әр өлеңінде жете түссем, жетіле түссем деген ниет, сол жолдағы ізденіс, өзін-өзі қамшылай қайрау бары аңғарылып отырады...» — деген екен.

Бұларды мақтаулардың тізімі деп емес, асыл ағалардың әлі де балаң ақынды қолтығынан демеп, шарапатын тигізуі деп ұққан жөн. Осыдан кейін халқымыздың «жақсыдан — шарапат» деген мәтелін негізге алған «Шарапат» сынды поэма қалай тумасын?!

Біздің әдебиетте жас таланттың тез аяқтанып кетуіне әкелік қамқорлық көрсетудің мысалы көп. Осы орайда, атакты Әбу Сәрсенбаев, Әбіш Кекілбаев бастаған талай жаны жайсаң, көңілі дарқан ағаларымыздың есімін тізіп шығуға болар еді. Бірақ ол басқа уақыттың еншісіне қалсын деген ниеттеміз. Жуырда әлеуметтік желі лентасынан майданнан он екі беттік «романын» қолтығына қысып оралған жауынгер Әбдіжәміл Нұрпейісовті алып ағамыз — Сәбит Мұқановтың өле-өлгенше қанатының астына алып, баласындай баулып кеткенін оқып қайран қалдым. Ал сондай «болар баланың белін буатын» кісілер бүгін бар ма, білмеймін. Қазіргідей тұщы дүние түгіл, біреуге деген ниетің айырбас саудаға түскен заманда бұрынғы кесектеріміздің түйірін де тауып алу қиын сияқты...

— Ақселеу аға нені оқуды, қалай оқуды үйреткенін айтқан екенсіз. Ол кісі қандай дүниелерді қалай оқы деген еді? Ал сіз қандай кітаптар мен еңбектерді оқыған дұрыс дер едіңіз?

— Өз басым жастау кезде қолыма не түссе, соны оқыдым. Іріктеп оқуға кеңес беретін кісі болмады. Ақселеу ағалармен кейін жолықтық. Сонда байқағаным, көркем әдебиетті оқудың көкесін танытсақ та, танымдық дүниелерге ден қоюдан шалақ қалыптық. Ақандар берген бағытпен біраз еңбектендік. Бірақ дер уағында құнттап отырмаған соң, Тайбурылдың қырық үш күндік кемдігі қалмайды екен. Ақыры Ақаң сөз болғаннан кейін айта кетейін, менің «Жалын» бәйгесін алған поэмамның тақырыбын ұсынған осы кісі еді. Кейіпкері — ақ боранда ақтылы қойымен ығып кетіп, қаза тапқан шопан келіншек... Мұны Ақаң алдында аз да болса парызым өтеле берсін деген ниетпен келтіріп отырмын. Сол 1977 жылы Ақаңның маған жазған хатынан үзік: «... Бірінші орын ешкімге берілмеді. Екінші орынды Дәуітәлі Стамбеков еншіледі. Үшінші орынды сен алдың... Тоқырауын бойы аруақ қонған жер ғой, қос ұлы құйрық тістесіп аламан бәйгесінен келгенде еріксіз қуанады екенсің...»

Қайран да біздің ағалар... Айдалада жатқан біздей бозымдардың болымсыз жетістігін жалау еткен ағалар, жырым-жырым қолжазбамызды жамап, кітап етіп жолға салған ағалар, бөгде жұрттың саман сарайын жалдап жүрген жерімізден суырып алып, су жаңа қолайлы пәтерге кіргізген ағалар, кетпестей болып көрінген, бірақ келместей болып кеткен ағалар... Сіздерді енді қайдан табармын?!

Қазіргі жастардың кітап оқуда бізден гөрі өрісі кең, өресі биік. Шет ел әдебиетін түпнұсқадан оқитын оғландарымыз күннен-күнге көбейіп келеді. Әдебиетіміздің болашағы — қалам ұстағандардың осындай тірлігіне шын жүректен қуанасың. Сондықтан ұсыныс айта алмаймын, керісінше ұсынысты қабылдауға әзірмін. Дегенмен «Тәж» кітабымда осы сұраққа жауап болардай «Кітап оқу» атты қызықты бір толғауым бар екенін еске саламын.

— Қазақ поэзиясының классигі, жыр жампозы Жүмекенді: «Арзанға әуелден жаны қас ақын үнемі жапаннан жол іздеп, үнемі жақпардан мүсін қашап, онысымен біреудің қызғанышын туғызып, біреудің ризашылығын нәсіп етуден тапбаған тарлан», — деп бағалаған едіңіз мақалаңызда. Шығармашылық ортадағы қызғаныш неден тууы мүмкін?

— Өмір деген қып-қызыл талас, қырғын бәсекеден тұрады. Бұл — адамды қоса алғанда, он сегіз мың ғаламның тірісінің бәріне тән қасиет. Ендеше, бұдан шығармашылық орта қалай сау қалмақ?! Кешегі Құлалар қалай мерт болды, казактың бұлбұл көмейі Күләш қалай қаза тапты, Шәмшіні қалай шалшыққа батырдық, әр сөзінің түбін шұқып Жүмекенді қалай жындандыра жаздадық, піскенін көрмей, ішкенін көріп Мұқағалиды қалай мұқалттық, «Көшпенділерін» үлкен сыйлықтан құлатып, басылып жатқан «Алтын ордасын» пышаққа жіберіп Есенберлинді қалай еңіреттік... Айта берсең, ұштығына жетерсің бе?! Соның бәрі іштарлық атты ит пен қызғаныш атты түлкінің қараптан-қарап тұрып көз алартуынан. Қанға қонған осы кесел кескестеп тұрғанда, әлі талай тарланды табытқа саламыз. Әлі де талай жақсымызды жанарымызды жалған жасқа шылап, жер қойнына жібереміз. Бұл — дауасы жоқ дерт. Болған, бола да береді. Тек, шығын аз болсын дейміз. Өйткені біз ең әуелі пендеміз. Ал пенде деген кім? Ол — адамның алып түсер аузы аңы. Әлгіндей жауыздықтардан арыла алмай жатқанымыз сол «анның» әлсін-әлсін оянып кетіп жатуынан. Алыста қалған алпысыншы жылдары мектеп қабырғасында жүргенімізде Американың Мальтүс атты философияның «адам адамға қасқыр» дейтін теориясы барын естіп тұла бойымыз түршіккен. Себебі біздің девізіміз — «Адам адамға дос, бауыр және жолдас» еді ғой. Алайда әлемдегі ең момын халық — өзімізде күнде болып жатқан қорлық пен зорлықтың неше атасын көргенде, Мальтүс марқұмның тұжырымы тура ма деп қаласың. Жақсымызды қызғанбайық, пенде болмай, адам қалпымызда қалайық дегім келеді мұндайда.

АҚЫЛЫМЫЗДЫ КӨРКЕЙТКЕНГЕ НЕ ЖЕТСІН...

— «Қаршадай кезімізден талабы шақ, Хат жаздық қара өлеңмен қаламұш ап. Өлшедік жырдың тәжін басымызға, Ел жоқта еркінсіген бала құсап», — дейсіз «Тәж» жинағыңызда. Жырдың тәжі неде деп санайсыз? Яғни қазақ поэзиясының өткені, бүгіні, ертеңі турасында не айтар едіңіз?

— Әрине, жазба поэзиямыздан тартар болсақ, казак жырының алтын тәжін қиған ақын Абай болмақ. Біздің мойын мұндай салмақты көтеруге қауқарсыз. Бірақ «ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеніз» деген сөзін арқаланып, ұлы ақын сыртқа шығып кеткенде қасиетті

бас киімді киіп көріп қызықтайтынымыз бар. Қызықтау қиялға бастайды. Қиял қиялға жетелейді. Қазақ поэзиясының тарихы бай, тамыры терең. Осы тереңдік бізге Абайдай алыпты берсе, Абай бүгін өзіміз ардақ тұтып жүрген алапат арыстандарымызды сыйға тартты. Осы мектеп, осы үрдіс бұдан әрі де жалғаса бермек. Жырдың тәжі дегеніміз — оның өзегінде адамзат аңсарын асқақтатып, ақиқат баяндылығын көксейтін кемел ойдың өріліп жатуында. Бұл болмаған жерде тәж де жоқ. Бүгінгі қазақ поэзиясы үлкен өткелдің үстінде тұр. Арғы беттегі келешекке өтсем деген ізденіс әртаратпан жүріп жатыр. Сондықтан бүгінгі деңгейіміз қандай, болашақ қалай болмақ деген сұрақтың жауабына асыға қоймаймыз. Бір анық нәрсе — казак жыр-сабасының кешеден жеткен қоры бай, бүгінгі құйылып жатқан сауалды қою, ертеңгі таңдай-ға тиер қымызының қызуы биік.

— Ал ақын тәжі, ақын бағы неде деп есептейсіз, аға? Жырдан тәж қиген ақын қандай болмақ?

— Ақын тәжі, ақын бағы дегеніміз — оның жүрегін жарып шыққан жырлары мен оқырман көңілінің талғам биігінде табысуы. Жазған дүниесі халқының көкейіне қонған ақыннан асқан бақытты адам жоқ, тіпті аса құзырлы мансап пен аса құрметті лауреаттығың да мұның қасында солғын. Себебі бұларды әртүрлі әдіспен сатып алуға болады, бірақ оқырман ықыласын еш нәрсеге сатып ала алмайсың. Сондықтан құндыз бөрік алдымен басымызды емес, ақылымызды көркейткенге не жетсін?!

— Талай хас таланттардың шығармашылық болмысына, жан-дүниесіне, ғұмыр жолындағы кескін-келбетіне үңіліп келесіз. Сіздіңше, таланттардың ерекшелігі мен ортақ қасиеті қандай?

— Меніңше, әр талант — өзінше бір әлем, өзінше бір мінез, өзінше бір «мен». Осы «өзіншелер» оның жазу стилін, температурасы мен темпераментін белгілейді. Өзіндік жазу мәнері мен қолтаңбасын қалыптастырады. Онан ұстыны бөлек сөз ұстасын жасайды. Бұл әрқайсының өзгешелігі болса, ортақ қасиеті — баршасы жұмылып адамзат игілігі үшін иығын тосып, ауырын көтереді. Сол мұрат жолында, қажет болса, жеке мүддесін де мүдіртеді.

— Талант иелерінің қадірін қалай бағамдар едіңіз?

— «Дарын біткен өз бағасын алып жатыр» десек, өтірігі өріп жүрген мына заманның тағы бір өтірігі болып шығар еді. Бұрын дарынды болу кемел келешекке кепілдік беретін. Қазір қаз тұруына дарын кепіл емес, пысықтық кепіл болып тұр. Аннан-мұннан кім көп жылтындаса, жылтынды жетелеп өктер жоғары жағы болса, соның асығы алшысынан түсуде. Өтірік ақын көбейді, өтірік ақынды өтірік мақтау көбейді, өтірік мақтауға өліп түсер өлермен көбейді. Даусыз дарын иесі осы көбеймегір «көбеюлердің» астында қалатын сәттер аз емес. Күніне бір мақулатуранын тұсауын кеспесек, ішкен шайымыз шайылып кетердей күйге түстік. Баяғы Шал ақынның алмағанын шала ақындар алғанда шалқаннан түсе жаздайсың. Ал өздері мәз-мейрам. «Осыған мен лайық па едім?» дейтін біреуі болсайшы. Әлгінде «қазақ поэзиясы үлкен өткелдің үстінде тұр» деуіміздің мәні содан. Бірақ қазан аузы жоғары. Қазақ әдебиетінің ұстынын, бәрібір, дарындар құрайды, қарындар ас үй мен содан кейін баратын жердің арасында қалады. Өйткені адамзат мәдениеті тарихының тұла бойынан осыны көреміз.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Қытай қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, сонау 1944 жылдары «Үш аймақ төңкерісі» кезінде атойлап алға шығып, қазақ баспасөзі мен поэзия жанрында өз биігіне көтерілген ақын, журналист, баспагер, көрнекті қоғам қайраткері Құрманәлі Оспанұлының туғанына 100 жыл, ал қайтыс болғанына 25 жыл толып отыр.


Құрманәлі Оспанұлы жарты ғасырдан аса мыңға жуық өлең, жыр, онға жуық баллада, дастан жазып жариялады. Ақынның «Шаттық жырлары» (1957), «Тяньшань жырлары», (1980), «Меруерттер» (1981), «Жылдар ізі» (1983), «Алуан әуендер» (1988) сияқты жыр жинақтары оқырман назарына ұсынылды. Оның қаламгер әріптестерімен бірігіп жазған «Салиқа – Сәмен» операсы және өзі жеке жазған «Қыз бейігі», «Таудағы қыстақ» атты сахналық туындылары бар. Көргені мен көкейге түйгені көп, ел басқарған ақын тарихи маңызы бар көптеген естелік, эсселер де жазды. Бұл еңбектері «Үш майдан» (1991), «Шіркін бұраң дүние-ай» (1999) деген атпен кітап болып шықты. «Құрманәлі Оспанұлы шығармалары» (01 желтоқсан, 2006 ж.) атты алты томдық кітабы Бейжіңдегі Ұлттар баспасынан жарық көрді. Оның өлеңдері қытай, ұйғыр, қырғыз, орыс, түрік тілдеріне аударылды. Ақынның мерейтойына байланысты, Қытайдағы белгілі әдебиеттанушы, сыншы Қаусылқан Қамажановтың «Айдарлы ақ жарқын ақын, асыл жыр» атты мақаласын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Мақаланы төте жазудан кириллицаға аударып дайындаған Әлімжан Әшімұлы.

Қытай қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Құрманәлі Оспанұлы – әдебиет шебіндегі алымды әрі мықты қаламгер. Ал әкімшілік, әлеуметтік жетекшілік істерінде халыққа жаққан шебер басшы әрі қоғам қайраткері болды. Марқұм тіршілігінде, талабы жоғары, жауапкершілігі күшті екі бірдей ауыр жүкті екі иығымен тең көтеріп өтті. Сондықтан жалпылама айтқанда, Құрманәлі Оспанұлы – төменнен жоғары өрлеп орынбасар өлке дәрежелі (ШҰАР) басшылық міндетін өтеген құрметті, абыройлы ел ағасы, одан қалса заманауи қазақ әдебиетінің алғаш шаңырағын көтерген, негізін салған көрнекті көшбасшысы.

Ал ақындық жақтан алып айтқанда, ол тапжылмай қалам тербеп өткен мемлекетіміздің іші-сыртына танылған атақты лирик ақын. Құрманәлі Оспанұлы 1924 жылы (сиыр жылы) желтоқсан айының соңында Қазақстан Республикасының Алматы облысына қарасты Кеген ауданының Тоғызбұлақ деген жерінде кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ол енді алты жасқа шыққанда, яғни 1930 жылдың күзінде елдің басына екі үлкен апат туды. Оның бірі – үсті-үстіне үдей түсіп, тыныш жатқан бейқам елдің мазасын алған солшылдық қимылдың аласапыран арпалыстары болса және бірі – халықты аш қасқырдай құтырына алқымдаған ашаршылықтың азабы болды. Осы секілді бір қатар жан түршіктірген жайттардың салдарынан Оспан ақсақал отбасын алып, еліміздің Шынжаң өлкесі Іле аймағына өтеді де Құлжа ауданы Құдияржүз ауылының Құлмық кенітіне келіп орналасып, түбегейлі Қытай азаматы болып кетеді.

Құрманәлі Оспанұлының бала кезінен бастап өлеңге қызығуына отбасындағы адамдардың көрсеткен ықпалы зор болған. Әсіресе Оспан өлең құмар, кара өлеңдерді өзінің ырғағына келтіріп керемет жақсы айтатын кісі еді. Ол халық ішіне тарап жаттап айтылатын кара өлеңдерді ғана емес, қиыннан қиыстырып өлең шығаруға да шебер екен.

Оспан ақсақал күнделікті күйбең тіршілік істерінен қолы босай қалған уақыттарында өзінің зор үміт артқан сегіз жастағы баласы Құрманәліге халық жырларын, өзі жанынан шығарған өлеңдерін жаттатып, баулып отырған. Құрманәлі Оспанұлы 16 жасқа келгенде, жүз шумақ өлеңді мүдірмей жатқа айтатын. «Қасен-Құсайын», «Дәрия қыз», «Қыз Жібек», «Қозы көрпеш-Баян сұлу» қатарлы қиса, дас-



тандарды жатқа білетін. Оның әдебиетке әуестену кезі «Іле гимназиясында» оқып жатқан уақытында басталады. Осы тұста және ол әдебиет теориясын, әдебиетке қатысты білімдерді өздігінен тырысып үйренеді. Одан басқа сол кезде Қазақстаннан кірген кітаптардың ішінен Абай Құнанбайұлының, Жамбыл Жабаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңдерімен танысады. Сөйтіп жүріп, Құрманәлі Оспанұлының өз алдына өлең жазу қабілеті жетіле бастайды.

Құрманәлі Оспанұлы 1944 жылы ұйғыр тілінде жазылып ұйғыр тілінде шығатын газетте жарияланған «Бет бұрмай кір майданға» атты тырнақалды өлеңімен әдебиет майданына кіреді.

Ақынның ХХ ғасырдың қыркыншы жылдарында қынынан жана суырған қылыштай өткір «Гүлім едің», «Өтініш», «Домбыра», «Мөлдір тамшы», «Немене», «Сәулеме», «Күт, мені күт», «Таң әуені», «Жаз дидарлы жандармыз», «Тілек» қатарлы қырық шақты өлеңін сол уақытта Құлжа қаласында шығатын «Төңкеріс таңы» газеті мен «Одақ» журналында жариялап, оқырмандарына ақындық талантын, жалынды жас қаламынан туындаған уыз жырларының серпінділігін байқата бастайды.

Құрманәлі Оспанұлының 1946

АЙДАРЛЫ АҚ

жылы жазған «Гүлім едің» атты махаббат лирикасында:

*«Қауашағын жарған жаңа,
Гүлім едің бақшада.
Жаңылыстым, бастым жаза,
Қиып сені басқаға.»*

*Өкінемін,
Өкпемен,
Өкпемен мен саған.
Болдым сәулем тайқап сенен
Әлде нендей бейбақ жан.*

*Мақұл көрсен өтінерім,
Жай келіп жүр, тастама.
Өз иесі өз қолымен,
Қатты жапқан қақпаға», –*
деп жазған осы бір шағын өлеңінде ақын алғашқы махаббатына қаратқан көңіл күйін астарламай ашық айтып отыр.

Міне, оқырмандарына ой тастап, ішкі сезім дүниесін білдірмей селт еткізетін нағыз махаббат лирикасы дегеніміз осындай болса керек. Бұны ақын өлеңінің өнбойынан анық көріп отырмыз. Онда бейнеленген сөнбей лаулаған өкініш оты бар әрі қынжылта қинаған кимастық үміт ұшқыны бар.

Құрманәлі Оспанұлының 1947 жылы жазған «Мөлдір тамшы» атты өлеңін сәтті жазылған тамаша өлеңдердің бірі деуге болады. Бұл өлеңді оқыған уақытта көз алдымыздан тізіліп өтетін мынадай меруерттей жолдар бар.

*«Көзде күңгірт түннен қалған,
Қияқ құшқан мөлдір тамшы.
Діріліңді түсіне алмай,
Сырласаңшы, тіл қатсаңшы.»*

*«Тарпаң», «тағы» тау самалы,
Кетсе тиіп, өтсе желпіп.
Тұрған жандай жылағалы,
Төгілесің мөлт-мөлт етіп.»*

*Өйтпе, сені тау самалы,
Көптен бері ұнатады.
Желпіп өтпей жоқ амалы,
Желпігені ұнатқаны», –*
деп бұл табиғат лирикасында өлең тілімен өрнектеп бейнеленгені қарапайым жаратылыс құбылысында болатын кішкене ғана мөлдір су тамшысы.

Өлеңге арқау болған ішкі мазмұн калың өскен қияқ шөптің басын-

дағы мөп-мөлдір шық тамшысы мен түп-тұнық тау самалы ортасындағы қатынас. Суреткер ақын әне сол күз түндері шөп басына шық болып жиналып, күндіз әсіресе таңертең шық тамшысына айналған көріністі, көзінің жиегіне жасы жиылып мөлт-мөлт етіп жылағалы тұрған жандарға, яғни адамдарға ұқсатса, енді шөптің басында пайда болған шық тамшыларын желпіп жерге түсірген тау самалын мінезі жаман, тарпаң, тағы атқа ұқсатады.

Өмірден өлең туады, ақынға өлең жазу еркіндігін өмірдің өзі береді. Өмірді өлеңге айналдыру – сайып келгенде, ақын өнерінің ісі. Ақын Құрманәлі Оспанұлы сонау жастық шағында, ақындық таланты бірте-бірте жетіліп, қаламы енді-енді ұшталып келе жатқан кездерінде, ана-табиғатының қан тамыры есептелген арқырап аққан

көптеген асау көкжал өзендерді көзімен көрген. Содан барып «Өзен» атты өлеңін жазады. Өлеңде тілге жеңіл, ойға қонымды қысқа қайырыммен табиғат болымысын қылықтандырып назды сезіммен түсірілген мынандай шумақтар бар:

*«Еркелей толқып көк өзен,
Алдыңнан назбен өткенде;
Қоштасқан жаздай өзіңмен,
Лөбімен сүйіп кеткенде.»*

*Жағасында көк шалғын,
Қол беріп қош айтқанда.
Көкала шымшық жас балғын;
Ұзатып салып қайтқанда.»*

*Ет жүрегің езіліп,
Махаббат суын ішпей ме?
Жаныңдай көрген жар сыры,
Көкейіңе түспей ме?» –*

деп талантты жас ақын ана табиғаттың негізгі бір мүшесі өзенді жалаңаш құр сөзбен қуырдақтай қуырып, тек өзін ғана суреттемейді. Ақын қайта табиғат құбылысына махаббат сезімін, махаббат күйін қосып өзен көркіне тәтті эстетикалық дәм, әдемі ажар кіргізіп құбылтып суреттеу арқылы оқырмандарына рухани ләззат бағыштайды.

Құрманәлі Оспанұлы 1945 жылы жазған «Күтемін» деген өлеңінде:

*«Келгем жоқ қайыр тілеп
«Мырза» сенен,
Емесің алып сатар пайдакүнем.
Адаммын ары таза, дүниеге,
«Бір кірпіш орнын тапқан болсам»*

деген. Міне бұл өлең жолдары бізді тың ойларға жетелейді. Сондықтан осы «Күтемін» атты өлең жолында жана, салмағы бар пікірлерді айтуымызға болады.

Құрманәлі Оспанұлының жоғарыда ауызға алынған сондай-ақ аралап пайымдаулар жасалған еңбектері Қытай қазіргі заман қазақ әдебиетінің кейінгі жемістері есептеледі. Әрине бұл мезгілді ақ жарқын ақын шығармашылығының бірінші басқышы деп тұрақтандырсақ, екінші басқышы 1949 жылы бірінші қазанда жана Қытай билігі орнағаннан бастап, яғни Қытай осы заман қазақ әдебиеті өзінің даму тарихының алғашқы бетін ашумен тең басталады.

Шығармашылықтың шырқау шыңына сапарын бастаған ақын, 1950 жылы ҚХР Шынжаң өлкесінің жас қазақ жазушылар уәкілі болу құрметіне ие болып, дүниежүзі елдерінің Польшаның орталығы Варшавада өткен «Дүние бейбітшілігін қорғау» жиналысына қатысады. Бұл шарада ол маңызды шығармасы «Күркешеден күллі әлемге» атты ұзын толғауын жазып, жүрекжарды әлемдік көңіл күйін ақтарып, құлашын кең жайып, қаламын еркін сілтеп көсілте толғаныс жасайды. Осы жылдар шабыты шалқыған дүниені көріп дүние танымы кеңейген, білім-қабілеті жетілген, қаламы әбден ұшталған ақын жаңа дәуірдің жаңа әдебиетінің алдыңғы легінің бірі болып ортаға шығып: «Өмірге», «Қарт жүрегі», «Ауылымда» сияқты келелі мазмұндағы маңызды өлеңдерді жазды.

Ардақты ақын сонау келмеске кет-

намысын сақтап өткенін баяндаумен өлеңді аяқтайды.

Құраған қарындасы Тұран Оспанқызы мен жұбайы Ажарға өлең тілімен айтпақшы болған мақсатын баяндап жазған хаты — «Төгілмесін көз жасың» да, сол бір зобалаң жылдардың сұмдық бейнесін:

*«Жалған жала жанданып,
дүр сілкініп,
Шындық жаны шымыркеніп,
түршігіп.*

*«Ұрда жсықтан», «өрте, шақтан» мезі
болып,*

Өтіп жатыр күндер ауыр күрсініп»,
— деп әшкерелейді.

Ақын басына қатер төніп тұрған кездерде де жасырын жат көздерден оңаша жүріп жазғандарынан 60-қа жақын өлеңін біздің қолымызға табыс етті. Бұл өлеңдерді тұтастай алғанда ақын сол кездегі өзінің аянышты өмірін,



*Шабыттың мініп тұлпарын,
Ұшырып қиял сұңқарын.
Тебірене терме терейін,
Тойыңа сыйға берейін.
Бұным менің мереке,
Құрметіне ерекше
Алтындаған жағасын,
Тоным емес жабатын,
Орамал жолдық санаңдар,
Жүрегіме балаңдар»,*
деп толғайды.

Толғаудың тақырып көлемі көл-көсір, мазмұны мол, ақын қаламын шалқытып еркін сілтеген. Онда әлемдегі ең үлкен елдің құшағында автономиялы облыс құрып, оның 30 жылдық торкалы тойын өткізіп шалқып еркін өмір өткізу орайына ие болған еліміз қазақтарының бүгінгідей гүлденген өмір, дәуір рухы, дәуір абзалдығы барынша мадақталған.

1980 жылы оқырмандарын тапқан «Оның өңі мен түсі» атты баллада тек ақын Құраған еңбектері ішінде ғана емес, тұтас еліміздегі қазақ поэзиясының мазмұны мен көркемдігі жағынан кемелді, өзіне тән өзгешерек стильде жарыққа шыққан кесек шығармаларының бірі. Ол басылым көрісімен көп өтпей қытай, ұйғыр тілдеріне аударылып, мемлекеттік аз ұлттар әдебиетіндегі таңдаулы үздік шығармаларды бағалауда бірінші дәрежелі сыйлыққа ие болады.

Жұлделі баллада «Оның өңі мен түсі» оқиға мен сезім бірлестіріліп жазылған әрі кейіпкерлерге дара-дара мінездемелер берілген лиро-эпикалық шығарма, сондай-ақ бұл кесек поэзиялық шығармада ақын оқиғалардың (сюжеттің) дамуы, шарықтау барысын жүйелі түрде өрістеткен. Шығарманың сезімімен семіртілген тұтас тұлғасын мықты қалап шығарған. Онда бір дәуірде жасаған екі ұрпақ бір отбасы адамдарының аянышты халі, күйзелістері арқылы сол дәуір шындығының қалай болғандығына өте тұжырымды жауап берген.

*«Оралмаған ондаған жыл сапардан,
Жарын ойлап самай шашы ағарған.
Кірпік ілмей түн ауса да отыр ол,
Көкірегінде көл боп көлкіп көп арман».*

Шынайылық, сағыныш зары, үміт ұшқыны нұрланған бұл шумақтан оқырмандарға шығарма оқиғасынан, шығарманың негізгі мазмұны түйіндерінен алдын ала белгі берілген.

Одан соң оқырмандарды өткен істер қатпарларынан қазып алынған күрделі оқиғалар теңізіне, толқынды ойлар ішіне бастап кіреді.

Аты шулы «Мәдениет төңкерісі» деп аталған сұмдық жылдар алып келген сұрапыл апаттың салдарынан ойрандалған, қуғындаушылыққа жолыққан сол бір отбасы мүшелерінің тартқан азапты өмірі мен кейінгі кездерде көрген бақытты өмірі өте анық суреттелген.

Құрманәлі Оспанұлының өмірі мен шығармашылығы 1962 жылы «Халық газетінде» («Remin rebau»), 1980 жылдар ішінде «Ұлттар әдебиеті журналында» көпшілікке кеңінен таныстырылды.

Ақын Құрағанның өрелі өлең өнерін, халқына берген орасан зор еңбек жемістерін, адамдық асыл қасиетін, ізденгіш рухын халқымыз мәңгі есіне сақтайды әрі қадірлейді.

Қаусылқан ҚАМАЖАНОВА,
әдебиеттанушы, сыншы,
Шыңжаң университетінің доценті

ЖАРҚЫН АҚЫН, АРНАЛЫ АСЫЛ ЖЫР

кен, солшылдық барынша асқынған солақай содыр жылдардың шокпары басына ертерек тиіп, азаматтық еркіндігі мен қалам еркіндігінен мүлде жұрдай етілген, бақылау астына алынғандардың бірі болды.

Үміткер, оптимист, кайсар ақын сондай ауыр күндерде де қаламын тастамаған. Ілгері жүрістен де танбаған. Сондай-ақ өзінің сүтпен бітіп, сүйегіне сіңген ата кәсібі жасампаздық өнерінен жаңылмаған.

Міне, ақын Құраған «Күл тағдырым, күлебер», «Керегі онда маған», «Шақырады бабам мені...», «Жүремін жалғыз», «Қалғаны бойда», «Егер, өлсең...», «Төгілмесін көз жасың», «Қалсын таза ар-намыс», «Не бердім?», «Жастығың өтті», «Шақырамын» т.б. қыруар өлеңдерін сол қуғындалып, соқпақта соғылып, бақылауда жүрген кездерінде жазған. Ақын «Қалғаны бойда» деген өлеңінде:

*«Дудырап шашым бір құшақ,
Сақалым бел буардан.
Түсердей қаңқам судырап,
Өңім шөп тектес қуарған.*

*Аяқта сөйте тұрады,
Сүйретпе кісен зіл-батпан.
Шығара қалса аулаға,
Төнулі найза ту сырттан,*

*Бұл күнде мені өңімнен,
Тану жоқ атап айтпаса.
Көп көрген жандар көзімнен,
Қадалса зорға таныр да.*

*Сөйтсе де бойда қалғаны
Ар-намыс аулақ кірлеуден.
Жоқ жала, зорлық салмағы,
Бір кетпек көрге денеммен»,* —

деп өзінің тарпаң жылдарда тартқан азабының, қағынған әпербақандардың соққысынан әбден қалжыраған халінен, көрген күндерінің қайсы дәрежеге барып жеткенін бұл өлеңі арқылы оқырмандарға анық білдіреді. Зорлық пен қаралауға бас имей таза жанына дақ түсірмей, адамдық арын,

сол өлеңдер арқылы көркем образбен бейнелеп жазған естелігі деуге болады.

1979 жылдың соңын ала ақын барлық пәле-жаладан құтылып, тіл өнері, талабы күшті қалам кәсібінде әбден толысқан, елудің жуан белін басып алтын дәуірі алпысқа қарай бет алып бара жатқан кезі еді. Жаңашыл, тың тұяқ ақын сол бұрынғы бөкен желісімен кете береді. Ол өз жасампаздығында мазмұн, пішін жақтардан бар күшімен ізденуге ерекше жоғары талғаммен ұмтылыс жасауға құлшынды.

Құраған қадірлі халқын тауып, жан қаруы қарымды қаламын қолына алып қаламдастарына қосылған 1980 жылы жарық көрсеткен жаңа туындыларының бірі «Жылы тиіп» өлеңінде былай жырлайды.

*«Есер жылдар есігін тебе жауып,
Есті жылдар есігін аштық тауып.
Етек жаптық, ес жидық түзеп еңсе,
Кете жаздап қалғанда қайың сауып.*

*Ізден шыққан көп істер түсті ізге,
Үміт, сенім оралып тепті ірге.
Қаңтар кетіп, наурыз құшақ жайып,
Тарту етті шуағын көктем бізге.*

*Сыңғыр қағып қос қанат
сымпылдары,*

*Жылы тиіп жүрекке жыл құстары.
Қайта келді, жарайды, келе берсін,
Осы емес пе күттірген жан құштары».*

Көріп отырмыз, біртүрлі тербелісті ырғақ пен тебінді әрі сезімді шымыр жазылған осы өлеңдегі бейнеленген ой-пікір, ақындық дарын мен жарыққа шыққан азаматтық толғаныс, азаматтық көңіл күй бейне қайта оралған жыл құстары іспетті. Өлеңнің кейінгі жолдарындағы мазмұндар да символдық әдіспен тамаша бейнеленген өлеңнің эстетикалық, көркемдік құдіретін асыра түсу рөлін атқарған деп қарауға болады.

Құраған өзінің шығармашылығы барысында өмірдегі қараңғылықты, қоғамдық шіріктікті, арамдар арасындағы әртүрлі жағымсыз қылықтарды

және басқаларды әшкерелеп, батыра сынап-мінеп: «Қысылсаңшы», «Кім кінәлі», «Япыр-ау, бітті төзім», «Секемшіл бір серіге», «Шырағым, о, шырағым», «Баяны жоқ басшыға» қатарлы әжуа, сатираларды жазып өткір қалам күшін, құдіретін бұл жағынан да танытты.

*«Шырағым «қою емес,
сұйықсың-ау»,
Келгенде шындық жаққа
тұйықсың-ау.*

*Жүруші ем «асыл, енді
шуға ғой» деп,
Жұпыны шыттан түскен
қиықсың-ау.*

*Жатқанда игіліктен жұрт кенеліп,
Сексенбей сасық қулық
жиытсың-ау.*

*Алалап өз қолыңның іші-сыртын,
Алтын деп мыстан мүсін
құйытсың-ау.*

*Көзі ашық жандар көрмей
отырған жоқ,
Күйдесің хамелеон сияқтылау,
Шындығы ашынышты, осыншама
Қорлауға өзінді-өзің
қимайсың-ау...»*

Ақын реалистік әдіспен өмір ақиқатына адал болу принципінде мықты тұрып, қоғамдық өмірде, әлеуметтік болымыста шындықтан шеттеп, адалдықтың ала жібін аттап «сасық қулықпен» жанталасып жан баққан «алтын» деп «мыстан» мүсін құйып алдамшылықты, көз бояушылықты кәсіп еткен бейне хамелеон секілді қашан көрсең өзін бүркемелеп құбылып тұратын тұрлаусыз жандардың бет-бейнесін «Шырағым, о, шырағым» атты өлеңінде келістіріп аяусыз әшкерелейді.

1984 жылы Құрманәлі Оспанұлы қанатын қомдап ұшқан ұясы, атмекені, жер жәннаты, алманың мекені көркем қала Құлжада өткізілген Іле қазақ автономиялы облысы құрылғандығының 30 жылдық тойына байланысты жазған «Той толғауында» атты маржан жырын: *«О, жарандар, жарандар,
Жарқыл қағып жанарлар.
Бөленіп шаттық сезімге,
Шалқыған шат кезінде
Маған да бір қараңдар.*

(Соны. Басы 8–9-бетте)

Мына бір дерек еске түседі. Атақты поляк Затаевичтің қазақтың бес жүз ән-күйін жинағанын білесіз. Сол үшін оған «Қазақ ССР-нің халық артисі» атағы берілді. Совнарком Сейфуллин бұл кісіге үкіметтің қаулысын шығарып, арнайы қаржы бөлдірген. Бір Сәтбаевтың өзі 25 ән берген. Қысқасы бұл жұмысқа қазақ зиялыларының бәрі жұмылған. Осы үрдіс Мұхтардың тұсында қайта жаңғырып, ел өмірінде рухани құбылыс болды. «Қазақтың 1000 күйі», «Қазақтың 1000 әні» жарыққа шықты. Әні мен күйі түгел халық – ер-тұрманы түгенделген, рухы биік халық. Осынша күй, осынша ән тарихы терең халықта ғана болады.

Әлі есте. Ұлтымыздың рухани көшінің кемел, бекзат болмысын бедерлеуде бір емес, бірнеше кісідей өлшеусіз еңбек сіңірген ұстазымыз Акселеу Сейдімбектің алты томдығының іле-шала жарық көруі осы бір рухани сабақтастықтың айтулы жалғасындай жаналық еді. Алты томдықтың әрқайсысындағы бір энциклопедияның жүгін көтерген еңбектер Ақанның өз қолымен түзіліп, жүйеленіп, түзетулер енгізіліп дайындалған екен. Тұсаукесердегі министр Мұхтар Құл-Мұхаммедтің мына сөзі көп ойдың жосығын (ой жосығы – Ақанның жәмі қолданатын сөз тіркесі) аңғартып кетті.

Алты том дайын болған соң Ақан маған: «Ал, Мұхтар, мына алты том дайын болды. Мен енді ғылымға бұдан кейін үлкен үлес қоса алам ба, жоқ па, белгісіз. Денсаулығым да сыр беріп жүр. Осы алты томды «Фолиант» баспасынан шығарсам деп едім. Соған қол ұшын берсең», – деген еді. Сонда мен: «Аға, алда мерейтойыңыз келе жатыр. Соның қарсаңында келесі жылы өзіңіз қалаған баспаңыздан шығарып береміз», – деп уәде еткен едім. Сол аманатты орындадым. Қыздың жиған жүгіндей әдемі безендірілуімен Ақанның өз қолымен жіктеп, жүйелегені бойынша оқырманға жол тартқанына өзім қуаныштымын»


Аманатқа қиянат жүрмейді әрине. Алайда аманатты орындау қолында қанша билік болса да онайға түспейді, кейбіреулердің өне бойы ойында жүріп, уақыты да жетпей қалуы мүмкін. Одан соңғысы бос әңгіме. Бұл – намыстың, кәтепті қара нардың ісі. Бұл жолда сана-сан саусағын жетпейтін елі үшін барын берген ерлердің еңсесін тіктеп, талай маркақалардың мандайынан сипаған министр Мұхтардың орны бөлек.

Министр дегеннен шығады. Негізгі стихия өнер мен мәдениет болған соңғы жерде осы саланың көрнекті өкілдерімен көп біліс, пікірлес те болды. Атап айтқанда, Е.Жексембеков, Ә.Сығай, Ғ.Бибатырова, Д.Қасейінов... Соның бірі де бірегейі өнердің өз адамы Өзаған – Өзбекәлі Жәнібеков. Бұл кісі мерзімді басылымдарды астын сызып оқитын және оны өзінің ең басты көмекші құралы, кеңесшісі санайтын. Бір мақала шыға қалса, бастықтарда шаруасы жоқ, автордың өзіне «бұл Жәнібеков кой» деп телефон шалатын. Маған оның дауысындағы сол бір таныс қырылды есту бақыты сан мәрте бұйырған болар. Өмірінің соңғы күндерінде төсек тартып жатса да қазақты түгендеп кетті. Сондай бір күні таналакеуімнен телефондап: «Айналайын, мен министр болдым деймін, ал, өмірі азаппен өткен мына пақырды қалай білмегенмін, понимаешь», – деп қолыма тұңғыш кәсіби скрипкашымыздың бірі, өмірі тұтқында өткен Әйткеш Толғанбаев туралы еврейлер жазған кітапты ұстатты. «Тірі болса, осыны тауып жаз», – деді. Таптым. «Егеменге» «Қазақтың Паганини» деген эссе жаздым. Бұдан бұрынырақ Дәркембай Шоқпаров туралы «Торсық технологиясы» және жазылды. Бір күні қазақтың арқасында аты шыққан орыстілді бір бишінің қазаққа би болмаған деп, онымен қоймай қазақтың атына айтқан ауыр сөздері

«Время» жарияланды. Өзаған тағы да телефондап: «Осы сендер ай қарап жүресіңдер ме?» – деп жер-жебірімізге жетті. Сөйтіп, оның да үнін өшірдік. Айта берсе ұзап кетеміз. Одан соңғы жүргізілген бірнеше сұхбаттар бір кітапқа жүк боп қалар-ау.

Шығармашылық адамын рухани туыстық табыстырады. Мұхтармен жылдар бойғы достық көңілдің көкжиегін кеңейтіп келе жатқан фактордың бірі –

БІЗДІҢ МҰХАН



көркемдік кеңістігінде тоғысатын кеңесулер, пікірлесулер, ой-толғаныстар, тосын көзқарастар, таңсық тақырыптар. Сондай бір сәттер министр кезінде де кездесіп отырды. Әрине онымен әңгімелесудің өзі бір ғанибет. Білмейтіні, танымайтыны жоқ. Жатқан бір байтақ. Өзін де, өзгені де өсіреді, өрісін кеңейтеді. Кең көсіледі, терең толғайды. Өмірдің бар өткелінен өткен. Жаздың ортасы ғой деймін. Бірде тереңдеп кеткен әңгіменің бір тұсында артында жоқтаушысы жоқ, ұмыт қалып бара жатқан таңғажайып тағдыр иелері туралы айта қалдық. Ол теңдессіз тенор Аманкелді Сембинді қазіргілер біле бермейтінін, менің арагидік жазғанымды айтып, «Сен былай істе, «Егеменге» үлкен танымдық мақала жаз, үлкен сөз айт», – деді. Тапсырма орындалды. «Егеменде» «Сембин» (31.05.2005) атты көлемді эссе жарқ ете қалды. Оны іле-шала бірнеше республикалық, облыстық, қалалық басылымдар көшіріп басты. Тіпті оны оқыған Шераған «Нағыз Төлеген осы еді» деген ғажап пікір жазды («Бір кем дүние», 28-30 б.б.).

Қисыны келіп тұрғанда айтайын. Баспасөздегі аға буын, орта буын, өз қатарластарының қаламгерлік қарымын, шығармашылық портретін жеріне жеткізіп жазуда әзірге Бауыржан Омарұлының алдына түскен ешкім жоқ. Бұл дағды бізді де маңайлап жүреді. Бір кітапқа пара-пар әріптестер туралы толғаныстар дайын тұр. Абзалы, өзгеден үйрене жүріп, өзін де үйренетін қасиетті ұстану. «Ақылы асып тұрғанды аға десең де жарасады» деп жатады. Қай кезде де қатарластарымның тапқырлығына, ұтқыр ұсынысына, озық ойына, жүйрік жазбаларына қуана отырып, өзгеге үлгі етіп те жүреміз. Тіпті олардың кейде сәті түспей, иі қанбай жүрген тақырыптың жазылуына да әсер-ықпалы болады.

Бірде Салық Зимановтың Мұхтар бастаған шәкірттері, сенаторлар Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдады. Үкіметтің мерейтойлар тізімінде 100-ге келетін абыз-аңыздың аты жоқ. Мұхтан депутаттық сауалында осы мәселеге назар аударып, Қабдо-

ловша айтқанда, «ұлттық признаниеге қарсылықты» дер кезінде жолға қойды. Атақты «Ақсарағаттың» авторы адами құндылықтың аса биік көрсеткіші Зимановты, ұстазы, Қаныш Сәтбаевтың шәкіртін осылай қорғады. Осы жағдай түрткі болып, көптен бері көңілімді күпті етіп жүретін тақырыпқа соқа салып, ғұлама туралы «Дария» деген эссе жаздым. Ол «Егеменде» жарияланды. Сөнген жұлдыздың жарығы миллион жылдарға

жетеді. Жақсының жарығы деген осы. Бір нәрсе анық: мынау жақсылардың жағасынан алып тұратын заманда сол жақсылар туралы жазып қана жаның тазарып отырады. Бірақ олар, кез келген оқуы асқан еврейіңмен, басқанмен білім теңестіретін Мұхтардай тұлғалар аз.

Бүгінде Қазақстан Жазушылар одағының бастамасымен шет мемлекеттердің архивіндегі қазақ тарихына қатысты деректерді зерттеу жұмыстарына түбегейлі бетбұрыс бастаған жаңа жоба қолға алынды. Шындығында бұл тақырыпқа сонау әлі тоталитаризмнің тоны жібімей тұрған 90-жылдарда түрен салған тарихшының бірі де бірегейі М.Құл-Мұхаммед еді. Оның айқын айғағы – «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» («Атамұра», 1994). «Тарихта орыстың қазақтан қорықпаған, қаймықпаған кезі жоқ» деп Ресейдің 8 жыл Мәдениет министрі болған, бүгінде Путиннің кеңесшісі, мәдениет тарихының ірі маманы Мединский айтқандай, Мұханның бұл еңбегіндегі тосын, тың деректер де көп жайға қанықтырып, ғылым үшін зор олжа болды. Байқаған боларсыз, біз оның өзімізге таныс та бейтаныс шығармашылығын көктей шолып өттік. Ал енді ғылымдағы жолын жарқыратып жазу үшін алдағы уақытта бір зерделі де зейінді зерттеушілердің білек сыбана кірісетініне де сенім мол. Мен үшін Қозыбаев пен Зимановтай ғұламалардың талғамынан шығып, оның сүйікті шәкірті болу дегеннің не екенінің сырын ашып жазу әлдеқайда қызықты.

«Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпы ұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді», – дейді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан туатын тобықтай тұжырым: танымал адамдардың бәріне тұлға деп қарауға болмайды. Әркім әрқалай жолмен танылады. Көшеде айқайлап жүргеннің бәрі қайраткер, тұлға емес. Өкінішке қарай, біздің өспей қалған сана, деңгей бұл ұғымға осылай да қарайды. Ал тұлғаның жөні бөлек. Бір сөздіктерде «Тұлға бағыт беруші, халықпен бірге жасайтын адам» делінеді. Демек, тұлға – алдымен елге қызмет етуші, аузы дуалы, сөзі уәлі адам, терең білім, биік парасат, үлкен мәдениеттің иесі. Гәп жүйеде емес, иеде. Елдің иесі де солар болуға керек.

Тұлға – қоғамның рухи термометрі. Ел жүрегінің лүпілі. Тұлға қандай болса, сенің қалыптасуың, мемлекеттің дамуы да сондай болады. Әу бастан мақтан мадаққа қарсы иммунитеті жойқын Мұхана қолпаштың түкке де керегі жоқ. Алайда халықтың ұлы, өнер-ғылымның құлы Құл-Мұхаммед сол құрметке әлдеқашан жеткен, ғылыми-әдеби жұртшылықтың сүйіспеншілігіне де қатар бөленіп келе жатқан, ашылмаған арал екенін де айту ләзім. Біз бүгін соған бір қадам жасадық. Ағаларымыз «Менің інілерім» деген кітап жазғанша, бұл толқын туралы тақырып жалғаса береді.

Бибігүл
ИМАНҒАЗИНА,
көрнекті жазушы,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері



АРАҚСЫЗ АУЫЛ – БЕРЕКЕЛІ БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

Әр ақын, әр жазушы өз халқының тыныс-тіршілігіне, ел ішінде болып жатқан өзгерістерге бейжай қарай алмайды. Қоғамдағы жақсы жаңалық жүрекке қуаныш ұялатса, келеңсіз көріністер ойға салмақ салады. Мен де – сол ел тағдырына алаңдайтын қалам иелерінің бірімін.

Соңғы жылдары менің туған өлкем – Ақтөбе облысында көңіл қуантатын, үміт отын жаққан игі бастама жүзеге асып келеді. Атап айтқанда, облыстың 35 ауылында он жылдан бері арақ сатылмайды. Бұл – жай ғана статистика емес, бұл – саналы таңдау, ұлт болашағы үшін жасалған батыл қадам.

Ең қуаныштысы, сол ауылдарда той-томалақ, ас-жиындар ешбір ішімдіксіз, ұлттық сусындар – қымыз бен шұбаттың айналасында, сән-салтанатымен, берекелі түрде өтіп келеді. Бұрын «ішімдіксіз той өтпейді» деген түсінік болғаны жасырын емес еді. Ал бүгінде сол қасаң ойдың тас-талқаны шығып, көзіміз анық жеткен ақиқат бар: арақсыз да қуаныш бар, тіпті берекесі әлдеқайда мол.

Арақ жүрген жерде ырыс тұрмайтыны, ішімдіктің әсіресе жастардың болашағына балта шабатыны, талай отбасының шаңырағын шайқалтатыны баршаға мәлім. Қаншама тағдырдың тәлкекке түсіп, қаншама ананың көз жасы төгілгені – ащы шындық. Сондықтан арақтан бас тарту – тек бір ауылдың немесе бір аймақтың емес, тұтас ұлттың рухани жаңғыруына бас-тайтын жол.

Ақтөбе облысындағы бұл тәжірибе – Қазақстанның өзге өңірлеріне үлгі боларлық өнеге. Ұлттық сусындарымызды дәріптеп, салауатты өмір салтын ұстану арқылы біз ұрпағымызға дұрыс бағыт көрсете аламыз. Қымыз бен шұбат – тек тағам емес, бұл – ғасырлар бойы халқымыздың денсаулығы мен қуатының қайнар көзі болған асыл мұра.

Менің бар тілегім, еліміздің әр аймағы осы игі бастаманы қолдап, арақтан біржола арылып, ұлттық болмысқа қайта бет бұрса екен. Сонда ғана қоғамымызда тыныштық орнап, отбасылар берекеге кенеліп, жастарымыз жарқын болашаққа нық қадам басады деп сенемін.

Лайым, сол күнге аман-есен жетейік!

Нұрлан ӘБДІБЕКОВ



Нұрлан Әбдуәлиұлы Әбдібеков Райымбек ауданы, Сүмбе ауылында 1960 жылы дүниеге келген. Айтыскер ақын, журналист, халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты (1996). 1978 жылы Ұзынағаш ауылындағы орта мектепті, 1984 жылы ҚазПИ-ді бітірген. 1984–86 жылдары Ұзынағаш ауылындағы орта мектепте, 1986–88 жылдары Жамбыл ауданы «Екпінді еңбек» (қаз. «Атамекен») газетінде тілші, 1989–97 жылдары Жамбыл музейінде аға ғылыми қызметкер, Қазақстан теле-радио хабарларын тарату жөніндегі комитетте редактор болды. 1982 жылы студент-жастар айтысында, 1989 жылы Ү.Кәрібаевтың 10 жылдығына арналған, т.б. республикалық айтыста бас жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ айтыс өнерін насихаттап, бірнеше рет республикалық ақындар сайысын ұйымдастыруға қатысты. Н.Әбдібековтің өлеңдері «Аудитория» (1983) жинағына

енген, А.Ашировтың «Өлмес боп туғандарында» Айса, С.Жамалдың «Қара раушанында» Әзізхан, Ш.Хұсайыновтың «Анамның ақ көйлегінде» Инсаф, М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» Көтібар, т.б. рөлдерді сомдап актерлік шеберлігін шыңдады. Сонымен бірге режиссер ретінде Ә. В.Есьман мен К.Крикоридің «Кім кімге ғашық» (1977, Т.Бахтыбаевпен бірге), А.Ашировтың «Мұқамшылар» (1981), Х.Абдудлиннің «Чингемур батыр» (1985) спектакльдерін қойып, А.Леховтың «Ұсыныс» (1971), М.Байджиевтің «Күйеу мен қалыңдық» (1979), А.Вампиловтың «Провинциялық анекдоттар» (1987) атты пьесаларын ұйғыр тіліне аударды. 1970 жылы кинода «Атаманның ақырында» Ахмет, «Жылан жылында» Гунхализат рөлдерін ойнады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы

ДАРЫНДЫ АҚЫН, ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ ЕДІ...

Ой, дүние жалған-ай!
Өмірден Нұрлан досымыз да өтіпті... Дарынды ақын, зерделі зерттеуші, терең тележурналист Нұрлан Әбдібектің соңғы сағаты соғыпты дегенді естігенде төбемнен жай түскендей болды...

Студент кезден өмірдің қиындығын да, қызығын да бірге кешкен қандыкөйлек дос едік. Жарты құртты жарып жедік, бүтін құртты бөліп жедік.

Дүние – жалған деген осы.

Өткен жылы қазақтың асыл тұлғаларының бірінен соң бірінен айырылып, есімізді енді жидық па дегенде, жаңа жылда жан досымыз Нұрланнан айрылып қаламыз деп кім ойлаған?!

Алла алдынан жарылқасын.

Сексенінші жылдары институттар арасында да студенттердің айтысы жандана бастаған кез еді. Сол кезден бастап айтысқа араласқан Нұрлан 1982 жылы ең алғашқы республикалық айтыстың бас жүлдесін жеңіп алды. Біз институт бітіріп кеткесін, айтысқа бел буып кіріскен ол арынын күшейте бастады. 1989 жылы Жамбылдың өзі «жырдың кара жорғасы» атаған ақын Үмбетәлі Кәрібаевтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста да бас жүлдені иеленді.

Сондай-ақ айтыс өнерін насихаттап, бірнеше рет республикалық ақындар сайысын ұйымдастыруға қатысты. Халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты атанды (1996).

Көдек, Әбдіғали, Үмбетәлі секілді халық ақындарының жырларын архивтік нұсқадан жинап-теріп, зерттеп-зерделеп, әрқайсысын үш томнан, тоғыз том кітап шығарды.

Өзінің өлеңдерін шығаруға асықпаған, алдымен, караусыз қалған халық ақындарын зерттеумен айналысқан Нұрлан 2020 жылы ғана «Күрең үн» атты поэзиялық кітабын шығарды. Ал «Алаш – Алаш болғанда» атты прозалық жинағы баспада жатқан еді...

Тележурналист ретінде терең білігімен ерекшеленді. Әйгілі тележурналист, марқұм Нұртілеу Иманғалиұлы бастап кеткен алғашқы ток-шоуларымыздың бірі «Көкпарды» кейін Нұрлан Әбдібек редакторы ретінде дамытты.

Нұрланның түсірген телехабарлары тереңдігімен, мән-маңызымен ерекшеленіп тұратын. Не жасаса да, біліктілікпен жасайтын. Тілі де төгіліп тұрады. Нұрланның телеарнада жүріп жасаған еліміздің тарландары туралы портреттері өз алдына бір көркем галерея.

Нүрекен кейінгі кезде, ауырып жатып қалғанша ғылыми зерттеулермен айналысып жүрді. Ол да жеміссіз болған жоқ. Бірнеше құнды дүниелер шығарды.

Қайран, Нұрлан досым-ай! Жігіттің сұлтаны, адамның сырбазы еді... Нұрлан ақ көңіл, адал, әділ еді. Азаматтығы зор, адамгершілігі мол, көкірегі көмбе, білім мен білік иесі, жайсаң жан еді. Кез келген тақырыпты саралап, салмақтай білетін. Жауға бірге баратын, жан аяспас дос едік. Есіл дос туралы «еді» деп өткен шақта жазудың өзі қандай қиын еді...

Жарты ғасырға жуық отасқан жары Қарлығаға, Ұлан, Талғат ұлдарына, отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтамыз.

Нұрланның артында қалған шығармашылық құнды мұрасы халқымен бірге жасай береді.

Алдың пейіш, артың кеніш болсын!

Жатқан жерің жайлы болсын!

Бақұл бол, Нұрлан досым!

Қазыбек ИСА

МӘҢГІ ЕСІМІЗДЕСІЗ

Ақын, журналист, өлкетанушы, редактор Нұрлан Әбдібек ағаның да мына жарық жалғаннан татар дәмі таусылыпты. Тұздыбастауда алты жыл көрші тұрдық. Үйіміздің арасында қоршау жоқ кезде әр темекі тартқан сайын кезігіп жүрдік. Әр кезіккен сайын түтіндетіп тұрып талай әңгіме айттық. Түннің бір уағына дейін отырған сәттеріміз де көп болды. Кейінгі жылдары жартылай қалалық болып, одан кейін мұхит

асып кетіп, арамыз алыстанқырады. Сәби, таза қалпынан танбай кетті. Аңғалдығы ғой, менің қалжыңдарымның «құрбаны» болып қала беретін. Жаны нәзік еді, еңкілдеп жылай салатын. «Айналайын» деген сөзін талай естідім. Алтын ағатай, Алла алдыңыздан жарылқасын. Жаныңыз жәннатта болсын, пейіште нұрыңыз шалқысын. Мәңгі есімізлесіз. Жылы жүзіңіз, жұмсақ даусыңыз, жібек мінезіңіз жүрегімізде сақталады. Қош, ағатай.

Бейбіт САРЫБАЙ

ҚУ АЖАЛДЫҢ ЖЫЛДАМЫ-АЙ!

Қайран досым-ай! Осыдан бір ай бұрын ғана көңілің сұрап барғанымызда: «Жақсы болып қалдым. Енді таяғымды тастап, Алматыдағы күллі достарыммен бір дидарласып шықпақпын», – деп отыр едің... Тәңір Тағала дегеніңе жеткізбеді-ай!

Аһ ұрып күрсініп отырмын. Көзімнің жасын тыя алмай жылап отырмын. Жалт өмірдің жарқын сәттері жасты жанарымның алдынан жылжып көшіп жатыр, көшіп жатыр...

Оқуға бірге түскен күндер. Қарлығамен институт қабырғасында отау құрғаның. Алғашқы айтыстарың. Ұзынағаш пен Қаракыстақ арасындағы сейіл-серуендер. Қайтадан Алматыға оралғанымыз. Қазақ теледидарына кара терінді сіңіріп, жаныңды жалдап еңбек еткенің. Қарқара-Албан көтерілісінің 100 жылдығына арнап

7 том еңбекті түн ұйқымызды төрт бөліп шығарғанымыз... Құдай-ау, қайсыбірін айтып тауыса алармыз? Осының бәрі бір күнгідей болмай, зыр етіп өте шығыпты. Өмір дегенің жалған десе, жалған екен-ау!

Мына түннің тым қабаржып тұрғаны-ай!
Ал, тұлдан, Ай, тұлдан, Ай!
Жан-жүрегі жырдан ғана жаралған,
Түн жамылып қайда кеттің, Нұрлан-ай?!

Ай, Нұрлан-ай, Нұрлан-ай,
Қайда асықтың,
Неге асықтың,
Бұл қалай?
Алды-артыңа бір қаратпай әкеткен,
Қу тағдырдың, қу ажалдың жылдамы-ай!
Бақұл бол, жан досым!

Көдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

ЖАРҚЫЛДАҒАН АҚ КӨҢІЛ ЖАН ЕДІ

Белгілі ақын Нұрлан Әбдуәлиұлы Әбдібек ағамыз да бақилық болған екен. 1988 жылы Желтоқсан көтерілісінен соң Алматы құрылысында қол жұмыста жүргенде республикалық «Жігер» фестиваліне қатысатын болып, ақын Ұ.Есдәулет Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінен жұмыстан босататын анықтама алып берді. Сол шара күндері Нұрлан Әбдібек, Қазыбек Иса, Нұрлан Берғазиев ақындармен танысып қайтқан едім.

Нұрланды бұрынырақта Ленин (Республика) сарайындағы қыз бен жігіт айтысында көрсем, кейін екеуіміз Үмбетәлі Кәрібаевтың 100 жылдығына арналған айтысқа бірге қатысып, Нұрлан көбінен оза шапты. Кейін Қазақстан Ұлттық арнасында бірге жұмыс істеп, мен жастардың топтық ток шоуын, ол Жамбылға арналған циклды хабарды жүргізді. Апталық сараптама тізгіні бірде кезекпен маған тиіп, оның хабары жөнінде пікір де айтқанмын.

Телеарнада басшылық жиі ауысып, ондағы ауа райының қайта-қайта құбылуына байланысты екеуіміздің жұмысқа бір кіріп, бір шығып жүрген кезіміз де болды.

Кейін бір көргенде Алматы арнасына жұмысқа қабылданғанын айтты. Бірде Көдек ақынның кешін өткізетінін айтып, театрға шақырғанда оның ұйымдастырушылық қабілетінің де мықтылығын байқадым. Бұл қасиетін айтыс жоқта телевизиялық айтыс өткізіп жүріп те танытқан еді.

Нұрлан талантты лирик ақын ретінде бірнеше жыр мүшәйрасына қатысып, жеңімпаздар қатарынан табылды. Кей сындарда өзі де қазылар алқасында болып, поэзияны әділ бағалауға тырысты. Нұрлан ағамызбен соңғы рет кездескенде жүдеу сияқты болып көрінді. Жарқылдаған ақ көңіл ағамыздың жаны жәннатта болсын демекпін!

Аманғазы КӘРІПЖАН

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі жазушы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметоваға иісі
Талғат ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы ақын, шығыстанушы-ғалым, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Бас директоры Дүкен Мәсімханұлы мен жұбайы, қытайтанушы ғалым Айнұр Әбиденқызына аналары
Мәрбан САУРЫҚҚЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ғалым Сансызбай Мәдиевке иісі
Сағынбай МӘДИЕВТІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қаңтарда туған қаламгерлер!



Сұлтан Жанболатов
(жазушы) 90 жас



Рақым Балабиев
(ақын) 90 жас



Сайын Назарбеков
(ақын) 85 жас



Жақсыгул Қалжанова
(ақын) 75 жас




Әбілсапар Тұрғынбеков
(ақын) 75 жас



Мұхтар Қазыбек
(аудармашы) 75 жас



Әлібек Асқаров
(жазушы)
75 жас



Жамшиджан Розахунов
(ақын) 70 жас



Руза Алдашева (ақын)
60 жас



Жанат Әскербекқызы
(ақын) 60 жас



Ермахан Әбдірахман
(сатирик) 60 жас



Алмас Темірбай
(ақын) 50 жас

Мерейтой құтты болсын, қаламгерлер!

● КІТАП ЖАРШЫСЫ

«БӨДЕС БАТЫР ЖӘНЕ БАСҚАЛАР...»

Тарихшы-этнограф Тоқтархан Кәрімұлы Тезековтың «Найман Бөдес батыр және оның ұрпақтары», «Бөдес батыр және басқалар...» атты екі кітабы жарық көрді.



Автор – Желтоқсан қаһарманы. Алаңда болғаны үшін азап шеккен. Егер ұстанған бағыты бойынша тірлік кешсе, сөзсіз үлкен биікке шығар еді. Қолыңыздағы кітаптар біздің осы ойымызды әбден айқындайды. Ішінде тарихшы-ғалымдық зерттеулер бар, әдебиетші ретінде беретін үлгі нұсқасы және қамтылады. Оның сыртында журналистикаға қатысты жазбалары қаншама. Біз бәрінің басын тоғыстырып, ұсынып отырмыз.

Бұл кітаптарда автордың тарихи-танымдық материалдары және журналистік жазбалары топтастырылған.

Бірінші кітабына өскен-өнген әулеттің әріден өрбіп, бүгінге дейінгі ұрпақтарын түгендейтін материалдар еңсе, екінші кітабында ел мен жерге қорған болған әйгілі Бөдес батырға қатысты зерттеу материалдар мен арнау жырлар жинақталған. Кітаптар көпшілік оқырманға арналған.

Алматы, «Тоғанай Т» баспасының өнімі, 2025 жыл

«СҰҢҚАРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ»

Қарағандыдағы Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада белгілі публицист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Ақпарат саласының үздігі Еркін Мұсабектің «Сұңқардың көз жасы» кітабының тұсаукесері өтті.



Мемлекеттік тапсырыс бойынша 1000 данамен шыққан «Сұңқардың көз жасы» кітабында публицистикалық шығармалар, сұхбаттар, жолжазба және портреттік мақалалар қамтылған. «Сұңқардың көз жасы» кітабы – бүгінгі оқырман үшін ғана емес, келешек ұрпақ үшін де құнды рухани мұра. Кітаптағы эсселер мен портреттік мақалаларда уақыт тынысы, тұлға болмысы, азаматтық биік жауапкершілік айқын сезіледі.

Кітаптағы 1986 жылы тоталитарлық жүйенің құрбаны болған елге танымал қайраткер тұлға Мейрам Абаканов туралы көлемді эссенің тақырыбы кітапқа айдар етіп алынды. Кітапта Қазақстанға және елге танымал тұлғалардың портреттік мақалалары және сұхбаттары бар.

«ТЕРГЕУШІ» РОМАНЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

«Мұқаба» баспасынан жазушы Арман Әлменбеттің «Тергеуші» романы жарық көрді.



Жуырда «Проза» номинациясы бойынша Президенттік арнаулы әдеби сыйлыққа ие болған туындыда шалғайдағы малды ауылдарда орын алған түрлі қылмыстар, адам құқы аяқасты еткен озбырлық пен астамшылық, мамандыққа, адамдыққа адалдық пен әділетсіздіктің кереғарлығы нанымды да шиеленісті түрде суреттелген. Сан қилы болмыс иелерінің психологиялық портреті, алағай да бұлағай ахуалдар барысындағы көңіл күй ауандары кейіпкердің сыртқы тұрпатымен шендестіріле бейнеленген шығармадан заман келбеті мен қоғам көрінісі де менмұндалайды. Шым-шытырық оқиға желісін арқау еткен туынды көпшілік оқырманға арналған.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӨЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН
Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН

Жамбыл облысы
Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӨЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: Жүніс ОМАР

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail: kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:

050009. Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы,

105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Оффсеттік басылым.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.